

«ТҰРАН-АСТАНА» УНИВЕРСИТЕТІ

ИРГЕБАЕВА НАЗИЛЯ МҰҚАТАЕВНА

ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ

Жоғары оқу орындарына арналған

Нұр-Сұлтан, 2019

ӘОЖ 159.923 (075)

ҚБЖ 88.9 я73

И 77

Пікір берушілер:

Н.С. Ахтаева, психология ғылымдарының докторы, профессор;

А.Р.Ерментаева, психология ғылымдарының докторы, профессор;

М.Ә. Перленбетов психология ғылымдарының докторы, профессор

Иргебаева Н.М.

И 77 **Қолданбалы психология: Оқу құралы.** – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» университетінің баспаханасы, 2019.– 180б.

ISBN 978-601-7871-63-5

Оқу құралында практик психологтарды психологияның түрлі салаларында–жас ерекшеліктеріне қарай кеңес беруден бастап, диагностикалық-коррекциялық жұмыстардан маркетинг, жарнама және персоналды түзету бойынша университетте дайындаудың ұйымдастырылған әдістемелік базасы берілген. Оқу құралы жоғары оқу орындарының психологиялық және педагогикалық мамандықтарының студенттеріне арналған.

ӘОЖ 159.923 (075)

ҚБЖ 88.9 я73

«Тұран – Астана» университетінің Ғылыми кеңесінде баспаға ұсынған.

2018 жылғы 27 маусымында бекітілген №11 хаттама

ISBN 978-601-7871-63-5

© Иргебаева, 2019.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ	5
КІРІСПЕ	10
1 - бөлім	12
ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ.	
1-тарау ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯНЫ	12
ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ	
1.1.1 Практикалық психолог қызметінің этикалық және кәсіби ұстанымдары	12
1.1.2 Практикалық психолог қызметінің негізгі бағыттары	19
1.1.3 Қолданбалы психологияны қолдану салалары	23
1.1.4 Ұйым құрылымындағы психолог	27
1.1.5 Қолданбалы психология және бұқаралық ақпарат құралдары	28
1.1.6 Психологиялық қызмет көрсетудегі жарнама және маркетинг	31
1.1.7 Практикалық психологты кәсіби дайындау	34
2 - тарау ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГ КАБИНЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	46
1.2.1 Практикалық психологиялық кабинетінің міндеттері	47
1.2.2 Мектептегі практикалық психолог жұмысының мазмұны	48
1.2.3 Практикалық психолог жұмысын әдістемелік қамтамасыз ету	51
1.2.4 Кабинетті материалдық-техникалық жабдықтау	53
1.2.5 Практикалық психолог жұмысындағы құжаттама	73
II-бөлім ӘДІСТЕМЕЛІК ЖАБДЫҚ, ДИАГНОСТИКАНЫҢ	80
ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ БАҒЫТТАРЫ	
2.1 Психодиагностикалық әдістер	80
2.2. Нәрестенің психикалық даму диагностикасы	83
2.3. Мектепке дайындықты анықтаудың психологиялық диагностикасы	90
2.4 Керн-Йирасектің мектепке дайындықты анықтаудың бағдарланған тесті	91
III-бөлім ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ ШАРАЛАРДЫ	95
ҚОЛДАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ПРИНЦІПТЕРІ	
3.1. Жалпы мәселелер	95
3.2. Тесттік әдістердің сенімділігі	101
3.3. Тесттік әдістегі валидтілік	106

IV-бөлім	ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ	ДАМУДЫҢ	111
ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ			
4.1	Ақыл- ойдың дамуын анықтау тесттері		111
4.2	Р.Амтхауэрдың зияттылық тест құрылымы		112
4.3	Мектептегі баланың ақыл - ойының дамуын анықтауға арналған тест		125
4.4	Тестілеу процедурасы		126
4.5	Е. А. Климовтың дифференциальды-диагностикалық сауалнамасы		145
4.6	Кәсіби қызығушылық пен кәсіби бағыт картасы (А. Е. Голомштоктың модификациялық әдістемесі)		150
4.7	Жетістік мотивациясын өлшеу тест-сауалнамасы (А. Мехрабиан сауалнамасы модификациясы)		159
V	бөлім ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯДА ПСИХОЛОГИЯ-ЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ, ЖӘНЕ КОРРЕКЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР		161
5.1	Психологиялық кеңес беру		161
5.2	Психологиялық коррекция		162
	Әдебиеттер		174

АЛҒЫСӨЗ

Қолданбалы психология – психологиялық ғылым жетістігінің шынайы практикаға ауысуын көрсетеді.

Тұлғаға психологиялық көмек қолдау жасау қолданбалы психологияның маңызды алғышарттарының бірі екендігіне күмән жоқ. Бүгінгі қарама-қарсы мүдделер мен күштердің, көзқарастардың қақтығысы және әлеуметтік өзгерістердің қарқынды дамуында практикалық психология адамның әлеуметтік ортаға бейімденуіне, жеке тұлғалық өмірлік ресурстардың тиімді жолдары мен жинақтау құралдарын іздестіру психикалық денсаулықты сақтауға көмектеседі.

Психологияның қарқынды дамыған саласы теориялық және әдістемелік қамтамасыз етуді, сонымен қатар, оның жұмысына дайындық пен шарттық ұстанымдарымен талаптарын қалыптастыруды қажет етеді.

Оқу құралында практикалық психолог жұмысында кездесетін көп қырлы мәселенің кең ауқымы көрсетілген. Мұнда практикалық психологтарды дарылауға, жұмыстың кәсіби және этикалық ұстанымына, әдістемелік әдіс-тәсілдерді сұрыптау, пайдаланушыға кеңес, сонымен қатар психологиялық қызметті жарнамалау мәселелері, кәсіби және заңнамалық жауапкершілік мөлшері, бұқаралық ақпарат құралдарында психологиялық тесті пайдаланудың заңдылығы т.с.с. талаптар туралы мәселелер қарастырылады.

Оқу құралында практикалық психологтың негізгі бағыттарын және жұмыс түрлерін ашып, сонымен бірге психолог жұмыс орнының қажетті құрал-саймандармен жабдықтауды кез-келген мекеме базасында арнаулы қымбат құрал-жабдық және материалдық шығынды талап етпей жасуға болатын психологиялық кабинет моделі берілген.

Оқу құралы қол жетімді формада және мемлекеттік білім беру стандарты нормаларына сәйкес қолданбалы психологияның ұйымдастырушылық негізіне сәйкес жазылған. Оқу құралында қолданбалы психологиялық білімнің заманауи тенденциясы мен бағыты ғана ашылып қана қоймай, жұмысын жаңа бастаған психолог үшін де тәжірибелі оқытушылар үшін қажетті мәліметтер бар. Оқу құралы кең салалы мамандарға пайдалы, өйткені практикалық психология әдістерімен танысу басқарушылық команданы қалыптастыруға, қызметтің әртүрлі саласында коммуникативтік белсенділікті арттыруға ықпал етеді.

Психологиялық қасиеттерді зерттеу өте күрделі процесс. Зерттеу барысында көптеген психодиагностикалық әдіс-тәсілдер қолданылып, әр адамның психикалық қасиеттерін, күй-жағдайларын, таным процестерін зерттеп, олардың даму деңгейін бағалауға мүмкіндік туады. Сонымен бірге психикалық қасиеттердің нормадан ауытқуларының алдын алу, коррекциялау, кеңес беру т.б. жәрдемді ұйымдастыру да осы ғылым саласының міндеттеріне енеді. Тәжірибелік психологияның қызмет аясы өте кең және әртүрлі болуымен байланысты оның жекелеген салалары пайда болды. Олардың қысқаша сипаттамасы:

Инженерлік психология қазіргі кезде тәжірибелік психологияның ең үлкен салаларының бірі болып отыр. Оның зерттейтін мәселелері ғылым мен техниканың дамуына және техниканы адам өмірінің барлық салаларында кеңінен қолдануымен байланысты туып отыр. Техникалық құрал жабдықтармен жұмыс жасау адам мен машина арасындағы қатынас ерекшеліктерін анықтау және адам ағзасына техниканың тигізетін әсерін бағалауды талап етеді. Сондықтан инженерлік психологияның негізгі мақсаты – адам еңбегіне және денінің саулығына техникалық жабдықтар конструкциясының тигізетін әсерін анықтау, оның икемді болу жолдарын табуға өз үлесін қосу. Қызмет атқару орнының түр-түсі, техникалық құралдардың дизайны адамның психикалық жағдайына үлкен әсері талданған.

Осы ғылыми қағидаларға сүйене отырып, көптеген жұмыс орнын жабдықтау стандарттары анықталған. Қазіргі кезде кеңінен қолданылатын автоматтандырылған басқару жүйесі оператордың сезім мүшелері қызметіне ерекше талаптар қояды. Мысалы, панелде орналасқан өлшеу аспаптарының көрсеткіштерін толық қамту үшін оператор көзінің маршрутын анықтап, барлық жабдықтарды соған сай орналастыру қажет.

Сонымен қатар адамның мағлұматтарды қабылдап, оларды жүйелі түрде талдау, мән-мағынасына түсініп жауап қайтару инженерлік-техникалық кадрлардың сенсорикасының ерекшеліктерімен байланысты. Техникалық құрал-жабдықтар қимыл әрекеттің және жауап реакцияның жылдамдығын талап етеді. Ұзақ уақыт ішінде өлшеу аппараттары көрсеткіштеріне қадалып отыру оператордың қызметінің сапасына теріс әсерін тигізуі мүмкін. Мамандыққа тән аурулардың алдын алу проблемасы, техника мен адам арасындағы қатынасты оңтайландыру және сол сияқты көптеген күрделі мәселелер өзін зерттеуді және мүмкіндігінше тезірек шешуді қажет етіп отыр. Сондықтан инженерлік психология өте тез дамып келе жатқан сала.

Келесі саласы – тәжірибелік педагогикалық психология. Тәжірибелік психология – психикалық қасиеттердің көрініс беруін, даму ерекшеліктерінің сандық және сапалық көрсеткіштерін зерттеп, дамуында ауытқуы бар қасиеттерді өңдеу жолдарын анықтайтын психологиялық ғылымдардың бір саласы.

Тәжірибелік психологияның бұл саласы оқушыларға, олардың ата-аналарына және педагогтарға психологиялық қызмет көрсету жолдарын жан-жақты зерттейді. Психологиялық қызмет көрсету – балалардың психологиялық дамуын диагностикалау, олардың дамуындағы психологиялық ауытқулардың алдын алу, психологиялық кеңес беру, таным процестері мен индивидуалдық - жекелік психикалық қасиеттерді өңдеу, ата-аналарға және педагогтарға психологиялық көмек көрсету мәселелерін шешуге өз үлесін қосады.

Білім беру саласында психологиялық қызмет көрсету қарқынды дамуда. Сөйткенмен ұлттық менталитет, мәдени этникалық ерекшеліктер

мәселесі, оның мазмұнын аңқытау, ұйымдастыру формалары, қолданылатын әдіс-тәсілдері терең зерттеуді талап етеді.

Келесі үлкен мәселе Отбасы психологиясы – салыстырмалы түрде ғылым мен тәжірибеде жас аймақ. Отбасы институтының тарихи уақыты – XIX ғ., оның негізін салған социологтер мен антропологтер болды (1998). Негізінен даму кезеңдерін топтық, жұптық, патриархалды, моногамды деп құрастырды. Отбасы нақты өмірлік құндылықтарды, түсініктерді, қоғаммен өзара қатынаста бағыттар бірлігін білдіретін адамдар бірлестігі немесе мәдени бірлестік болып табылады. Әлеуметтік ортада психологиялық қызмет көрсетудің өзін бірнеше салаға бөліп көрсетуге болады. Қазіргі кезде сұранысқа ие болып отырған отбасына психологиялық қызмет көрсетудің мән-мағынасы өте терең. Отбасындағы тәлім-тәрбиені ұйымдастыру жолдарын ата-анаға үйрету, «қиын» және «қиналып» жүрген ата-аналар мен балаларға тоқыраудан шығу жолдарын көрсету, нашакор, ішкіш, наркомомания тағы басқа нормадан ауытқуы барларға түзету шаралары арқылы көмек көрсету мәселелері психологтің көмегін талап етеді. Медициналық психология – Медициналық психологияның негізгі пәні – ауру адам мен медицина және психологиялық қызмет саласындағы адамдардың өзара қарым – қатынасы. Кез – келген аурудың шығу тегі мен себептері (генезисі); түрлері: эндогендік және экзогендік; соматикалық және психикалық; белгілері (синдромдар мен симптомдары) болады. Медициналық психологияның басты ерекшелігі – бастапқы теорияның негізі мен тәжірибиелік мәселелерінің шешімін енгізумен тығыз байланыстылығында.

Тәжірибелік психологиялық зерттеулер адамзат қанша өмір сүрсе, сонша уақыт дамып келе жатыр деп айтуға болады. Өйткені адам адам болғалы өзінің тәнімен қатар жанының ерекшеліктерін де жете біліп, оны басқару, өндеу жолдарын анықтап алуға құмарлығы өте зор болады. Дегенмен нақты психодиагностикалық зерттеулерді жүргізу әдістері анықталып, жекелік психологиялық қасиеттер ерекшеліктерін анықтау XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап дамып келе жатыр. Бірінші психодиагностикалық зерттеулер психикалық аурулар арасында жүргізілді.

Тәжірибелік психологиялық зерттеу негізін құрушылардың айтуы бойынша, психоз ауруына ұшырағандардың психологиялық қасиеттері дені сау адамдармен бірдей, тек кейбір қасиеттері ерекше дамып, анық байқалатын ауытқуға ұшыраған. Сондықтан оны зерттеу жеңілдеу болды деп көрсеткен. Осындай ерекше дамыған қасиеттерді зерттеу де оңай болатындықтан психологиялық қасиеттерінің даму деңгейін диагностикалау жүргізілді. Тәжірибелік психология дамуындағы бұл кезең клиникалық деп аталады. XIX ғасырдың екінші жартысында жоғары жүйке қызметінің ерекшеліктерінің анықталуы, жүйке жүйесінің функциялары мен психологиялық қасиеттердің байланыстылығы дәлелденуімен темпераментке жан-жақты сипаттама берілді. И.М.Сеченов, И.П.Павлов

жүргізген зерттеулер нәтижесінде олар екінші сигналдық жүйенің, нағыз адамдық қасиеттердің қалыптасуына негіз болатынын анықталды. Бұл кезді, тәжірибелік психологияның дамуына физиологтардың қосқан үлесін ескере отырып, психофизиологиялық кезең деп атауға болады. Индивидуалдық (жекелік) психологиялық қасиеттерді зерттеу тестілерін қолдану Франция, Германия т.б. елдерде де ХІХ - ғасырдың аяғында кеңінен орын алды. Психологиялық зерттеу жүргізуге қолданыла бастаған әдістерді 1870 жылы Ф.Гальтон тест деп атауды ұсынды. Осы кезден бастап қабілетті зерттеу арқылы адамның мүмкіндігін анықтауға қызығушылықты қанағаттандыру мақсатымен Франция, Германия, АҚШ, т.б. мемлекеттерде психологиялық зертханалар ашылып, барлық талапкерлердің іс-әрекет түрлеріне икемділігін анықтауға бағытталған зерттеулер кеңінен қолданылды. Ф.Гальтонның ұсынысы бойынша тест көмегімен өлшенген қасиеттердің бір-бірімен коррекциялық байланысы бар екендігі ескерілді.

Психологиялық зерттеулерде математикалық және статистикалық тәсілдерді қолдану үшін математиктер: Т.Парсонс, Р.Фишер, К.Спирмен шақырылды. Р.Фишер дисперсиялық талдауды, ал К.Спирмен – факторлық талдауды психологиялық зерттеуде қолдану жолдарын анықтап берді. Р.Фишер ұсынған дисперсиялық талдау әдісі көмегімен жеке факторлардың эксперимент нәтижесіне тигізетін әсерін статистикалық жолмен анықтауға мүмкіндік туды. Ал К.Спирмен жасаған көп өлшемді факторлық талдау әдісінің көмегімен бір-бірімен коррекциялық байланысы өте төмен көрсеткіштер анықталып, олардың байқалуын статистикалық жолменен талдауға жол ашылды.

Келесі кезеңде Г.Айзенк және Р.Кеттел факторлық талдауды индивидуалдық психологиялық қасиеттерді зерттеуге қолданды. Осы кезден бастап жеке адамның психологиялық қасиеттерін толық өлшеп психологиялық кескінін жасауға, барлық кісілік психикалық көрсеткіштерін бір-бірімен ұштастырып анықтауға жол ашылды. Сонымен қатар интеллектуалдық қасиеттерді зерттеу тестері кеңінен қолданыла бастады. 1905-1907 жылдары француз ғалымы А.Бине статистикалық жағынан негізделген интеллектуалдық тест жасап шығарды. Ұсынылған тәсілді өңдеуге Т.Симон өз үлесін қосып, психодиагностикада бұл әдістеме Бине-Симон шкаласы деп қолданыла бастады.

Өткен ғасырдың 20-шы жылдары индивидуалдық қасиеттерді зерттеуге және интеллектуалдық қасиеттерді анықтауға арналған тесттердің көптеген түрлері құрылды. Оларды қолдану арқылы жеке тұлғаның психологиялық қасиеттерін жан-жақты талдауға мүмкіндік туды. Сонымен қатар топтағы адамдардың өзара қарым-қатынасын зерттеуге арналған Я.Мореноның социометриялық зерттеу әдісі, К.Левиннің өлшеу әдістемелері, Я.Коломенскийдің ұжымның қалыптасу деңгейін бағалау тестері кеңінен қолданылады. 50-60 жылдары психологиялық зерттеулерге қызығушылық күшейіп,

психодиагностикалық зерттеулер саны және диагностикалық әдістер көбейе түседі. Көптеген мемлекеттерде психологиялық зерттеу орталықтары, мамандыққа баулу кабинеттері, мамандыққа жарамдылықты анықтау қызметін көрсететін кеңселер, жеке адамды мазасыздану жағдайынан шығару шараларын ұйымдастыратын орталықтар ашылды. Тәжірибелік психологияның дамуындағы бұл кезең *психодиагностикалық* деп аталады.

Қазіргі кезде психологиялық зерттеулердің нәтижелері адам өмірінің барлық салаларында кеңінен қолданылуда. Психологиялық қызмет көрсету жүйесінің дамуын өмірдің көптеген орындары талап етіп отыр. Сондықтан психологиялық қызметті білім беру жүйесіне және әлеуметтік орта ерекшеліктеріне икемдеп ұйымдастыру бүгінгі күн талабы дей аламыз.

Оқу құралында әртүрлі психодиагностикалық әдісті қолданылудың процедуралық ерекшеліктері анық айтылған. Әдістемелік жұмыстардағы жүйелілік, қолданбалы психологияда қолданылатын диагностикалық құралдар оқу құралының толыққандылығын қамтамасыз етіп, нақты дидактикалық қызметін арттырады. Осының бәрі оқу құралының тиімділігін, болашақ психолог-практик, мектеп психологы, әлеуметтік және кадрлық қызмет қызметкерлерін дайындауда қажеттілігін көрсетеді.

КІРІСПЕ

Қолданбалы психологияның міндетіне – жасөспірім, бала-ата-ана, отбасылық мәселелер немесе іскерлік әлемдегі қатаң кәсіби сұрыптау мен бәсекелестік сияқты күрделі өмірлік жағдайда адамға көмек көрсету жатады. Сонымен қатар психологиялық көмек көрсету және халыққа қолду көрсету мүмкіндіктері біздің елімізде ондаған жыл бұрын шынайы іске аса бастады. Психология «көмектесетін» кәсіптердің біріне айналды. Оның негізгі мақсаты – адамға әлеуметтік тұрақсыздықтың қиын жағдайында бейімделу, жағдаятқа әр қырынан қарау, оны шешудің баламалы жолын, өзгерту мүмкіндіктерін табу.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының салдары қазіргі таңда халықты әлеуметтік және психологиялық қолдау талабынан көрінеді. Психологиялық қызметтің ашық жүйесін құру көптеген міндеттер қойды, олар: жалпы психологиялық қызметті жекелей алғанда практикалық психологтың негізгі ұйымдастырушылық жұмыстарын даярлу қажеттігі, оларды әдістемелік материалмен, қажетті құрал-сайманмен қамтамасыз ету, әлеуметтік жабдықталған жұмыс орындарын жобалау.

Оқу құралы практикалық психологтың қызметін ұйымдастыру саласында жинақталған тәжірибені ғылыми-теориялық, әдістемелік және диагностикалық-түзетуші қызметті зерттеу мен жүйелеу талпыныстарының нәтижесі.

Соңғы уақытта көптеген елдерде қолданбалы психология бойынша көлемді зерттеулер жүргізіліп, әлемдік психологияның әртүрлі өзекті мәселелері бойынша өз журналдарын шығаратын симпозиумдар мен халықаралық конгресс ұйымдастыратын ондаған халықаралық психологиялық қауымдастық құрылды. Осындай зерттеулер бір жағынан, заманауи қоғамның өмір шынайылығы мен адам тіршілігінің психологиялық талдауы, олардың мәселелерін шешу жолдарын іздестіру, екінші жағынан практикалық психологияның методологиялық негіздерін кеңейтуге арналған арнайы, ғылыми кроссмәдени мәліметтер базасын құрастыра алады. Бұл салада әр ұлттың менталділік және тарихи салт дәстүрлеріндегі айырмашылық жатуы мүмкін, мысалы, бала-ата-ана қатынасы: қазақ отбасында олар бала мен ата-ананың симбиозы ретінде сипатталса, американдық және еуропа мәдениетінде дамудың біршама автономиясы тән. Жоғары техникалық жабдықталу мен мол мүмкіндіктерге қарамай батыстық практикалық психология мектептері өкілдерінің мойындауынша көптеген өзекті мәселелерді шешуде біршама қиындыққа ұрынады [Бурменская, Карабанова, Лидерес, 1990]. Қандай да бір теориялық позиция немесе әдістердің артықшылығы туралы куәлендіретін жетістіктер көптеген жағдайларда даусыз болмайды.

Практикалық психологтарды арнайы даярлуға мемлекеттік білім беру стандарты ұстанымдарына жауап беретін кешенді іргелі бағдарламалар базасында жүйелі оқуына негізделуі қажет. Осындай әлеуметтік тапсырысты қолданбалы психологияның әртүрлі салаларында

шектескен жақсы ұйымдастырылған ғылыми-әдістемелік базасы болмаса іске асыру мүмкін емес. Жастық-психологиялық кеңес беру және диагностикалық-түзетуші жұмыстан маркетингтен, жарнама мен қызметкерлерді басқару психологиясына дейін қамтылады. Оқу құралы қолданбалы психологияның қызметін жаңа бастаған психологқа көмек көрсету және қолдаудың базалық дағдыларын игеріп, психопрофилактикалық, психотүзетуші және психотерапиялық жұмыс әдістерін игеруге мүмкіндік береді.

Ұсынылған оқу құралы – эмпириялық және қолданбалы материалды топтау, жалпылау, психологиялық көмектің жинақталған тәжірибелерін талдау, оны ұйымдастырудың теориялық және әдістемелік негіздері практикалық психологтарды даярлау саласында оқу-әдістемелік әдебиеттің олқы жерлерін толықтыруға көмектеседі.

1 - бөлім ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қолданбалы психологияның қарқынды дамуы және соңғы жылдары жинақталған адамдарға психологиялық көмек көрсетудегі теориялық және практикалық тәжірибе эмпирикалық материал, әдістемелік тәсіл мен жұмыс тактикасын ой елегінен өткізу қажеттігін көрсетті. Қолданбалы психология өзінің дамуында жаңа кезеңге өтуінде практикалық психологтың кәсіби қызметінің біртұтас тұжырымдамасын жасаумен байланысты ұйымдастырушылық мәселелер мен практикалық психологияның ұстанымдары да, сонымен қатар оның бағыттары мен жекелей түрлері маңызды аспект болып табылады. Осы мақсатта оқу құралында психологиялық білімді нақты психологиялық көмек көрсету тәжірибесіне енгізу жолдарын ашу қажеттігі айқындалған. Құралда практикалық психолог қызметінің ұйымдастырушылық жағына баса назар аударылған. Өз қызметін неден бастау қажет? жұмыс орнын қалай ұйымдастыру қажет? Клиенттерді қалай табу қажет? Диагностикалық аспаптарды қалай дұрыс пайдалануға болады? Оқу құралында осы сұрақтарға жауап осы бөлімінен табылады.

1-ТАРАУ ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Қолданбалы міндеттерді шешу теориялық білімді қолдана білумен ғана шектелмейді. Сонымен қатар практикалық психологтың қызметін ұйымдастыру ұстанымдарын түсіну, оның ішінде құжаттаманы рәсімдеу мен жүргізу ережелерін сақтай отырып, этикалық және кәсіби ұстанымдарды, практикалық психологияның қолдану аясын және негізгі бағыттарын анықтау қажет. Бұл мәселелер осы тараудың мазмұнына енген.

1.1.1. ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЭТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҰСТАНЫМДАРЫ

Практикалық психолог қызметінің ерекшеліктері басқа адамдармен кәсіби өзара байланыста жауапкершілік пен міндеттемелік негіз болатын ұстанымдардың маңыздылығы мен қажеттегін анықтайды. Әлемнің көптеген елдерінде психологтың кәсіби қызметін реттейтін Этикалық кодекс бар. Осы кодекс мазмұнындағы стандарт пен талаптардың бұзылуы психологтың лицензиядан, дипломнан, психологиялық қызмет көрсету және жеке практика жүргізу құқынан айрылуына әкеліп соқтырады.

Бұл теориялық, әдіснамалық, әдістемелік көмек көрсету, мемлекеттік, сот және өзге де органдарда өз мүшелерінің мүддесін қорғауға дайын тұратын, сонымен қатар өзі қабылдаған Этикалық

кодекстің сақталуын бақылайтын қазақстандық психологтардың кәсіби қауымдастығы жұмыс жасайды.

Практикалық психолог жұмысының негізгі этикалық және кәсіби ұстанымдарды құрастыру жұмыстары психологияда үнемі назарда. Практикалық психолог жұмысының негізгі этикалық және кәсіби ұстанымдарын жинақтау Ресейлік психологтар: В.В.Столина, Ю. Е.Алешина, И.В.Дубровина, Г.В.Бурменский, О.А.Карабанова, А.Г.Лидерс еңбектерінде қарастырылған. Әрбір автор психологтың арнайы қызметі мен ұстанымдарын психологиялық қызметтің әрбір саласы мен әртүрлі бағытында қарастырған.

Мысалы, В.В.Столиннің жұмысында отбасылық кеңес беру саласында жұмыс жасайтын психолог қызметінің жалпы ұстанымдары жинақталған:

1. Мәтін мазмұнын талдау ұстанымы.
2. Стереоскопиялық диагноз ұстанымы.
3. Нақты кеңес беруден бас тарту ұстанымы.
4. Жүйелік ұстанымы.
5. Клиентті құрметтеу ұстанымы.
6. Кеңес берушінің кәсіби мотивтендіруші ұстанымы [Столин, 1987].

Бұдан ары қарай өзіндік тәжірибеге сүйене отырып, психологтар айқындалған ұстанымдардың біразын сипаттап осы тізімді толықтыра алады.

Ю.Е.Алешина «Жеке және отбасылық психологиялық кеңес беру» атты жұмысында жеке және отбасылық кеңес берудің негізгі ұстанымдарының тізімін ұсынады. Кейбір этикалық талаптар, оларды психолог-кеңес беруші жұмысында сақтау маңызды болып саналады, олар:

1. Клиентке жылы және кемсітпей қарау.
2. Клиенттің нормасы мен құндылығын бағдарлау.
3. Кеңес беруге тыйым салу.
4. Құпиялылық.
5. Жеке және кәсіби қатынасты шектеу.
6. Клиенттің кеңес беру процесіне қосылуы [Алешина 1994].

Практикалық психолог қызметінің ұстанымдары И. В. Дубровинаның басшылығымен ұйымдастырылған шығармашылық ұжым мүшелерінің тұжырымдамаларында айтылған. Олардың пікірінше психолог төмендегідей талаптарды орындауы қажет:

«1. Әр мемлекеттің білім беру саласындағы заңдарын, біздің жағдайымызда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Республиканың заңнамасын, халықаралық және Қазақстандағы балалардың құқы мен дамуын қорғау туралы актілерді, ҚР Білім және ғылым министрлігінің және облыстық білім беру департаменттерінің нормативтік құжаттарын басшылыққа алады. Білім берудің психологиялық қызметі туралы Ережені басшылыққа алады.

2. Өзінің кәсіби құзыреті аясында шешім қабылдау, мәселені қарастыру. Заманауи психологиялық ғылым мен практика тұрғысынан орындалмайтын, сонымен қатар басқа мамандық өкілдерінің құзыретіне кіретін мәселелерді шешуді өз мойнына алмау.

3. Психологиялық ғылым, балалар және педагогикалық психология, практикалық психологияның жаңа жетістіктерін білу. Диагностикалық, дамушы, психокоррекциялық, психопрофилактикалық жұмыстың заманауи негізделген әдістерін пайдалану. Әрдайым өзінің кәсіби біліктілігін көтеру.

4. Сәйкес кәсіби дайындығы жоқ біліксіз тұлғалардың психопрофилактикалық, психокоррекциялық және өзге де жұмыс түрлерін жүргізуіне қарсы болу.

5. Барлық сұрақтарды шешуде баланың мүддесін, оның толыққанды психологиялық дамуын ескерген дұрыс.

6. Аумақтың, оқу-тәрбие мекемесінің әкімшілік және педагогикалық ұжымына баланың толыққанды психологиялық дамуына байланысты қажетті және ықтимал көмек көрсету. Балалардың жеке мәселелерін шешуде қажетті әрі ықтимал көмектерді көрсету. Ата-аналарға немесе оларды алмастыратын тұлғаларға олардың тәрбиелеуші ретіндегі мәселелерін шешуге көмек көрсету. Барлық мәселелерді талқылау барысында нақты жағдайды ескеріп, «Зиян келтірме!» ұстанымын басшылыққа алу, яғни балалардың, ата-аналардың, педагогтардың және үшінші тұлғалардың денсаулығына, ар-ұжданына, абыройына нұқсан келтірмейтін формада шешім қабылдау және жұмыс жүргізу.

7. Диагностикалық, консультативті және өзге де жұмыс түрлерінен алынған мәліметтерді таратпау, кәсіби құпияны сақтау, егер педагогикалық, медициналық, әлеуметтік немесе өзге де психокоррекциялық аспектіні іске асыруға қажетті болмаса таратпау қажет.

8. Оқу-тәрбие мекемесінің білім беру, әкімшілік және педагогикалық ұжымын осы құжаттың 7 тармақшасын сақтай отырып, жасалған жұмыстың міндетін, мазмұнын ашатын және нәтижесі туралы ақпарат беруі қажет.

9. Бекітілген формада барлық жұмыс түрі бойынша жазба жазып, тіркеу» [Дубровина және т.б., 1997].

А. А. Бодалев пен В. В. Столин редакциясын басқарған «Жалпы психодиагностика» оқулығында психологтардың психодиагностикалық жұмыстарының кәсіби-этикалық халықаралық стандарттарына сәйкес 10 ұстанымы қамтылған:

- «1) жауапкершілік;
- 2) құзыреттілік;
- 3) этикалық және заңнамалық құқық;
- 4) психологияның білікті ұраны;
- 5) құпиялылық;
- 6) клиенттің ауқаттылығы;
- 7) кәсіби кооперация;

- 8) клиентке тексеру мақсаты туралы хабарлау;
- 9) тексерудің моральді-позитивті әсері;
- 10) азаматтық және патриотизм» [Общая психодиагностика, 1987, с. 22].

Практикалық психолог жұмысының аталған қағидаларын жалпылай отырып, кәсіби –психолог үшін жүзеге асыруда міндетті болып табылатындарын бөліп көрсетудің мәні ерекше. Психологтардың Этикалық кодексі мазмұнында практикалық психолог жұмысының барлық саласы мен кәсіби тәжірибесінің тиімділігінің кепілі болып табылатын әмбебап сипаттағы өте қажет талаптар мен қағидаларды сақтау қажет. Сол қағидалардың ішінен мыналарды атап көрсетуге болады:

Адамның негізгі құқы мен беделін құрметтеу

Клиенттің жағымды жағдайда болуына қамқорлық жасау.

Құзырлылық.

Адалдық.

Екіжақтылық қатынасқа тиым салу

Жауапкершілік.

Адамның негізгі құқы мен беделін құрметтеу.

Психологиялық практиканың ең негізгі шарты–әр тұлғаның ерекше, қайталанбастығын тану, мойындау.

Психолог әркімнің жеке өмір сүруге құқын сиялды. Оның құқын конфиденциалдық, өзін - өзі анықтау және автономиясын сақтаудағы кездесетін қайшылықты жағдайларды шешуге заңды, кәсіби немесе басқадай кедергілерді шешуге көмектседі. Психолог мәдени, индивидуалдық және жас ерекшелік, жыныстық, нәсілдік, этникалық және қай ұлтқа жататыны, діни сенімі, сексуалдық бағдарын, әлеуметтік-экономикалық статусына және ролдеріне қарай т.б., психолог осы факторларға негізделген сенімдерін өз кәсіби қызметінде бақылай алуы тиіс.

Клиенттің жағымды жағдайда болуына қамқорлық жасау. «Залалыңды тигізбе!» – дәрігерлік практиканың негізгі принциптеріне ұқсас бұл ереже психологтың әрбір әрекетін, кәсіби қатынасын реттейтін негіз болып табылады. Психолог өз жұмысында клиенттің, оның туыстарының және басқа да оған қатысты тұлғалардың пайдасы мен құқығына зиян тиетіндей жағдаятта ой елегінен өткізіп, жауапкершілікпен шешім қабылдауға тырысуы керек. Психологиялық әсерде қатынасушы жақтардың біріне тиетін зияннан құтыла алмайтын жағдайда психолог өз әрекетінің стратегиясы мен тактикасын ойластырып, жағымсыз жағдайды барынша азайтуға тырысуға міндетті.

Қүзіреттілік. Психолог өзінің кәсіби құзіреттілігінің кейбір шектеулерін мойындай отырып жұмысында жоғары құзіреттілік стандартын ұстануға тырысуы қажет. Психологтың кәсіби біліктілігі, білімі туралы құжаттары, психологияның нақты қолданбалы саласынан өткендігі туралы құжаттары, психологияның нақты қолданбалы саласынан

өткен тренингтері, шеберлік класы туралы сертификатты, маман башылығымен немесе супервизор бақылауымен жинақтаған сол бағыт және сол техника бойынша шынайы жұмыс тәжірибесі болғанда ғана қандай да бір қызмет түрі мен әдістерді пайдалана алады. Мойындалған кәсіби стандарттар өңделмесе психолог мұқият әрекет етіп, өзі жұмыс жасайтын адамды қорғаудың ықтимал шараларын пайдалануы қажет. Практикалық психологтар ғылыми және кәсіби ақпарат саласында хабардар болудың жоғары деңгейін ұстанып, үздіксіз білім алу қажеттігін және өз біліктілігін үнемі көтреуі қажеттігін, ғылыми семинарлар мен конференцияларға қатысып ғылыми мақалалар жариялау қажеттігін мойындауы қажет.

Адалдық. Өзінің кәсіби қызметінде психолог өзіне және өзі кәсіби байланысқа түсетін тұлғаларға адал болуы қажет. Өзінің біліктілігі, қызметі, төлемі туралы ақпарат бергенде, жалған, өтірік және клиенттерге күмән туғызатын өтініш жасауға құқы жоқ. Осындай ұстаным практикалық психолог білім беру қызметін, тренинг, шеберлік-класын өткізу кезінде де маңызы зор.

Психолог өзінің практикасы нәтижесінде маңызды әсер ететін құндылықтар, мүддесі мен қажеттілігі жүйесін, сонымен қатар тұлғаның ерекшелігі немесе кәсіби дайындығымен байланысты шектеулерді түйсінуге талпынуы қажет. Психолог өзінің кәсіби өзара әрекеті саласына енетін қызметі, кәсіби мамандануы және өзінің қызмет ету бағыты, сонымен қатар мүмкіндігі, міндеттемесі және психологиялық әсердің салдары мен нәтижесі үшін жауапкершілік шегі туралы мүдделі тұлғаларға түсіндіруі қажет.

Екі жақты қатынасқа тосқауыл. Өзінің практикалық қызметін іске асыра отырып психолог басқа кез-келген байланыс пен қатынастан (жеке, туыстық, жыныстық) кәсіби қатынастың тазалығын сақтауға міндетті. Осыған байланысты туысына, досына, қызметкерге практикалық психологтан тәлім алатын студенттерге психологиялық кеңес беру тиімді болмайды, өйткені, кәсіби емес стереотиптерден осындай қатынас барысында бас тарта алмайды, жұмысына араласқан соң оның тиімділігіне де маңызы әсер етеді.

Психолог клиентімен жыныстық қатынасқа түсуіне болмайды, өйткені ондай қатынас психологтың әлеуметтік рөлін орынсыз пайдалануын көрсетеді. Психологтан көмек сұрай отырып клиент өзінің сезімі, қиялы, құпиясы мен тілегі, оның ішкі жыныстық сипаттағы тілегін ашық айта отырып, ол қорғанышсыз «әлсіз» болады, осыны психолог сезініп, өз практикасында оған жол бермеуі тиіс. Кейде клиенттер психологты идеал ретінде санайды, психолог оның жанын түсінетін және барлық мәселені шешетін жалғыз адам болып көрінеді. Осындай жағдайдың салдарынан клиентте онымен жақындасу жыныстық қатынасқа түсуге құмартады, осындай қатынас тудырғысы келеді. Бірақ, кәсіби байланыстың жыныстық байланысқа ауысқан жағдайда бұдан әрі

психологиялық көмек көрсету мүмкін болмайды, өйткені, психолог жағдайды объективті талдау қабілетінен айрылды, ал клиент болса осындай өзара байланысқа тәуелді болып қалады.

Психологиялық міндетті шешуден тыс жататын экономикалық қатынас та кәсібилік болмайды, мысалы, психологиялық көмекті айырбас негізінде жасау. Психолог клиенттен немесе оның туыстарынан психологиялық қызмет ақысының орнына тауар, қызмет, бірге саяхаттау, круиз немесе өзге де сенімсіз сыйақы алуына болмайды, өйткені осындай шаралар дау-дамай туғызып, кәсіби қатынастың қанау мен бұзылуын туындатуға себеп болады.

Жауапкершілік Жоғары кәсіби стандартты ұстана отырып, өзінің кәсіби рөлі мен міндетін түсіндіре отырып, психолог өзінің мінез-құлқына толық жауапты болады.

Осындай жағдайда егер осыны клиент мүддесі талап етсе психолог мейлінше білікті психологпен, өзге маманмен кеңесе алады немесе сәйкес институт пен мекемеден көмек сұрауға міндетті. Психолог тек клиент алдында ғана емес, сонымен қатар кәсіби қауымдастық алдында жауапты, осыған байланысты, оның біліктілігіне нұқсан келтіретін және психология мен психологиялық практикаға сенімін төмендететіні айтылып, іс-әрекет, қимылдан қашқақтауы қажет.

Психолог жалпы қоғам алдындағы жауапкершілігін ұмытпауы керек. Оның практикалық, ғылыми және зерттеу қызметінің барлығы әрбір тұлғаның ауқаттылығы мен әл-ауқатын жақсартуға бағытталуы тиіс. Психолог қоғамды ыдырататын, тұлғаның әлеуметтік, ұлттық және жыныстық белгісі бойынша дискриминациясына, тұлғаның құқын аяққа таптайтын, жеке әлеуметтік топтың жағымсыз бағалау көздеріне айналатын бұқаралық айтылмдардан қашқақтағаны дұрыс.

Жоғарыда айтылған ұстанымдарды сақтау практикалық психологтың кәсіби қызметіндегі ықтимал мәселенің алдын алады және этикалық тұрғыдан кереғар жағдай туындаған жағдайда шешім қабылдауды жеңілдетеді. Бірақ психолог түсетін қарым-қатынастың әртүрлілігі кәсіби кодекс талаптарымен шектелмейді. Кеңес берушілердің көпшілігі өзінің құндылық бағыты бар, өзінің құрылымы мен бағыныштағы мекемелерде (аурухана, орталық, мектеп, жеке қызмет, агенттік және т.б.) практика жүргізеді. Қандай да бір ұйым құрылымында жұмыс жасайтын психолог оның қызметкерлерінің мінезін реттейтін талаптар мен ережелерге бағынуы тиіс. Нақты бір әлеуметтің мүшесі және нақты бір мемлекеттің азаматы бола тұрып, психолог өзінің кәсіби мінез-құлқын қоғамда қабылданған нормамен, сонымен қатар, аймақтық және федеральды заңдармен, сондай-ақ қылмыстық кодекс баптарымен үйлестіруі керек. Сонымен бірге, өзінің кәсіби міндетін шешуде өзге адамдармен өзара байланысқанда психолог жалпы адамзаттық құндылық пен идеалға бейімделеді. Психологтың кәсіби қызметін реттейтін осындай нормативтік құндылық жүйесінің көп деңгейлілігі этикалық дилемманың пайда болу

себебі болады, осындай кәсіби ұстанымдарды сақтау психолог жұмыс жасайтын ұйым өмірінің ережелеріне, қоғамдық нормаға немесе тіпті қылмыстық кодекске қарама-қайшы болады. Этикалық қақтығыс жағдайында мінез-құлықтың дайын әрі әмбебап алгоритмі жоқ, әрбір нақты жағдайда психолог бірегей шешім табуы қажет.

Осындай мәселелік жағдаяттан шығу тиімді әрі оңтайлы болу үшін психолог төмендегілерді ескергені дұрыс:

Бәрінен бұрын психолог өз клиентінің қауіпсіздігін, оның психологиялық және физикалық ауқаттылығын сақтау, сонымен қатар, осы жағдайда мүдделері қаралған басқа адамдардың қауіпсіздігі мен ауқатының қауіпсіздігіне қамқорлық жасау керек.

Егер осы мәселені шешу қандай да бір тарапқа зиян келтірмей шешу мүмкін болмағанда психолог зиян аз келетін нұсқаны ойлап табуы қажет.

Психолог барлық дау-дамай туғызатын мәселелерде мүдделі тұлғаларға кәсіби кодекстің негізгі ұстанымдарын және оны сақтау қажеттігін жеткізуі қажет. Мысалы, психолог қызмет жасайтын кәсіпорын басшысының бұйрығы, өтініші немесе тапсырысы кәсіби этика нормаларына қарама-қайшы болса бәрінен бұрын кәсіби ұстанымдарға қатысты мәселелерді анықтау, онымен байланысты психологтың жауапкершілігі, оның рөлі мен міндеті жайлы түсіндіруі қажет.

Егер мүмкіндік болса, бәрінен бұрын нақты шешім қабылдап, этикалық мәселелерге қатысты хабары мол басқа психологпен, мемлекеттік немесе басқа психологиялық ұйымдармен, өзге де құзіретті органдармен кеңесуі қажет. Мысалы, клиенті жасалған немесе жоспарланған қылмыстық әрекеті туралы хабардар етсе, психолог билік орындарына жеткізбесе қылмыстық кодекстің бір бабын бұзады, екінші жағынан азаматтық борышты орындау клиенттің құпиялылыққа деген құқының сақталмауына әкеліп соқтырады.

Психолог өзі қабылдаған шешім үшін және сол шешімнің ықтимал салдары үшін толықтай жауапқа тартылады.

Психолог көмек көрсету практикасында ұсынып отырған «Ұйымдастырушылық мінез-құлық негіздері» (Basic Organizational Behavior, 1995) пайдалы тәсіл болады. Онда когнитивті-бихевиористік тұрғыдан дайындалып, күрделі этикалық дилемманы шешудің кадамдық процедураларының алгоритмі көрсетілген:

Бірінші. Дилемманы тану және анықтау.

Екінші. Ықтимал дәлелдердің барлығын алу.

Үшінші. Сіздің таңдау нұсқаңыздың барлығын санау.

Төртінші. Үш сұрақ қоя отырып әрбір нұсқаны тексеру.

«Бұл заңды ма?»

«Бұл дұрыс па?»

«Бұл пайдалы ма?»

Бесінші. Шешім қабылдау.

Алтыншы. Екі сұрақ қоя отырып шешімді екі рет тексеру:

«Егер менің отбасым менің шешімім туралы білсе, мен қандай сезімде боламын?»

«Егер менің шешімім туралы жергілікті баспада басылатын болса мен қандай сезімде боламын?»

Жетінші: Әрекет ету

Жоғарыда келтірілген практикалық психолог қызметін ұйымдастырудың этикалық және кәсіби ұстанымдар жеке кәсіби-психолог жұмысының деңгейі мен сапасын анықтайды. Сонымен бірге практикалық психолог қызметінің әрбір бағыты осы ұстанымдарды түсіну мен қолдануда өзінің ерекшелігін көрсетеді.

1.1.2. ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Практикалық психолог – психология ғылымының салыстырмалы түрде жас тармағы. Бірақ, психологияның қолданбалы саласы ретінде және білім беру, әлеуметтік жұмыс, басқару және т.с.с. салада мамандарды даярлау және қайта даярлау жүйесінде оқу пәні ретіндегі тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Практикалық психологияның дамуы, бір жағынан психологиялық ғылымның көп салалы дамуымен, яғни психологиялық білімнің әртүрлі жеке салалар бойынша, оның ішінде экопсихология, психофармакология, иронтопсихология, акмеология, басқару психологиясы және бірқатар басқа салаларда дифференциациялануы салдарынан іске асты, екінші жағынан, практикалық психология әлеуметтік тұрақсыздық, ұлтаралық қақтығыс, тоқырау және апаттық сипаттағы оқиғалар жағдайында қоғамның әлеуметтік тапсырысына жауап беретін, нақты іс әрекет.

Қолданбалы психологияның қалыптасуы психологияның мақсаты, жалпы, жастық, әлеуметтік психология, педагогикалық психология және тұлға психологиясы сынды іргелі салаларымен тығыз байланысты, оның негізіне психологиялық танымның теориялық ұстанымдары мен әдістері, тіршілік ету заңнамасы мен психологиялық шынайылықтың дамуы жатады.

Қолданбалы психологияның негізгі міндеттері – бұл тек психикалық шынайылықты тану ғана емес, сонымен бірге өмірлік мәселелерді шешуде қиындыққа ұрынған, әлеуметтік және табиғи аномалия мен апатты басынан кешетін, тіршілік етудің оңтайлы жағдайын ұйымдастыруда жағымды әлеуметтік және психологиялық бейімденуге ықпал ететін, ауырлықты жеңілдететін және жанын жаралаған жағдай салдарынан жараланғаннан кейінгі жүйке жұқаруын басынан өткерген тұлғаға практикалық көмек пен психологиялық қолдау құралдарын туындату болып табылады.

Бұл қолданбалы психология туралы жалпы түсінік бізге психологиялық ғылымның қолданбалы саласы ретінде практикалық

психологияның нысанын сипаттауға мүмкіндік туғызады.

Қолданбалы психологияның нысанына нақты бір психологиялық қиындық және нақты өмірлік мәселелерді шешуде қиындық туғызатын, тоқырау немесе апаттық сипаттағы қайғыны, мұңды басынан өткізген индивид, жеке тұлға жатады.

Практикалық психологтың кәсіби қызметінің шынайы өніміне клиентпен бірге әлеуметтік өзара байланыс жүйесі мінез-құлық бағдарламасы арқылы талықланып туындап, оңтайлы өмірлік жағдайды қамтамасыз етіп, басынан өткерген өмірлік қиындық пен мәселенің жағымсыз салдарн жастық мүмкіншілікпен және жеке-тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес бейтараптандырады.

Практикалық психолог клиентті оның мақсатына бағыттайды., мәселені жан-жақты қарауға көмектесіп, мәселені шешудің оңтайлы тәсілін таңдауға, жанын жарақаттайтын жағдайдан шығуға көмектеседі. Дағдарыстың әлеуметтік өзара әрекетпен шешу жолдарын іздестіру, сонымен қатар нақты тапсырыстармен жұмыс түрлері, практикалық психолог қызметінң нақты бағыттарын құрайды.

Әртүрлі әдеби бастауларда сипатталып ұсынылған практикалық психолог қызметінің әртүрлі бағыттарының арасынан төмендегілерді ерекше айтуға болады:

Психодиагностикалық жұмыс;

Психологиялық кеңес беру;

Психотерпиялық әсер ету;

Түзету-дамыту қызметі;

Психопрофилактикалық жұмыс.

Психодиагностикалық жұмыс. Психологиялық диагноз қою – практикалық психологтың алдында тұрған міндеттердің бірі. Психологиялық диагностика кең әрі тар мағынада түсініледі. Кең мағынада ол өзгерістің барлығымен немесе жеке ерекшеліктерді және психологиялық білімді пайдалану практикасын өлшеу туралы ғылым психометрияға жақындастырылады. Тар мағынада ол тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктерін өлшеуге саяды, оның негізіне адамдарды психологиялық және психофизиологиялық белгілер бойынша топтастыру мен ранжирлеу жатады (Гуревич және т.б. 1981). Психологиялық диагностика психодиагностикалық құрал-сайман мен әдістерді біріктіріп пайдалануға сүйенеді, ол алынған мәліметтердің сенімділігі мен шынайылығын қамтамасыз ететін заманауи статистикалық құрылғыны пайдалануды іске асыруға мүмкіндік береді.

Психологиялық зерттеуде негізгі кезенді бөліп алуға болады: мәліметтер жинау; мәліметерді қайта дарялау, интерпретациялау; шешім шығару (диагноз және болжам) [Гриншпун, б. II]. Психодиагностиканың негізгі мақсаты ретінде диагноз әртүрлі деңгейде айқындала алады: бірінші деңгей – симптомдық немес эмпирикалық. Бұл деңгейде диагноз ерекшеліктер констатациясымен немесе симптоммен шектеледі;

екінші деңгейде – этиологиялық, тек сипаттың барлығын ғана емес, сонымен бірге оның пайда болу себебін ескереді;

үшінші жоғары деңгей – адамның психикалық өмірінің нақты бейнесінде анықталған сипаттамасының орны мен мәнін анықтауға саятын типологиялық диагноз деңгейі [Бурлачук, Морозов, 1989]. Психолог өзінің практикалық жұмысында бірінші деңгейдегі диагнозбен шектеледі, оның негізіне қандай да бір психодиагностикалық аспапты пайдалану жатады.

Осыған байланысты практикалық психологтың психодиагностикалық жұмысы зерттеудің мақсаты мен міндетіне барынша жауап беретін әдісті немесе нақты зерттеу әдістемесін таңдауды қарастырады. Психодиагностиканың әдістерін толықтай сипаттау мен топтастыру кітаптың екінші бөлімінде ұсынылған.

Психологиялық кеңес беру. Практикалық психолог қызметінің маңызды бағытына жеке кеңес беру, кәсіби кеңес беру, өнеркәсіптік кеңес беру, басшылыққа кеңес беру және т.с.с кеңес беру түрлері енетін психологиялық кеңес беру жатады [Алешина, 1994]. Психологиялық білім пайдаланатын қызметтің кез-келген саласында қандай да бір мөлшерде кеңес беру пайдаланылады. Психологиялық кеңес берудің мазмұнына жеке клиентпен, топтан немесе жалпы ұйымнан түсетін нақты сұраныспен жұмыс жасау жатады.

Психологиялық кеңес беру пайдаланудың мейлінше кең саласына ерлі-зайыптының мәселесін, бала мен ата-ана арасындағы қатынас, некеге дейінгі мәселе, ажырасу және ажырасқаннан кейінгі жағдайды шешумен байланысты отбасылық кеңес беру жатады.

Жас ерекшелігіне қарай кеңес беру баланың әртүрлі жас кезеңіндегі психикалық даму, оның ішінде жастық дағдарыс кезеңіндегі мәселелерді шешуге бағытталған.

Қызметкерлер таңдау, қызметкерлерді басқару, команда қалыптастыру, жеке қызметкерлердің кәсіби өсуін жоспарлау, жалпы ұйымның дамуын болжау мәселелерімен байланысты ұйымға кеңес беру ерекше орын алады.

Психологиялық кеңес беруді тұлғааралық қатынаста қиындықты еңсерумен байланысты әр текті психологиялық мәселелерді шешуге бағытталған адамдармен тікелей жұмыс жасау ретінде анықтауға болады (Алешина, 1994). Кеңес берудің психологиялық мағынасына адамға қиындықтың себебін, жеке, отбасылық және кәсіби байланыста элеуметтік өзара байланыс мәселелерін түсінуге көмектесу жатады. Психолог-кеңес берушінің негізгі міндетіне – клиентке өзінің қиындықтарына және күнделікті күйбінің сырттай қарауға, психологиялық қондырманы, басқа адамдарға қатынасты өзгертуге көмектесу жатады.

Психотерапиялық әсер ету. Нақты мәселені шешуге және нақты бір мақсатқа жетуге бағытталған психологиялық кеңес беру мейлінше ұзақ әрі терең психотерапиялық жұмыстың өзіндік табалдырығы болады.

Психологиялық кеңес беру – клиентпен жұмыс жасауға, яғни

мәселелік-бағдарлық кеңес беруге бағытталған, ал психотерапия – тұлға танымының терең деңгейімен жасалатын жұмыс, немесе тұлғалық – орталықтандырылған терапия.

Психотерапиядағы дәстүр бойынша психологиялық көмек сұрап келген адам клиент емес, пациент деп аталады.

Психотерапияның психологиялық кеңес беруден ерекшелігіне пациент пен психотерапевт арасында ерекше қатынас орнайды, кеңес беруде осындай мәселелер әрқашан талдау нысанына айналмайды. Психологиялық кеңес беру қысқа мерзімді болады, сонымен бірге психотерапия бірнеше жылға созылуы мүмкін. Сонымен қатар, психотерапевтің жұмысы бірқатар қажетті кезеңдерден тұратын арнайы дайындықты қажет етеді. Клиент ретінде жеке психотерапиялық тәжірибе, одан кейін ұзақ уақыт бойы супервизорлық практика, соңында супервизор бақылауымен жеке психотерапиялық практика [Алешина, 1994; Поляков, Спиваковская, 1985]. Психотерапия бойынша мамандардың біліміне қойылатын талаптар қатал, теориялық психологиялық дайындықпен қоса, нақты медициналық білімі де болуы қажет.

Түзетуші-дамытушы қызмет. Түзету-дамытушы дегеніміз – баланың психикалық және тұлғалық ауытқушылығын жою және оның қабілетін дамыту жұмыстарымен байланысты психолог қызметі.

Психотүзетуші қызмет диагностикалық-түзетуші және диагностикалық-дамытушы әсермен тығыз байланысты. Практикалық психолог тек диагноз ғана қойып қоймай, сонымен бірге, соның негізінде дамытудың түзету бағдарламасын дайындайды, өзі де түзету жұмысының біраз бөлігін жасайды. Диагностикалық-түзетуші әсер ету зерттеу нәтижесі бойынша жүргізіледі және алынған мәліметтерді өмірлік жағдайда көрінетін ерекшелік ретінде зерттелетін адамның жас ерекшелігімен салыстырылуын қарастырады.

Мектептегі диагностикалық-түзету қызметі жеткілікті дәрежеде күрделі әрі көп қырлы, оның орындалуына іс-әрекеттің үздіксіз жүргізілетін мынадай қатары да енеді [Дубровина и др., 1997]:

Практикалық сұранысты зерттеу;

Психологиялық мәселені формалау;

Бақыланатын құбылыс себептері туралы гипотеза тудыру;

Зерттеу әдістерін таңдау;

Әдіс-тәсіл пайдалану;

Психологиялық диагнозды формалау;

Психотүзетуі немесе дамушы жұмыс нұсқаулығын, бағдарламасын дайындау;

Осы бағдарламаны іске асыру;

Оның орындалуын бақылау.

Әрине, шынайы өмірде психолог әрдайым әрбір кезеңнің орындалу ретін жазып отырмайды, бірақ әрқашан оның реттілігіне бейімденуі қажет.

Кеңес әрқашан нақты әрі айтылған адамға түсінікті болуы қажет.

Психолог кеңестің іске асуына және соңғы нәтижеге толықтай жауапты болады. Психологиялық қорытындының мазмұны тек сәтті таңдалған және валидті психодиагностикалық әдіске ғана тәуелді емес, сонымен бірге психолог пен баланың жеке-тұлғалық өзара байланысына да байланысты, бұл әрекет психологтан шыдамдылық, тапқырлық, өз мінезін қадағалау қабілеті, өзіне жағымды қатынас орнатушылық, сенімділік сезімін орнату сияқты қасиеттерді талап етеді. Психолог өзінің бойына өзге адамның сезімін, тәжірибесі мен мінез-құлықына эмпатиялық өзара қамығу қалпын дамытуы қажет. Осылар арқылы практикалық психолог қызметінің сәттілігі психолог және оның клиентінің өзара байланысының нәтижесі практикалық қызметтің қандай да бір саласында іске асырылуымен анықталады.

Психопрофилактикалық жұмыс. Қажетті психологиялық білім хабарламасымен бірге оны қажетсінетін – ата-ана, мұғалім, оқушы, әлеуметтік қызмет қызметкері және т.б. тұлғалардың психологиялық күзіреттілігін дамыту мен деңгейін жоғарылатудың психологиялық шартының ықтимал бұрылысымен байланысты. Педагогикалық ұжым немесе кәсіпорында ұйымдастырушылық құрылымында өнімді тұлғааралық өзара байланысқа арналған оңтайлы жағдай жасайтын жұмыс болуы мүмкін. Психопрофилактиканың сонымен бірге психикалық және тұлғалық дамуда олқылықтың, заңсыз әрекет жасау, наркоманиялық және алкогольге қызығушылықты жою салдарының алдын алу бойынша первентті шараға да қатысы бар. Психопрофилактикаға жағдайы нашар отбасы, ата-ана және осындай отбасыдан шыққан, балалармен ықтимал әлеуметтік қиындық болатын ескере отырып жұмыс жасау да жатады.

1.1.3 ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ САЛАЛАРЫ

Қазіргі таңда қолданбалы психология әр алуан салаларда пайдаланылады. Психологияның практикаға кеңінен енуі төмендегідей салалардың дамуына әкеліп соқтырды, олар:

Мектептегі психологиялық қызмет;

Басқару психологиясы;

Төтенше жағдайлар психологиясы;

Жеке және отбасылық кеңес беру;

Кәсіби бағдар және кәсіби сұрыптау

Мектептегі психологиялық қызмет. Бұл қызмет көптеген елдерде бұрыннан-ақ сәтті дамып келеді. Оның тарихи тамыры ақыл-ой жетіспеушілігі, мектептегі үлгерім, сонымен бірге, қалыпты ақыл-ой даму дәрежесі бойынша балалар мен ересекердің дифференциялық дәрежесін диагностикалау міндеті алғаш қойылған XX ғасырдың басынан басталды. К.М.Гуревичтің пікірінше, Стэнфорд-Бине мектебі құрылғаннан бері

мектептегі үлгерімді зерттеу басталды, оның негізіне ақыл-ой даму коэффициенті жатады [Гуревич және т.б., 1981]. Психологиялық практиканы жетілдіру дәрежесі бойынша бұл криетрий әмбебап сипатқа ие болып, армияда, өндірісте, әртүрлі саладағы мамандарды сұрыптау, іріктеу барысында кеңінен таралды (Дубровина және т.б. 1997]. Психологиялық-педагогикалық зерттеу оның нәтижелерін интерпретациялау және оқушыларға және мектеп қызметкерлеріне даму психология бойынша тікелей психологиялық көмек көрсетілгеннен кейін оқушыларды бөлу және топтастыруда жеке психологиялық қызмет басталған. АҚШ-та психологиялық қызмет мектебінің ұзақ тарихы бар және психология балалар және жасөспірімнің «мектептік қызметін психологиялық-педагогикалық өлшеу мен бағалауға белсенді әсер ету, оған когнитивтік, аффекті және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ете отырып белсенді ықпал ету мүмкіндігіне ие болады» [Дубровина және т.б. 1997].

Мектептегі психологиялық қызмет – бұл оқушының ақыл-ойының даму деңгейін диагностикалау ғана емес, сонымен бірге баланың психикалық дамуы бойынша нұсқаулық дайындау немесе осы дамуды түзету. Мектеп психологиясының диагностикалық-түзету қызметінің процедурасы жеткілікті түрде күрделі әрі жауапты. Кеңестер одағында алғаш рет осындай процедараны тәрбиеленуі қиын әрі қалыпты емес балаға қолданудың педагогикалық зерттеу сұлбасы түрінде Л.С.Выготский ұсынған [Выготский, 1983]. Осындай психологиялық, диагностикалық жұмысты кезең-кезең бойынша мұқият сипаттауды елімізде мектептік психологиялық қызметтің бастауына негіз ретінде қарастыруға болады. Бірақ оның қызметі Кеңес одағы тұсында бірден жағымсыз бағаланады, ал 1936 жылы шыққан педология туралы қаулы мектеп психологиясының дамуын тежеді. Тек 60-жылдардың соңында психологтың мектеп пен білім беру мекемесінің жұмысына практикалық қатысуының формасын белсенді түрде іздестіру басталды. Қазіргі таңда білім беру саласының практикалық психологі кәсіби шындыққа айналды. Сонымен қатар психологтардың кәсіби қауымдастығына бірігу үдерісі басталды. Бұған 1994 жылы маусымда РФ Білім министрлігі мен Ресей білім академиясының бастамасы бойынша ұйымдастырылған Білім беру саласының практикалық психологтарының съезі дәлел болады.

Практикалық психологты білім беру жүйесіне енгізу унификациялық білім беруден вариативті білімге және «білім, қабілет және дағды педагогикасынан даму педагогикасына ауысу, мұғалім санасын кәсіби бағдарлау, мектепцентризм, балацентризміне, білім беру мекемелерінде психологқа пәнаралық маман ретінде қарау мәдениетінің қалыптасуы, мектепке дейінгі, жалпы, қосымша, бастауыш, негізгі және орта мектеп, кәсіби және арнаулы білім беру саласында дамытушы, түзетуші және компенсаторлық білім беру бағдарламаларын дарялау, дамушы ортаны сараптамау мен жобалаудың қалыптасуын мақсатқа айналдыруға, әрі міндеттерін шешуге ықпал етті.

Практикалық психология білімді тұлғаның жеке дамуына, елімізде жалпы білім беру жағдаятының өзгеруіне кәсіби бағдар жасалуына ықпал етті. Осы үдерістің логикалық салдарына практикалық психология қызметінің адамтану саласы ретінде негізгі ұйымдастырылуы жатты.

Практикалық психология қызметі мәселенің кең спектрін шешуде де өзінің тиімділігін дәлелдеді: тұлғаның дамушы өмір салтын жоблау, жеке тұлғаның психологиялық портретін жасау, баланың отбасымен жұмыс жасауда психологиялық көмек көрсету, оның ішінде кәсіби бейімделу үдерісі кезінде, сонымен қатар тұлғаның даму ауытқушылығы себебін анықтауда, осындай ауытқудың алдын алу мен түзету. Практикалық психолог білім беру мекемесінде әлеуметтік-психологиялық климаттың үйлесімділігіне ықпал етеді.

Практикалық психологияның дамуы жаңа білім философиясының негізін дайындауға ықпал етті, «білім, қабілет және дағды» дәстүрлі парадигмасынан ХХІ ғасырда елімізде білім беру саласының ұлттық доктринасын құрастыру барысында дамушы білім парадигмасына ауысуына ықпал етті.

Басқару психологиясы. Білім беру саласының практикалық психологияның кеңінен дамуымен қатар ол басқаруда да маңызды орында. Ұйымда және өндіріс орындарында кадр таңдаумен орналастыру немесе кадрлық менеджмент үдерісі – практикалық психология міндеттерінің бірі. Оның шешімі басқарушылық жұмыс орындауға қабілетті немесе оған үміткер адамдарды ұзақ уақыт бойы күзіретті зерттеуді талап етеді. Өндіріс орындарында кадр таңдау мен орналастыру, эмоциялық бағалау мен импульсті пікірден бас сауғалауда да басшылықтың қалыптасқан стереотипі мен қондырмасынан еркін психологтың диагностикалық-психологиялық сараптамасы қорытынды нәтижесіне негізделген, психологиялық тұрғыдан тексеруге сәйкес іске асырылуы қажет. Ұйымда немесе өндірісте кадр ротациясымен байланысты практикалық психолог жұмысы осындай негізде маңызды, оның негізіне кәсіби сапаға, білім деңгейіне және т.б. қойылатын күрделі талаптар динамикасында тұлғаның психологиялық сәйкестігі немесе сәйкессіздігі жатады. Практикалық психолог өндіріс орнында кадр таңдау мен орналастыруда психиканың жеке парциальды сипаттамасына емес, тұлғаның қасиеттеріне біртұтас білім ретінде, оның жүйелік қасиеті ретінде бағдарлауға бейім болуы керек. Кәсіпті игеруге қиын болған сайын, кәсіби қажеттілігі негізі ретінде қабылданатын тұлғалық қасиетінің блоктары ірілене түседі. Ұйымда кадр мәселелерін шешудің маңызды ұстанымына өтемелеу ұстанымы жатады. Оны іске асыра отырып психолог әртүрлі кәсіби қасиетке ие және тұлғалық сипаттамамен өзара толтыратын қызметкерлерді таңдай алады. Кадрларды осындай таңдау шешілетін кәсіби міндетке, әмбебап дарынды басшыға қарағанда сәйкес келуі мүмкін [Филиппов, 1990].

Төтенше жағдайлар психологиясы. Апатты немесе апаттық сипаттағы оқиғалармен байланысты, жалпы қауымға, жеке ауданға немесе

жеке ауылға қатысты төтенше жағдайдың пайда болуында практикалық психология ерекше орын алады. Осындай оқиғаларда негізгі мәселеге психологиялық күйзеліс, әртүрлі жағымсыз психологиялық жағдай жатады. Осыған байланысты, психологиялық мәселенің болуын дер кезінде анықтау, психологиялық жүктеме, күйзелісті болдырмау бойынша сабақ өткізу қажетіне қарай ұйымдастыру және өткізу, жарақаттан кейінгі күйзеліс бұзылыстардың алдын алу практикалық психолог қызметінде маңызды орынға ие болуы қажет. төтенше жағдайларда кеңінен таралған, кеңінен қолданылатын топтық техника психологиялық дебрифинг деп аталады. Дебрифинг – бірге күйзелістік немесе трагедиялық оқиғаны басынан бірге өткізген адамдар тобының құпия талқылауының ерекше органигі. Топтық талқылаудың ортақ мақсаты – психологиялық қамығуды минимизациялау, жеке және топтық кернеуді азайту, тұлғаның ішкі резервін мобилизациялау, топтық қолдауды, күшейту жасампаздық пен түсінуді күшейту. Дебрифинг өткізуге арналған оңтайлы уақыт – оқиғадан кейінгі 48 сағат, ерекше радиациялар өтіп, рефлексия мен өзін-өзі талдау мүмкін болған кез. Төтенше жағдайда практикалық психолог жұмысында ең негізіне – жарақаттан кейінгі күйзелістің ұзақ салдарын еңсеруге білікті көмек көрсету жатады.

Жеке және отбасылық кеңес беру. Тұтынушының көбіне таныс практикалық психологияның қолдану аясына бүгінгі күні отбасылық кеңес беру жатады. Бұл салаға көптеген жеке бағыттар енеді, оның ішінде отбасылық жұптармен жұмыс, некеге дейінгі кеңес беру, бала-ата-ана мәселелерін шешу, бала мен ата-анаға бірдей кеңес беру, ажырасудан бұрын жеке ажырасқаннан кейінгі кезеңде отбасыға психологиялық көмек, жеке кеңес беру.

Психологиялық кеңс беру психологтың адамдармен тікелей байланыс барысында іске асады, тұлғаралық қатынаста пайда болған қиындықпен, жалғыздық күйзелісі, отбасылық қақтығыстың эмоционалды салдарымен байланысты әртүрлі психологиялық мәселелерді шешуге бағытталған жеке әңгіме болады.

Кеңес беру процесінің тиімділігі көбінесе клиент өзін қалай жақсы сезінетін болса, онда кеңес берушімен талқылайтын сезімі ашық әрі эмоциялы болады. Осындай байланыс орнату үшін психолог-кеңесберуші клиентке әңгіменің дамуы логикалы әрі түсінікті, талқыланатын мәселенің бәрі қызықты болуын қадағалауы қажет. Тек осындай жағдайда ғана күрделі тұрмыстық мәселелерді шешу жолдарн біріге іздестіру мүмкін болады. Бірақ психологиялық кеңес беру тиімділігінің маңызды көрсеткіші- клиенттің қанағаттануы болып табылады, эмоционалды жағдайды жеңілдету кеңес берушінің тура мақсаты емес: сәттілік көбінесе психолог клиентті қаншалықты тыңдауына байланысты болады. Көптеген адамдардың шынайы қиындығына адамның бойынан қорғаныш пен мазасыздық тудыратын мәселелер туралы сөйлесетін ешкімнің болмауы тиімді. Кеңес беруші оны мұқият тыңдауы маңызды, өйткені, ол оңтайлы

өзгеріске әкелуі мүмкін [Алешина, 1994].

Кәсіби бағдар және кәсіби таңдау. Қолданбалы психологияның диагностикалық кәсіби бағдар және болжамдық міндеттерін шеше отырып, таңдалған кәсіптің адамның психологиялық сапасына негізделген кәсіби қызметті зерттеуге қосатын үлесі зор. Арнаулы әдіс пен диагностикалық процедуралар, мысалы хронометраж, хроноциклография, сараптамалық бағалау әдістері және т.б. негізінде практикалық психологтар кәсібигармамлар жасайды, нақты бір кәсіп құрылымын тұлғаның жеке құрылымымен кәсіби таңдау мен кәсіби бағдар міндетін шешу үшін салыстырады. Кәсіби граммалар практикалық психолог жұмысында Жұмыспен қамту орталықтарында және кәсіби бағдар орталықтарында тұлғаның кәсіби бағдар міндетін шешуге, кәсіби қызметке қойылатын тұлғаның жеке қасиеті мен кәсіби талаптың салыстырмалы талдауын іске асырады. Осындай болжам-талдау кәсіпті таңдауда қателеспей, оңтайлы жұмыс алгоритмін таңдауға, кәсіби білімнің сәйкес кестесін құрып, кәсіби бейімденуде оның ішінде когнитивті-операциональды және қызметтің эмоционалды келелі қиындықтарының пайда болуының алдын алады. Мысалы, кейбір кәсіпте сенсомоторлық саланың даму деңгейі маңызды кәсіби сапа болады. Практикалық психологтың кәсіби бағдар және кәсіп таңдау саласындағы кәсіби психологиялық кеңес беру сан қырлы еңбегінде маңызды орыналады, оның өзіндік ұйымдастырушылық ерекшелігі бар, соныдықтан кеңес берудің басқа формаларынан ерекшеленеді [Климов, 1984].

1.1.4. ҰЙЫМ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГ

Жоғарыда айтылғандай көптеген практикалық психологтар өзінің кәсіби қызметін нақты ұйымдастырушылық құрылымның: клиника, банк, мектеп, кеңес беру орындары, агенттік т.с.с. қызметкері бола отырып жүзеге асырады, осы мекемеде қабылданған норма мен ережені сақтайды.

Психологтың ұйымға деген ішкі позициясын күш жұмсау сипаты анықтайды. Бірінші кезекте психологтың ұйым басшысына әкімшілік бағыныштылығы, бұл жиі лауазымдық сәйкестік аясынан шығып, кәсіби этика саласына қатысты болады (алынған ақпараттың құпиялылық мәселелері, клиент мүддесін қорғау, дау-жанжал оқиғаға бейтарап қатысу және т.б.) [Штроо, 2000].

Моралдық-этикалық қақтығыспен байланысты жағдаятты шешуде сол ұйымның талабы практикалық психологияның кәсіби және этикалық ұстанымына қарама-қайшы болса іс күрделенеді, өйткені, осындай жағдайда не кәсіби, не ұйымдастырушылық нормалар бұзылуы мүмкін. Әрбір нақты жағдайда практикалық психолог ұсынған мәселелерді өз жауапкершілігімен шешуге кірісуі қажет.

Психолог ұйым құрылымындағы өз орнын нақты білуі осындай қақтығыстың алдын алып, оның шешілу процедурасын жеңілдетеді. Ю.М.Жуковтың пікірінше «психолог-практик қандай да бір акцияға

қатысушылардың өзара әрекеттескенде өз позициясын білу – ең маңызды міндеттің бірі, ол өз белсенділігін ұйымдастыру процесінде шешілуі қажет» [Жуков, 1994].

Ұйым ішінде өзара байланыс субъектісіне қатысына қарай психолог төмендегідей позицияда болуы мүмкін:

«жоғары» позициясы, бағынышты сипатта болады (мысалы, мектеп психологы мектеп директорына қатысты);

«бірге» позициясы, бірдей дәрежеге ие (мысалы, емханада кеңес беретін психологтың өзге мамандармен қатысы);

«төмен» позициясы, психолог мейлінше жоғары иерархиялық құрылымға ие (мысалы, директорлар кеңесі құрамында).

Осы позициялардың ерекшеліктерін зерттей отырып кейбір психологтар, осындай барлық жағдайды алдыңғы шепке ұйымышілік толығымен ашық және жабық жауапкершілікті бөлу тенденциясы және билік үшін күрес шығады, бұл кейде психологтың кәсіби қызметін күрделендіреді [Штроо, 2000] деп санайды.

Психолог мәртебесі, ұйымышілік процестерге ықпал ету деңгейі барлық ұйымның лауазымдық нұсқаулығында анықталмаған. Бұл көбінесе психологтың өзіне және ұжымдағы оған деген қатынасқа байланысты болады. Жаңадан бастаушы психолог үшін өз мәртебесі мен ұжым ішіндегі өз позициясын анықтау – жұмыстың бастапқы кезеңіндегі негізгі міндеттердің бірі. Осы мәселеде нақтылықтың жоқтығы және кәсіби өзін-өзі анықтаудың дәлсіздігі бастаушы практикалық психологты тікелей жұмысынан назарын бөліп, жағдайды ушықтырады. Осы мәселені шешудің бір тәсіліне өзінің кәсіби және әлеуметтік тұрағын іздестіру жатады, бұл ұйымда өз кабинетін, секторын, бөлімшесін құруды болжайды. Бұл жерде психолог психологиялық кәсіптің нормаларына сәйкес жұмыс жасауы тиіс. Осымен олар өзінің жауапкершілік зонасын белгілеп, мейлінше ыңғайлы тіршілік ету ортасын жасап, ұйымның басқа қызметкерлерінен өзін шектетеді. [Соловьева, 1994].

1.1.5. ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

Осы замандағы адам өмірінің ажарамас бөлігі бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ), баспа, радио, телевидение және Интернет болып табылады. Олар қажет ақпаратты жылдам әрі жедел алуға мүмкіндік береді. Н. Н. Богомоллова, « қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары үлкен көлемді ақпаратты кез келген кедергілерді және шексіз қашықтықты жеңе отырып, аса ірі аудиторияға жеткізуге мүмкіндік береді.» [Богомоллова, 1991].

Соңғы кездері практикалық психологтар БАҚ-ның өте сирек және шексіз мүмкіндіктерін өздерінің кәсіби мәселелерін шешуде кеңінен пайдалануда. Психологтардың телевидения, радиодан сөйлеуі,

психологиялық сұрақтарды шешуге арналған тұрақты айдармен берілетін тұтас беттер оқушылар мен көрушілердің бұл мәселелерге қызығушылықтарын арттыра түсуде. Бұл дерек қоғамда ақпаратқа, психологиялық білімге және психологиялық құзыреттілікке қанағаттанбауын көрсетеді.

Халықтың психологиялық сауаттылығын арттыру үшін БАҚ кең пайдалануының талассыз жерлері де кездеседі және мәнді шектеуді қажет ететін ерекшеліктері де бар. Осындай ерекшеліктерге жататындар:

Хабар жалпы адамдар тобына берілетіні анық байқалатын әлеуметтік бағыты БАҚ арқылы психолог үлкен аудиториямен қарым – қатынасқа түседі. Ол психологтың клиентпен тікелей қатынастағы тұлғалық – индивидуалдық кәсіби қатынастан ерекшеленеді. Бұл жағдайда кәсіби психологтың этикалық принциптерін және талапты сақтауы тым қатаң, берген ақпаратына жауапкершілігі артады;

Қарым - қатынас бір бағытты болғандықтан тікелей кері байланыс болмайды. БАҚ өз хабарын беретін психолог тыңдаушыларын көрмейді, олардың реакциясын сезінбейді өзінің сөзін олардың қалай түсінгендерін білмейді. Өз пікірлерін айтуда, өмірден мысал келтіруде ең бастысы кеңес пен ұсыныстар беруде өте сақ болу керек. Бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс жасайтын психологтар үшін жалпы ереже: «Кез келген кеңес және ұсыныс беруден аулақ болыңыз!» Егер ұсыныс беруден құтылу мүмкін болмаған жағдайда (адамдар психологпен кеңесте өмірдің қиын жағдайларынан шығуға кеңес күтіп, оны өмірде пайдалағысы келетіндіктен көбіне одан құтылу мүмкін емес) сондықтан мыналарды ескеру керек:

психологтың ұсынысы – бұл түрлі жағдаяттарда қалай істеу керектігіне даяр формула емес, мәселені шешудің кейбір бағыттары;

ұсыныстар әмбебап бола алмайды, оларды өмірде жүзеге асыру өмірлік жағдаяттарға, тұлғалық ерекшеліктерге, басқа да жағдайларға байланысты;

ұсыныстар барынша жалпы сипатта болуы керек;

психологтың ұсыныстары ағартушылық қызмет атқаруы тиіс;

ұсыныстар сөзсіз жағымды сипатта болуы тиіс, адам өзінің ішкі күшіне және өмірде кездесетін қиындықтарымен өз қабілеттеріне сүйеніп шешетініне сенімін арттыру керек;

психологтың ұсыныстары адам өмірі, махаббат, бала, отбасы, денсаулық т.б., негізгі жалпыадамзаттық құндылықтарға абсолютті сенімді көрсетуі керек.

БАҚ зерттеуге арналған шетелдік және отандық әдебиеттерде оның адамның психикасы мен санасының дамуына әсерін атап көрсетеді. Сондықтан барлық ақпарат құралдарын пайдаланғанда әсіресе тевидениеде сөйлегенде өте сақ болу керек. Психологтың көрермендермен тікелей көзбе көз байланысының болмауы телехабарлар бағдарламаларының көпшілікке арналуы, керібайланыстың болмауы

әсердің нәтижесін қадағалауға мүмкіндік бермейді. Осының бәрі психотерапевтік тәсілдер мен суггестия және гипнозды пайдалануға қарсы. Бұл саладағы эксперимент адамның физикалық және психикалық денсаулығы мен өміріне зиянсыз деуге болмайды.

Жоғарыда аталғандар Интернет-коммуникацияның көздері. Интернет біздің өмірімізде үлкен орын алады. Біз Интернет арқылы оқып, жұмыста оны пайдаланамыз. Кез келген сұрақ бойынша, соның ішінде психологиялық мәселелерден Интернет арқылы кеңес аламыз. 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету сияқты денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да болашағы мол салалар даму үстінде. ҚР Президенті Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында «Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды тапсырамын...», - делінген [Н.Назарбаев 2017 ж. 31.01]. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының басты мақсаты – қазақстандықтардың өмір сапасын арттыру, әрі ұлттық экономиканы цифрландыру. Құжатты жүзеге асыру шеңберінде 2020 жылға дейін интернет қолданушылардың санын 80 пайызға дейін арттыру, тұрғындардың 95 пайызын цифрлық хабар таратумен қамту, азаматтардың цифрлық сауаттылығын 80 пайызға дейін арттыру көзделуде.

Интернетте істейтін психологтарға – жаңалық, экзотика емес шынайы өмір. Психологиялық сайттар кез келген қолданушыға қолжетімді әркім өзін өзі тесттен өткізіп, психологиялық он-лайн режимде кеңес ала алады. Баспа, телевидения және радиодан, Интернеттен кеңес алу абсолютті анонимді. Сондықтан Интернет арқылы психологиялық кеңес беруді пайдалануда өте абай болу керек. Бұл практикалық психологтың жауапкершілігін және өзін өзі бақылауға қойылатын талабын күшейтеді.

Соңғы кездері практикалық психологияның бұқаралық ақпарат құралдарымен кооперациясында психодиагностикалық әдістерді шығару белең алды. Көпшілік журналдар (әйелдерге, ерлерге апталық, айлық басылымдар), сондай ақ кейбір газеттер өз беттерінде тұрақты түрде тесттерді басып шығарады. Бұл баспаның тиражын арттырып, коммерциялық жетістікке жеткізеді. Бірақ көпшілікке мәлім тесттерді кәсібилерінен ажырата білу керек. Кәсіби тесттерді қолдануда шектеу бар. Ол пайдаланушының біліктілігімен байланысты.

Бұқаралық ақпарат құралдарында тек танымал, кең тараған тесттер ғана жариялануы керек. Кәсіби, психологиялық тесттер газет журнал беттерінде көбейтіліп, таратылмауы тиіс. В. В. Столин, «түсінікті тілмен жазылған танымал баспаларда психолог авторлар кәсіби құпияны түсіндіруге құқылары жоқ: зерттелушінің әдістің валидтілігін білуі диагностикалық тәсілдердің мәнін сипаттауға кері әсер етуі мүмкін» [Общая психодиагностика, б 19] деп анық көрсеткен.

Танымал, түсінікті тесттердің мынадай ерекшеліктері бар:

Кәсіби тесттермен салыстырғанда сұрақтар санының аздығы (максимум 20–30);

жеңіл, қалжың мәнері тестің атауына бірден байқалатын тесттер: «Команда беру немесе бас ию?», «Бастап келе жатқан миллионерлер», «Сіз бақытты бола аласыз ба?», «Ұзақ жасайсыз ба?», «Сіз сүйкндісіз бе?», «Тексеріңіз, Сіз қандай басшысыз» (Лучшие психологические тесты, 1992];

кәсіби тесттен айырмашылығы өңдеудің барынша қарапайымдылығы;

интерпретация тесті талдау тек жағымды сипатта және ұсыныстары қарапайым болады.

Жоғарыда сипатталаған талаптарды сақтаған жағдайда практикалық психолог пен бұқаралық ақпарат ұқралдарының ынтымақтастығы қоғам үшін пайдалы және нәтижелі болады. Телевидение, радио, баспа және Интернетті пайдалану арқылы психологтар психологиялық ағарту мүмкіндіктерін кеңейтіп, қоғам мүшелерінің психологиялық ағарту, психогигиена, психопрофилактика, психологиялық денсаулық мәселесін шешу мақсаттарын жүзеге асырады.

1.1.6 ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕГІ ЖАРНАМА ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ

Психологиялық қызмет маркетингі – салыстырмалы түрде жаңа және әлі толық зерттелмеген сала. Соған қарамастан маркетингтік шараларға және түрлі психологиялық қызмет көрсету саласына сұраныс жоғары. Әрбір жаңадан бастаған психологтың практикалық жұмысында мынадай сұрақтар туады: «Адамдарға қандай қызмет керек?», «Кімге психологиялық қызмет керек?», «Клиенттерді қалай табуға болады?», «Жарнаманы қалай ұйымдастыруға болады?», «Көрсетілген қызмет қаншаға бағалануы мүмкін?» Бұл сұрақтар практик психологтың жұмысының мазмұнын және оны кәсіби ұйымдастыруды анықтайтыны талассыз. Бірақ жоғарыда қойылған сұрақтарға қайтарылатын жауаптар психологиялық қызмет нарығының «қиындығын» білдіреді.

Өмірде кездескен қиындықтарын, мәселелерді практикалық психологиямен байланыстыра алмайды, егер ол байланысты таба қаласа көбіне маманның көмегінсіз ақ шешемін деген ойда болады. Бұл алдымен клиенттердің басым бөлігінің психологиялық қызмет көрсетуден хабары аздығымен байланысты.

Екінші жағынан психологтардың өздері Е. Н. Емельяновтың пікірі бойынша өз қызметінің маркетингке көңіл аудармайды, оны өзінің кісіби дағдысына қоспайды. [Емельянов, 1994].

Американдық маркетинг ассоциациясының қайраткері Филип Котлердің анықтамасы бойынша «маркетинг – бұл адамның айырбастау арқылы мұқтажы мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға

бағытталған іс- әрекетінің түрі» [Котлер, 1990].

Психологиялық қызметтің маркетингтік сипаттамасы «логикалық қызметтің» сипаттамасы. Практикалық психологияда жалпы маркетинг туралы емес, маркетингтік қызмет туралы айту керек. « кез келген қызметте шаралар немесе пайданы көздейтінін түсіне отырып, бір жақ ұсынуы мүмкін, екіншісі көп жағдайда оны иемденуді сезінбейді» (Котлер). Сондай ақ басқа қызметте де, психологиялық қызметте де маркетингтік бағдарламаны жасауда ескерілетін төрт сипаттамасы бар.

Сезілмейтін. Психолог көрсететін қызмет сезілмейді және материалдық емес, көбіне оның әсер ету нәтижесі сезілмейді, материалдық емес.

Психолог қызметін пайдаланушы психологқа келгенде алдын ала нәтижесін білмейді, ол психологтың сөзіне сенуге мәжбүр.

Көзінен бөлінбейтіндігі. Товар материалдық түрде түп көзінен бөлек бола алады, ал қызмет өзінің көзінен бөлінбейді. Басқаша айтқанда психологиялық қызметті маман жүргізеді және ол мәні бойынша жеке және бірегей, негізінен психологтың ерекшелігімен анықталады.

Сапаның тұрақсыздығы. Қызмет көрсету сапасы жеткізушіге, уақыт пен оны көрсету орнына байланысты ауысып отырады. Онымен қоса психологиялық көмектің тиімділігін бағалау өте күрделі. Ол түрлі мәнділігіне, бақылаудың қиындығына және уақыттың өзгеруіне қарай бірнеше өлшемдермен өлшенеді. Әдетте психологиялық көмектің тиімділігінің негізгі көзі клиенттің ақпараты болып табылады, ол өз кезегінде клиенттің тұлғалық ерекшелігіне қарай қатаң шектеледі.

Сақталмауы. Қызметті сақтау мүмкін емес. Жеткізушілерге сұраныстың тұрақсыз жағдайына қарай қызметтерін ерте «жазуға» болмайды. Психологиялық қызметтің құны «қазір және осы жерде» сол сәтінде психолог пен клиенттің тікелей кездесуінде көрінеді. Осы айтылғандар жалпы маркетингтік саясаттың және психологиялық қызметті анықтаудың қиындығын анықтайды. Жалпы сипаттамамен қатар практикалық психологияның кейбір арнайы ерекшеліктері бар, олар: **әлеуметтік мәнінің жоғарылығы, интимділігі, конфиденциалдылығы және т.б.**

Маркетингтік міндеттер және оны шешу.

Маркетингтік міндеттермен қатар психологиялық қызмет көрсетуде Е. Н. Емельянов пен С. Е. Поварницына ұсынған жұмысын жаңа бастаған мамандар үшін өз кәсіби әрекетін дамытуда көмектесетін негізгі сұрақтарды тізбектеп жүргізу схемасы қарапайым және тиімді құрал болып табылады.

«Неге?» Бұл сұрақтың екі жағы бар. Оның бірінің мәні нарықта бұл қызметке сұраныс бар ма? Немесе оны қалыптастыру керек пе? Оны пайдаланғысы келетіндердің психологиялық қызмет туралы психологиялық сауаты аздығымен байланысты. Сондықтан маркетингтік жұмыстың тиімді әдістері осындай клиенттердің психологиялық

сауатын барынша кеңейту. Сұрақтың екінші жағы – мұның сізге қажеттілігі, яғни өзіңіздің мотивацияңызды, кісіби өсу жолындағы мәнді қадам екендігін түсіну.

«Кім?» Психологиялық қызмет туралы айтқанда кеңес беретін фирманың немесе адамның аты маңызды болып табылады. Психологтың өзін көрсетуі мүмкін болатын клиентті иландыруы тиіс. Әрине, кәсіби жұмысын жаңа бастаған практикалық психолог үшін бұған қол жеткізу күрделі. Клиенттің сенімін арттыратын білім, тәжірибе, біліктілікті жетілдіру сатылары, шынайы көрсеткен көмектері психологтың имиджін арттырады. Көптеген практикалық психологтар жарнамаларында, парақшаларында, өздерін «НЛП, гештальт-терапевт, трансактлік талдау саласының маманы» т.б деп көрсетеді, бірақ бұл тәжірибелілері болмаса қарапайым, психологиядан хабары аз клиенттер үшін түсінікті болмайды.

«Не?» Бұл деңгейде сіз немесе сіз құратын психологиялық фирма қандай қызмет көрсетуге дайын екені анықталады.

«Кімге?» қызмет кімге арналғандығын: жеке тұлғаға, фирмаға, мемлекеттік кәсіпорын, мектеп, аурухана, клуб, отбасы және т.б анықтау керек. Егер қызмет ұйымдық құрылымдар немесе адамдар тобына арналса ролдік шеңберді талдауды пайдаланған орынды. Маркетингтік саясатты жасауда негізгі ролдік позициялар: демеуші, тапсырыс беруші, клиент, делдал, мердігер, орындаушы – ескерілуі қажет.

«Қайда? Қашан?» Клиентті офиске, кабинетке шарырасыз ба, әлде оларға өзіңіз барасыз ба? уақыты, ұзақтығы, кездесу кезін шешу шерек.

«Қалай?» Клиентті қалай табу керек және өз қызметіңізді ұсыну, жарнамалық компанияны ұйымдастыру, қандай қаражатпен? Жарнаманың ұзақ мерзімді әсерін қалай қамтамасыз ету керек? Уақытты жоғалтуды азайтып, пайданы арттыруға болады?

«Қанша?» Аталған сұрақтардың ішіндегі ең күрделісі ұсынатын қызметтің құнын анықтау. Жаңадан бастаған психолог бұл сұрақты шешуде өзін ыңғайсыз сезініп, клиентпен бұл сұрақты шешуде ұялады. Бірақ гонорарды анықтау сәті өзіңнің шешілмеген мәселенді көрсетеді. Өте жоғары ақы клиентті шошытады, ал өте төмен ақы көрсетілетін қызметтің сапасының төмендігін және психологтың кәсіби деңгейін көрсетеді. Сондықтан қызмет ақысының оптималды деңгейін анықтау керек. Баға саясатын анықтайтын факторлар: психологтың кәсіби деңгейі (білімі, дағдысы, тәжірибесі), ұқсас қызметке алынатын нарықтағы орташа баға, клиенттің қаржылық мүмкіндігі, клиенттің пікірі бойынша қолданылатын шаралар, үстеме шығындар (құралдар және кабинетті ұстау, персонал, транспорт, жарнама және т.б.), инфляция. Клиентпен бірден төлемнің жалпы сомасын айтып, оған кіретін қызметті түсіндіру арқылы ары қарайғы мүмкін болатын түсінбеушіліктің алдын алу керек.

«Кіммен?» Сіз қызметтес болуға даяр адамдар ауқымы. Сізге көмекшілер керек пе, әлде өз күшіңізбен шешесіз бе?. Сіздің бәсекелестеріңіз, олардан сіздің айырмашылықтарыңыз қандай? Бағалау

саясатыңызды кіммен салыстырасыз? [Емельянов, Поварницына, 1994].

Осы сұрақтарға біртіндеп жауап беру сізді қателіктерге соқтырмай жетістікке жеткізеді. Сізді практикалық психология тек хобби және қызықты уақыт өткізу болып саналатын дилетанттар немесе жартылай дилетанттардан жоғары кәсіби дәрежеге жеткізеді.

1.1.7 ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГТЫ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУ

5B050300– «Психология» мамандығы бойынша кәсіби дайындау жоғары оқу орындарында нормативтік оқу мерізімі – 4 жыл (129 кредит) психология бакалавры, одан ары қарай магистратурада 6MB050300– «Психология» екі жыл оқу мерізімінде әлеуметтік ғылымдар магистрі дәрежесі, ал бір жыл оқыса әлеуметтік білімдер магистрі дәрежесі беріледі. Мамандық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен «17» маусым 2011 ж. № 261 бекітілген.

Алған біліміне сәйкес Мемлекеттік білім беру стандарты бойынша (13.05.2016 № 292.), маманның кәсіби іс әрекетінің объектісі адамның психикалық процестері, қасиеттері және қалпы болып табылады. Пәні - олардың адамның түрлі әрекет саласындағы: тұлғааралық және әлеуметтік қатынастардағы көріністері, сыртқы әсерлердегі олардың өзгеру формалары мен тәсілдері. Кәсіби маманға қойылатын талапқа сай ол өз біліктілігіне сай жинаған білімі, зерттеу жұмысының дағдысы және ақпаратты іздеу негізінде сәйкес міндеттерді қойып, шеше алуы тиіс. Маман халық шаруашылығының салаларында, білім беруде, денсаулық сақтауда, басқару және халыққа әлеуметтік көмек көрсетуде мынадай кәсіби жұмыс түрлерін атқара алады:

Диагностикалық және коррекциялық;

Эксперттік және кеңес беру;

Оқу-тәрбиелік;

Ғылыми -зерттеу;

Мәдени-ағартушылық.

Маманды кәсіби дайындаудың нақты мазмұны жоғары оқу орнының білім беру бағдарламасымен анықталады. Оған теориялық дайындық және лабораториялық практикумдар және практика кіреді.

Маман дайындаудағы білім беру бағдарламасының негізгі міндеті – кәсіби біліммен қатар гуманитарлық мәдениетін дамыту, рухани бай, интеллектуалды қаруланған, әлеуметтік жауапкершілікті тұлғаны қалыптастыру. Маман құзыреттілігіне қойылатын жалпы талап пен 5B050300– «Психология» маманын дайындау бітірушіге қойылатын біліктілік талабымен толық сәйкес болуы тиіс (Мемстандарт).

Түлектің біліктілік сипаттамасы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында көрсетілгеніндей, адамзат құндылықтарының, ғылым мен тәжірибе негізінде, жеке тұлғаны қалыптастыруға қажетті

жағдайларды жасау-білім беру жүйесінің негізгі міндеті. Ғылыми-техникалық прогрестің талаптары, қоғамның экономикалық өмірінің барлық салаларының қарқынды дамуы, жоғары мектептің негізгі мақсаты-қоғамдағы әртүрлі мәселелерді белсенді түрде, шығармашылықпен шеше алатын мамандарды даярлау мәселесінің өзектілігін көрсетеді. Бұл мәселелер, *бір жағынан*, «жоғары дәрежелі маман» ұғымында көрінетін жалпы адамзаттың мәдени жетістіктерінің қазіргі кездегі деңгейімен анықталса, *екіншіден*, жоғары оқу орнындағы арнаулы даярлық сипатынан көрінетін адам іс-әрекетінің нақты түріне бағыттылығымен анықталады.

Маманды сапалы қалыптастыру және болашақта кәсіби іріктеу үшін қайсыбір кәсіби маңызды сапалардың мазмұнын сипаттау және олардың кейбір өлшеу бағанасының көрсеткіштері арқылы айқындалған түрленуінің қолайлы шегін нұсқау қажет. Сол себепті, маманның іс-әрекетті табысты орындауына қажет сапалардың тұрғысында мамандықтарды жүйелі сипаттау мәселесі туындауда. Кәсіби маңызды сапалар бұл – тұлғаның іс-әрекет процесіне енгізілген және оны орындаудың тиімділігіне жағымды ықпал ететін қасиеттері.

Кәсіби маңызды сапалар маманның интеллектілік және тұлғалық сапаларынан құралады. М.К.Акимованың және К.М.Гуревичтің пікірінше, маманның интеллектілік сапаларының айқындалуы төмендегідей өлшемдердің бағалануын талап етеді, олар: жеке-дара психикалық қызметтер (сенсорлық аумақ, моторлы аумақ, қабылдау, ес, ойлау, сөйлеу, қиял), жалпы хабардарлық, оқуға қабілеттілігі және т.б. Кәсіби маңызды сапалардың айқындалуы келесі сипаттамалардың анықталуын талап етеді, олар:

тұлғаның мотивациялық қасиеттерінің даму деңгейі;
эмоциялы аумағын сипаттайтын күйлер;
рефлексивті күйлер;
қарым-қатынас аумағын сипаттайтын сапалар.

Е.И.Климов, М.А.Степанова және Т.А.Казанцева кәсіби маңызды сапаларды төмендегідей жіктейді:

интегралды психикалық (интеллектілі), тұлғаның күйлері (зейін, ес, ойлау және т.б.);
тұлғалық аумақтың психологиялық сипаттамалары;
іс-әрекеттік аумақтың психологиялық сипаттамалары.

М.Қ.Бапаева болашақ маманның кәсіптік деңгейінің құрылымына:

1. Жоғары оқу орнында даярлаудың мақсаты, мазмұны мен әдістерінен;
2. Қажетті деңгейде даярлайтын іс-әрекет түрлерінен (оқу бағдарламадарын жасау, оқулықтар жазу, оқу процесінің оқу-әдістемелік жағынан қамтылуы, педагогикалық практика, тренинг, практикумдар өткізу, студенттердің өзіндік жұмыстары, т.б.);
3. Болашақ маманның жеке тұлғасын қалыптастыру жеке тұлғаға тән кәсіби маңызды қасиеттер: кәсіптік сана, кәсіби біліктілік, ұстаздық-тәрбиелік жұмысқа даярлығы, т.б. қасиеттерді жатқызады [Бапаева, 2006].

Х.Т. Шерьязданова мен оның оқушыларының бірсыпыра зерттеулерінде педагогикалық бағыттағы студенттерге психологиялық білім беру жүйесі қарым-қатынас психологиясына тіректелгенде ғана айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге болады деп көрсетіледі [Шерьязданова,2015]. СМ. Джакупов жоғары мектептегі оқыту процесінің жүйелік талдауы ең алдымен, пайдаланылып жүрген оқыту теориясымен ұштастырылып қарастырылуы керек деп көрсетеді [Джакупов, 1998].

А.Р.Ерментаева «Ғылымда психологиялық дайындау тұлғаның маңызды мәселелерді мақсат-бағдарлы іздестіруге; «шұғыл» жағдайды алдын-ала аңғаруға; мәселелік жағдайдан тиімді, әлеуметтік ортада құнды тәсілмен шыға алуға; жаңа мәселелерді және олардың салдарын болжауға мүмкіндік беретін түрлі моральдік-еріктік сипаттар, бағыттылық, қабылдау, зейінділік, еске сақтаудың жоғарылығы, ақыл-ой тереңдігі, зерделік, зияттылық, эмоциялық тұрақтылық, стресске шыдамдылық, бейімделуге икемдік, қарым-қатынастағы құзіреттілік, креативтілік және т.с.с көптеген тұлғалық қасиеттер мен қабілеттердің, танымдық процестердің, психикалық жай-күй сипаттарының жекелей ерекшеленіп, немесе тұтас құрылыммен дамыту, жетілдіру процесі ретінде пәрмәнді қарастырылады. Білім және ғылым салаларында психологиялық дайындау іс-әрекеті студенттердің тұлға және маман ретінде жетілуінің факторы ретінде анықталады» деп тұжырымдайды. А.Р.Ерментаева студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындау жүйесінің теориялық және ғылыми-практикалық тұжырымдамасының негізін жасады [Ерментаева,2008].

Психолог маманды даярлау кезеңінде көп жағдайда жоғары оқу орнының білім беру ортасымен анықталатынын ескеретін болсақ, кәсіби жетілуге қол жеткізудің үш деңгейін ажырату қажет. *Біріншісі*, адамның өзін-өзі кәсіби тұрғыда анықтауымен, *екіншісі* кәсіби сапалардың мамандықтың талаптарына сәйкестендірілуімен, *үшіншісі* кәсіби дамуда мінсіздіктің жоғары деңгейіне қол жеткізумен анықталады. Демек, жоғары оқу орнында психологтың кәсіби даярлығы психологтың таңдаған мамандығына сәйкестігіне қол жеткізуді мақсат етеді.

Жоғары оқу орнында психологтың кәсіби дамуы кәсіби сапаларының қатарында психологтың жүйекұраушы сипаттамасы – кәсіби сана-сезімінің қалыптасуын және болашақ психологтардың кәсіби өмірлік жоспарының қалыптасуын қамтиды. Болашақ психологтың кәсіби жоспарының сипатына оның таңдаған мамандығының бейнесі ықпал етеді. Ол жоғары оқу орнында кәсіби дамуының барысында біршама өзгеріске ұшырайды. Ғылыми әдебиетте адамның таңдаған мамандығы мен оқу мекемелерінде білім алу кезеңінде мамандық бейнесінің динамикасы жайлы түсініктеріне қатысты мәселелер, мамандық бейнесінің болашақ маманның қалыптасуына ықпалы жайында мәселе жете қарастырылмаған. Ол түсініктер өз бетінше шектеулі тіршілік етпейді, адамның мамандықтар әлемі жайлы білімдерінің аумағында тұрақты орын орын алады. Мамандық

әлемі жайында бара-бар түсініктердің жиынтығы еңбек ету өмірінің және оның жүзеге асырылуының маңызды шарты болып табылады.

Адамның еңбек әлемі, мамандығы жайлы білімдері еңбек ету үдерістері, заттары, құралдары мен жағдайлары жайлы білімдермен қатар, кәсіби қауымдастықтарға қатысты адамдар жайында да білімдерді қамтиды. Жоғары оқу орнында кәсіби маңызды сапалардың дамуы бұл – адамның кәсіби қауымдастыққа енуі, мамандықты игеруі. Жастардың мамандықтардың ұсынатын талаптары жайлы түсініктерін зерттеген бірқатар мамандар аталмыш мәселені өзге қырынан қарастыруға әрекеттенді. Д.В.Демина, В.В.Ермолова, А.М.Кухарчук, Л.Н.Рожина, Г.П.Рябоконе, О.Е.Яицинина және т.б.еңбектерінде бітірушілердің көпшілігі кейбір мамандықтың адамға қандай талаптарды ұсынатынын түсіне алмайтыны, ал мамандықтың тұлғаның ерекшеліктеріне сәйкестігі сияқты маңызды фактор әрдайым ескеріле бермейтіні айтылады.

И.Ә.Абеуова практикалық психологтың жұмысы, қазіргі қоғамда еңбектің ерекше түрі ретінде, жалпы да, өзіндік ерекшелігі бар еңбек болып саналады деп есептейді [Абеуова, 2011]

Кәсіби маңызды сапалардың дамуын зерттей отырып, Н.В.Темнова төмендегі жағдайлардың жүзеге асырылуы маңызды деп есептейді, олар: студенттердің психологтың кәсіби маңызды сапалары жайындағы түсініктерінің, өзін-өзі бағалауының ерекшеліктерін, өздеріндегі кәсіби маңызды сапалардың айқындылығын зерттеу; психологтың кәсіби мен өзі жайлы бара-бар түсініктерді кеңейтіп, дамыту; жоғары курс студенттерінің аумағы тар арнайы және кейбір жағдайларда ұйымдастырушылық сапаларға бағдарлау; адамгершілік сапаларын, мамандық жайлы біртұтас түсінікті жүйелі дамыту.

Ғалым зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша кәсіби сапалардың біржақты дамуы кәсіби ниеттердің тұрақтылығының сипаты оқытудың әр курсына әртүрлі болатынын көрсеткен. Бірінші курс студенттердің көпшілігі үшін кәсіби ниеттердің тұрақтылығының бірашама жоғары деңгейі тән болса, төртінші курстағылардың арасында олардың саны аз болды. Оның себебі мамандықты мектепте *таңдау мен оны меңгеру* барысындағы біршама айырмашылықтармен анықталады. Төртінші курсқа қарай өзінің мамандығына жағымсыз қарайтын студенттердің саны төмендегенімен кәсіби ниеттердің тұрақтылығы жайлы мәселе шешілмейді, өйткені жоғары оқу орнының бітірушілерінің ішінде де өзінің болашақ мамандығы жайлы мәселені түбегейлі шешпеген студенттер тобы да бар екендігі анықталды. Зерттеудің нәтижелері бойынша бірінші курста мамандыққа қанағаттанудың ең жоғары дәрежесі анықталса, оқу барысында оның біршама төмендейтіні де көрсетілді. Алайда, оның себебін әртүрлі түсіндіруге болады: объективті себептермен (нақты жоғары оқу орнында оқыту деңгейі) қатар субъективті факторлар да (кәсіби маңызды сапалардың дамуынан болашақ мамандықтың көлеңкелі

тұстары да анықтала бастайды) көрсетіледі. Оның тетігі болашақ психологтың таңдаған мамандығын персонализациялау тәсілі ретінде жатсыну арқылы көрініс береді.

Кәсіби жатсыну психологтың еңбек ету жүйесіне еніп, оның сипатынан туындайды. Психологтың еңбек ету жүйесіне енуінің жете нақты болмауы кәсіби маңызды сапалардың жоғары оқу орындарындағы осындай жағымен қанағаттанғысыздығы жатсыну жүйесі ретінде анықталады. Болашақ психолог әртүрлі тәсілдерді қолдану арқылы одан бас тарта бастайды. Ол ондай әрекетке әдейі, өзінің алшақтығын көрсету үшін баруы мүмкін.

Жауапкершілікті сезінбеуден туындаған кәсіби жатсыну болашақтың нақ өзі шеттетілетін вакуумның қызмет етуі тәрізді. Студент когнитивті диссонансты арттыратын кәсіби ақпаратты (білімдерді) қабылдаудан;

мақсатты болжау қажеттігінен; фрустрациялаушы күйзелістерден;

психолог еңбегінің әрқилы жақтарына қатысудың жайсыздығынан бас тартуға тырысады.

Жауапкершілікті мойындаудан туындаған кәсіби жатсыну кәсіби рөлді еркін меңгеруді, жекеден алшақтап, кәсіби жағдаятқа шоғырлануды, кәсіби тәжірибесін жеке өмірінде саналы әрі бара-бар пайдалану іскерлігіне әкеледі. А.Г.Асмоловтың терминологиясында ол жағдай «тұлға рөлді әртүрлі жағдайларда қолданып, меңгереді» деп түсіндірілген [Асмолов,2001]. Кәсіпті еркіті жатсыну адамның өзінің өмірдегі орнын анықтау кезеңіне тұспа тұс келеді. Н.С.Пряжникова – «Бұл дұрысы, мамандық нақты өмірді құрудың тек құралы ғана болып табылатын өмірлік кеңістіктің, өмір салтының таңдалуы» деп көрсетеді [Пряжников,2009].

Демек, жоғары оқу орнында кәсіби маңызды сапалардың даму барысында ұйғарылған білімдердің, іскерліктердің, дағдылардың нақты жиынын меңгерумен қатар, студенттердің үйлесімді кәсіби дамуын да қамтамасыз ету қажет.

Н.В.Темнова бойынша психологтың кәсіби дамуы үш құрылымнан құралатын әрі оның Мен тұжырымдамасының негізін құрайтын біртұтас архитектураниканың барысында жүзеге асырылуы мүмкін, олар: бағдардың когнитивті құрылым (кәсіби білімдер және кәсіби сенім); эмоциялы-бағалаушы құрылым (кәсіби білімдер мен сенімдерге эмоциялы қатынас); мінез-құлықтық құрылым (мінез-құлықта көрініс беретін сәйкес реакция) [Темнова, 2001].

Мұндағы рефлексивті әрекеттер ерекше рөл атқарады. Л.С.Выготский бойынша дәл рефлексияның негізінде адам өзін дербес сезімдерінің аясында бақылап, әрекет етуші, пайымдаушы және бағалаушы «Менін» іштей дифференциациялай алады [Выготский, 1982-1984.]. Х.Хекхаузен рефлексия сана-сезімді кері байланыспен қамтамасыз ететінін айтады [Хекхаузен,1986].

Субъектінің «Мен» бейнесі оның өзі жайлы әртүрлі дәрежеде ұғынылған, дифференциацияланған және жалпыланған сан алуан білімдерді қамтиды. Индивидтің өзіне деген біртұтас қатынасын репрезентациялайтын өзінің бейнесі «Мен» бейнесінің генетикалық бастапқы формасы болып табылады. Жоғары оқу орнында кәсіби маңызды сапалардың анықталған даму ерекшеліктерін ескерсек, назарымыз болашақ психологтардың кәсіби сапаларының жүйесіне аударылады.

Психологтың жетекші кәсіби сапасы – адамды тұтастай индивид, тұлға, еңбек пен өмірдің субъектісі, бірегей даралық иесі ретінде қабылдап, түсіну – анықтаушы болып табылады, ал әдістемелік құралдар – жоғары санаттағы шеберден гөрі, ортаңқол маман мұқтаж болатын құралдың қатарынан саналады.

Г.Олпорттың адамдарды жақсы түсінудің сегіз тұлғалық сипаттамасы: мінездемесі, ұқасатық, интеллект, инсайт, күрделілік, шеттетілгендік, эстетикалық бейімдіктер, әлеуметтік интеллект бар екені белгілі [Олпорт Г. Становление личности: Избранные труды 2002].

Г.Смит әрбір психологтың бойынан табылуы тиіс сензитивтіліктің бақылаушы, теориялық, номотетикалық, идеографиялық сензитивтілік атты төрт компонентін көрсетеді.

Е.В.Сидоренко мен Н.Ю.Хрящева практикалық психологқа қажет сапалардың кең ауқымын былай сипаттайды:

1. Психологиялық бақылампаздық бұл – басқа адамдарды, психологиялық құбылыстарды қабылдау, оларға деген сезімталдық. Жақсы бақылаушы обсервациялық және идеографиялық жоғары сензитивтілікке ие болады, яғни бір жағынан, бір адамды қарап отырып, оның сырт келбетін, сөйлеген сөзі мен әрекетін есте сақтауға қабілетті болуы, келесі бір жағынан ол бір адам бақылаудың нәтижесінде ол жайында ақпараттардың көлемін жинақтап, оны барынша жан-жақты түсіну үшін қолдануы.

2. Психологиялық ойлау бұл - бақыланған оқиғалардың психологиялық мазмұнын сезіну қабілеті мен оны талдау іскерлігін болжайтын ойлау стилі, ерекше тәсіл. Жоғары дәрежеде дамыған психологиялық ойлау барлық ойлау операцияларының жоғары деңгейімен, парадоксалдылығымен, болжалдылығымен, әртүрлі нұсқаларды қарастыру қабілетімен сипатталады.

3. Өз-өзін меңгеру бұл – жұмыс барысында туындайтын жағымсыз эмоциялы күйлерге, сондай-ақ сырттай алаңдатушы, кедергі келтіретін немесе арандататын ықпалдарға қарамастан психологиялық міндетке шоғырлану қабілеті.

4. Тыңдай алу қабілеті – дауыстап айтқан хабардан басқа, сөзсіз хабарлағысы келген ақпаратты қабылдап, түсіне білуі. Сонымен қатар, өзгені тыңдай алу – адамның өзінің ішкі жан дүниесіне де құлақ салып, өзгелердің сөздерінің әсерінен туындаған әрекеттерін, көріністерін байқай алуы, өзін тыңдай алуы.

5.Эмпатия (лат. *empathia*) бұл – адамның күйзелісті, сезімді бөлісуі, түсінуі [Е.В.Сидоренко мен Н.Ю.Хрящева]. Ол адамның жай-күйін түсінуге, онымен сенімді қатынастарды орнатуға көмектесіп, нәтижесінде клиенттің өзінің мінез-құлқымен жұмыс жасап, өзгеруіне мүмкіндік беретін ахуал қалыптасады. Эмпатия бұл адамның өзгенің күйзелісін, жай-күйін түсіну, жанашырлық таныту. Эмпатия сезімнің адам бойында жиі кездесетін, өзіндік мән-мағынасы бар ерекшелігі. Эмпатия адамның өзгелер қайғы-қасіретті жағдайлар мен қиындықтарға ұшырағанда, оларға жанашырлық, білдіріп, солардың ауыр халінің өз басына түскендей көңіл күйде болуы. Эмпатия өзге адамдардың жан дүниесінің сыры мен күй-жайын білу қабілеттілігі және оған жанашырлық білдіру.Эмпатияның айқын көрінісі – *идентификация*. Бұл адамның өзге адамның психикалық жай-күйін өз басынан кешіргендей халде болуы. Эмпатия- басқа адамдарға жаны ашып, сезімін білдіру қабілеті, олардың күйін түсініп, қолынан келген көмегін беруге даярлығы. Эмпатияны алғаш америкалық психолог Э.Титченер (1867-1927) ашып көрсетті. Ол философиядағы ұнату сезімінің теориялық негіздеріне сүйене отырып, жанашырлық сезімнің эмоциялық, салыстыру мен ұқсату тәсілдермен түсіндірілетін танымдық (когнитивтік) және адамның жан күйзелісіне душар болу себептерін алдын ала сезе білу сияқты түрлері болатындығын көрсетті.

6. Креативтілік бұл – адамның әдеттен тыс шешімдерге және мінез-құлыққа қабілетті болуы, проблемалардың жаңа шешімін немесе оны айқындаудың жаңа тәсілдерін анықтай алу қабілеті. Психологқа креативтілік мінез-құлықтың таптаурынын жеңуге, күрделі жағдайлардағы қиындықтардың бірегей шешімін табуға көмектеседі.Креативтілік бұл - тұлғаның айрықша идеяларды шығару, ойлаудың дәстүрлі схемаларынан кете алу, проблемалық жағдаяттарды шеше алу қабілеті Креативтілік интеллектуалдық қабілеттердің ішінде ерекше тип ретінде бөлініп шықты[Сидоренко, Хрящева]. Гуманистік психологияның көрнекті өкілдерінің бірі Абрахам Маслоу креативтілік пен өзін-өзі танытудың арақатынасын зерттеуде креативтілік тұлғаның жетістігін емес, ол тұлғаның өзін сипаттайды деген. Бұл пікірден жетістіктер өзін-өзі танытатын тұлғаға қатысты екінші ретті болып табылатыны көрінеді. Өзін-өзі танытатын тұлғаға тән батылдық, еркіндік, спонтандылық, тұтастылық, өзін-өзі қабылдау, айқын ақыл-ой, сана сияқты мінездік қасиеттер креативтіліктің генерализациясына әкеледі. Генерализацияланған креативтілік дегеніміз - тұлға өмір сүретін барлық аумақтарда көрініс табатын, тұлғаның креативтік бағдарлары мен креативтік өзіндік қызмет етуі. А.Маслоу креативтілікте шығармашылық қасиет емес, ал нағыз адамгершіліктік қасиет деп атаған [Маслоу]. Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің субъектісі – психолог үшін өзінің тұлғалық ерекшеліктерін, қабілеттерін, мүмкіндіктерін, қуатты және әлсіз жақтарын, кемшіліктерінің орнын толтыру амалдарын білуі қажет.

Р.В.Овчарова психологтың тұлғасына ұсынылатын талаптарды анықтауда төмендегідей сипаттамаларды ажыратады:

1. Психологтың ақыл-ой қабілеттері жоғары, көреген, парасатты, еркін ойлы, аналитик, эксперимент жүргізе алуы тиіс.

2. Психолог әлеуметпен, адамдармен жұмыс жасағанды ұнатады, әрі әлеуметпен мойындалғанына қуанады, адамдарға қайырымды, белсенді топтарды оңай қалыптастырады, адамдардың аттарын жақсы есіне сақтайды, сыпайы, әдепті, қарым-қатынаста келісімге келе алады.

3. Ол бірлескен әрекеттерді ұнатады, тұлғаның қызығушылықтарын топтың мүддесіне бағындырады, намысшыл, адал ниетті, борыш сезімі қалыптасқан және жауапты, қуатты, күшті, өзіне бағындыра алады. Ол батыл, тәжірибелік мәселелерді жеңіл шешеді.

4. Психолог эмоциялы тұрақты, ұстамды, байсалды, жағдайды шынайы бағалай алады, стреске шыдамды.

Жалпы, психолог іс-әрекеттің субъектісі ретінде төмендегідей категорияларға ие болуы тиіс:

интеллектуалдылық (сыпайылық, ақылдың қисындылығы мен тәжірибелілігі, рефлексивтік);

әлеуметті (эмпатия, әлеуметтік қатынастар мен әлеуметтік қолдауға қажеттілік, коммуникабельділік) [Овчарова,2016]. Жетістікке жету қажеттілігінің, адекваттылықтың, «Мен» - тұжырымдамасы мен өз-өзіне сын тұрғысынан қарау, эмоциялы тұрақтылық пен оптимизмнің өзара үйлесуі өте маңызды.

В.Н.Карандашев оқытушының кәсіби маңызды сапаларын сипаттап: «Психология пәні оқытушысының іскерліктері, тұлғалық қасиеттері мен қабілеттері өзге оқытушылық мамандықтарға ұқсас. Ол төмендегідей сапаларға ие болуы тиіс:

1. Психологиялық білімдердің әрқилы слаларында білімділігі мен хабардарлығын танытып, өзге ғылымдарда да білімпаз болуы тиіс.

2. Оқытқан пәнінің іргелі негізін меңгеруі тиіс.

3. Өз бетінше оқу материалын меңгере алуы, оқытудың оптималды құралдары мен тиімді әдістерін анықтай алуы тиіс.

4. Қисынды ойлап, шебер сөйлейтін, тілдікқоры бай болып,шешендік және әртістік қабілеттерге ие болуы тиіс.

5. Студенттердің оқу материалын түсініп, меңгеруі үшін оны лайықты түсіндіре алуға қабілетті болуы тиіс.

6. Бақылампаздыққа, талапшылдыққа және студентті түсіне алу іскерлігіне ие болуы тиіс.

7. Студенттердің оқу материалын меңгеруіне ынталандыруы тиіс.

8. Коммуникативті және ұйымдастырушылық қабілеттерге ие болуы тиіс.

9. Педагогикалық әдепті болуы тиіс» [Карандашев,2009].

Л.Н.Собчик «Индивидуалдылық психологиясына кіріспе» атты еңбегінде мамандарды тексерудің нәтижесінде анықталған көптеген

мамандықтардың кәсіби маңызды сапаларын сипаттайды. Оның жұмысының артықшылығы автордың сипаттаған сапалардың экспериментті түрде алынуында. Ол психологтар мен психиатрлар туралы: «Психиатр-дәрігерлердің таңдауының негізінде аталмыш мамандық өкілдеріне тән тұлғалық ерекшеліктер анықталды. Жеткілікті дәрежеде жоғары іздеу белсенділігі мен табысқа жетудің жоғары мотивациясымен қатар, зиялылықтың жоғары индексі, сананы жоғары қадағалау, ақылының аналитикалық түрі, қызығушылықтарының кең шеңбері, орны эмпатиялылықпен толтырылатын қиялы мен интроверттілігінің байлығында эмоциялы аумағының тұрақсыздығы мен қайшылығына байланысты маргиналды бейімделу; вербалды интеллект – орташадан жоғары...; дифференциялы – диагностикалық және психологиялық түзету жұмыстарымен айналысатын кәсіби табысты практик-психологтар вербалды интеллектімен, интуитивтілігімен, эмпатиясымен, жақсы коммуникативті қабілетімен ерекшелінгенімен, индивидуалистік және іздеу белсенділігінің анағұрлым жоғары көрсеткіштерімен ерекшелінеді; олар вербалды әрі ресми – қисынды интеллектуалды байқаулар бойынша едәуір жоғары ұпайлар танытты, бірақ жұмсақтығы мен жанашырлыққа қабілеттелігінің төмендігінде абстарктілі гуманизм мен демонстративтіліктің едәуір айқын бітістерімен ерекшелінді» [Собчик,2017].

Тәжірибесі мол психотерапевттердің өзі қызметтерінде қажет төмендегідей интегративті сапаларды қамтуы тиіс:

спонтандылық, «өзіндегі балаға оралу» қабілеті (Р.Кроули, Дж.Милс);

еңбекқорлық, мақсаттылық (М.Э.Телешевская);

өзгерістерге, ықыласқа, ашықтыққа жауапкершілік (К.Витакер);

интуиция (К.Витакер, Г.А.Миккин, Р.Мэй, К.Рудестам).

АҚШ-тағы кәсіби бағдар жөніндегі ұлттық ассоциация табысты кеңесші-психологтың төмендегідей сапаларын ажыратады:

1. Адамдарға деген терең қызығушылық білдіру және қарым-қатынаста шыдамдылық таныту.

2. Өзге адамдардың ұстанымдары мен мінез-құлықтарына сезімталдық.

3. Эмоциялы тұрғақытылық пен объективтілік.

4. Өзге адамдардың сенімін тудыра алу қабілеті.

5. Өзге адамдардың құқығын сыйлау.

Р.Кочюнас табысты психолог-тренер тұлғасының моделін ұсынады. Оған:

1. Тұтастылық – психолог тұлғасының маңызды өзекті сапасы ретінде және экзистенциялы тұлға.

2. Дербес сезімдерін қабылдауда шынайылық ретінде дербес тәжірибесіне ашықтығы.

3. Дамыған өзін-өзі тану қабілеті. Өзге адамға қалай көмектесуге болады деген сауалдың жауабы психологтың өз-өзін бағалауымен, оның

дербес қабілеттеріне және тұтастай өмірге адекватты қатынасымен анықталады.

4. Тұлғаның қуаттылығы және сәйкестігі. Өзін және өзінің өмірлік ұстанымдарын тұрақты тексеру.

5. Белгісіздікке толеранттылық. Адамның дербес тәжірибесіндегі белгілі, үйреншікті жағдаймен «қоштасып», «бейтаныс территорияға» аяқ басуы табысты тренингтің алғышарттарының бірі болып табылатындықтан, кеңесшінің белгісіздік жағдайларында өз-өзіне сенімділігі қажет.

6. Жеке жауапкершілікті жүктеуі. Көптеген жағдайлар психологтың қадағалауымен орын алатындықтан, ол сол жағдайлардағы өзінің әрекеттеріне жауапкершілікті сезінуі тиіс.

7. Әзілкештік сезімі. Психолог әзіл-оспақсыз табысты бола алмайды, яғни жағдайдан оңашаланып, оны әзілмен қабылдай алуы тиіс.

8. Айдар тағудан аулақ болу. Психолог адамдарды, олардың сезімдерін, көзқарастарын бағалауға міндетті, бірақ өзінің бойын айдар тағудан аулақ ұстауы тиіс.

9. Шындыққа негізделген мақсаттарды көздеу. Табысқа талпыну және сәтсіздіктерден қашу заңына сәйкес біз әрдайым шындыққа негізделген мақсаттарды көздей бермейміз. Өз мүмкіндіктерінің шекараларын түсіне алуы тиіс.

10. Күйзелісті бөлісе алуы. Табысты психолог – ең алдымен өзгенің ұстанымын қабылдай алатын маман.

А.А.Осипова өзге жолды ұсынады: ол әртүрлі психологиялық мектептердегі кеңесші психологтың және немесе психотерапевттің ұстанымын сипаттап, олардың табысты жұмысына қажет негізгі сапаларды атайды [Осипова,2002].

Гуманистік психологияның шеңберінде жүргізілетін психологиялық түзету жұмысының тиімділігіне ықпал ететін факторлар: клиентті шартсыз қабылдау, тренердің эмпатиясы мен оның конгруэнттілігі.

Жалпы тренерге іскерліктердің кең аумағы қажет: катализатор, рөлдік модель, серіктес, белсенді араласу немесе керісінше үндемей қалу іскерліктері қажет.

У.Глассердің шындыққа негізделген терапиясында психологтың ұстанымы ұстаздың позициясына ұқсас. Осыған байланысты кәсіби сапаларға ұсынылатын талаптар сипатталады, олар: тыныштандыру, эмпатиялылық, талапшыл, жүйелі болу және мінез-құлық моделі ретінде қызмет ету қабілеті.

Экзистенциялы психологиядағы психологтың ұстанымы: сыйласымдылық, клиентке деген сенім, өзіне қатысты әділеттілік пен өзін-өзі ашу, манипуляциялаудан бас тарту және психологтың өзінің тұлғасымен өзгелерге өзінің мінез-құлқын телуге жауапкершілікті

жүктемей, күйзелудің өнімді тәсілдерін модельдейтін өзінің тұнықтығына жауап ретінде өзіне бағытталған қатынасты қабылдау даярлығы.

Классикалық психоанализдегі психологтың ұстынымы: кіріспеу, шеттету, бейтараптылық, жеке басының тұйықтығы, «көшіруге» шыдау және «контр көшірумен» жұмыс жасау іскерлігі мен қабілеттілігі, адекватты интерпретацияларға қабілеттілік.

Психологтың дербес қиындықтарын, реакциялары мен олардың клиентке ықпалын ұғынуы, психоаналитикке ұсынылатын маңызды талаптардың бірі болып табылады.

Практик-психологтың табысты жұмысына қажет деп жиі көрсетілетін сапалар: «Мен-тұжырымдама», эмпатия, коммуникабельділік, ынтымақтастық ұстанымы, жауапкершілік сезімі, тәуелсіздік, эмоциялы тұрақтылық, тыңдай алу қабілеті, жоғары интеллект, креатвтілік және рефлексия.

Қазіргі кездегі жоғары оқу орындарында негізінен, болашақ маманды даярлаудың оқу-танымдық әрекеттеріне көбірек көңіл бөлінеді. Оқу-танымдық әрекетті қалыптастырудың негізгі мақсаты, сол игерілген білімдерді мамандардың болашақта туындайтын тәжірибелік мәселелерді шешуге пайдалана білгенде ғана кәсіби біліктілік деңгейі артатын болады. Ондай дәрежеге қол жеткізу үшін көптеген проблемаларды кешенді түрде шешу керек болады. Оның ішінде, студент өзін қалыптасушы және дамытушы маман ретінде сезініп, өзі жинақтаған білімін, іскерлік дағдыларын өзін-өзі ары қарай біліктілігін жетілдіре түсетіндей психологиялық механизмдерін ашып көрсетіп, білімін көтеру өзекті мәселе болып саналады.

Г.С.Абрамованың, А.Ф.Бондаренконың, И.В.Дубровинаның, Е.С.Романованың және т.б. пікірлері бойынша психолог мамандығы аса күрделі іс-әрекет түрлерінің бірінен саналады: «...іс-әрекеттің мазмұны көп қырлы, кәсіби қызметтері көп нұсқалы әрі психологиялық көмек көрсету қызметінің алдындағы міндеттерге тәуелді келеді». Осы жәйт болашақ психологтардың негіздемелі кәсіби даярлығының маңыздылығын айқындайды.

Демек, жоғары оқу орнында білім берудің мазмұны мен технологиясы, студенттің кәсіби міндеттерді шешуінде өзінің ішкі резервтерін, жеке тұлғалық әлеуетін барынша іске асыруға даярлығының деңгейіне бағытталса ғана, студенттің кәсіби-жеке тұлғалық жаңа құрылымдары дамып, кәсіби біліктілігі қалыптасып, кәсіби маңызды сапалары дамиды.

«Педагог-психолог біліктілігін алған түлек білім алушының әлеуметтік және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін кәсіби іс әрекетті жүзеге асыруға даяр болуы тиіс; Білім беру бағдарламаларын саналы таңдап және меңгеріп, тұлғаның жалпы мәдениетінің қалыптасуына және әлеуметтенуіне мүмкіндік туғызуы керек; Бала құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес тұлға құқын сақтауға білім беру мекемесінің

әлеуметтік сферасын үйлестіру; білім алушылардың, педагогикалық мамандардың және ата-аналардың психологиялық мәдениетін қалыптастыруды жүзеге асыру; тұлға ерекшелігін ескере отырып, дамытушы, коррекциялық білім беру бағдарламаларын жасау; әртүрлі қырынан психолого-педагогикалық коррекцияға қажет және арнулы психологиялық диагностиканы жүргізу; шығармашыл, дарынды оқушыларды психологиялық қолдауды жүзеге асыру.

Педагог-психолог біліктілігін алған тұлға Қазақстан Республикасының Конституциясын; Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және білім беру ұйымдарының шешімдерін; Адам құқығы және еркіндігі Декларациясын; Бала құқықтары туралы Конвенцияны; еңбекті қорғау, денсаулық, кәсіптік бағдар білім алушылардың жұмыспен қамтылу және олардың әлеуметтік қорғалуы туралы нормативтік құжаттарды; жалпы психология, педагогикалық психология, жалпы педагогика тұлға психологиясы және дифференциалдық психология, балалар және жас ерекшеліктері психологиясын, әлеуметтік психологияны, медициналық психологияны, балалар нейропсихологиясын, патопсихологияны, психосоматиканы; дефектология негізін, психотерапияны, сексологияны, психогигиенаны, кәсіби бағдар, кәсіпке кіріспе және еңбек психологиясы, психодиагностиканы, психологиялық кеңес беру және психопрофилактиканы; белсенді оқыту әдістерін, қарым қатынастың әлеуметтік-психологиялық тренингін; топтық және индивидуалдық кәсіби кеңес берудің қазіргі әдістерін, диагностика и коррекци қалыпты және аномалды дамыған баланы диагностикалау және коррекциялау; еңбекті қорғау ережесі мен нормасын, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғану».

2 ТАРАУ. ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГ КАБИНЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Елімізде психологиялық қызметтің кең жүйесін жасау, халықты психологиялық қолдау масштабын кеңейту бірқатар міндеттерді шешуді талап етеді. Оның бірі практикалық психолог жұмысын ұйымдастырумен, қажетті құрал-сайманмен, әдістемелік материал және арнайы жабдықталған жұмыс орнын ұйымдастырумен байланысты. Практикалық психологтың арнайы жабдықталған кабинеті оқу-тәрбие, білім беру немесе келген мекеменің қарапайым кабинетінде арнайы аудан, күрделі жобалау немесе қымбат тұратын құрал-сайманды қажет етпей орналаса алады. Практикалық психолог кабинеті, оның ұйымдастыру мен жабдықтау психологиялық қызметтің тиімділігін арттыруда маңызы зор және бастаушы психологтың кәсіби бейімдену барысында көптеген қиыншылықтарын жояды.

Осыған байланысты, психологиялық қызмет дамуының бір шартына халықты психологиялық қолдау және психологиялық қызмет көрсететін мекемелер желісін көбейту тек осы ғылымды ғылыми-теориялық, заңнамалық және әдістемелік сүйемелдеу ғана емес, сонымен бірге практикалық психологтың жұмыс орнын ұйымдастыру да жатады.

Психолог кабинетін психолог пен клиенттің өзара әрекет алаңы ретінде, оның ортасында бәрінен бұрын тұлғаның мүддесі болатындай қарастыру қажет. Адамның осындай күрделі әрі терең құпиялы мәселелері психологиялық көмектің маңызды шарттарына сәйкес құпиялы түрде болуы керек. Бірақ әрқашан осы шарт сақталмайды, әсіресе, практикалық психолог жұмысы арнайы жабдықталған кабинеттен тыс үшінші тұлға қатысуымен іске асырылып жатады. Кабинеттің ұйымдастырушы кеңістігі мәселесін шешуде күту және кеңес беру аумағын дайындау керек. Түс психологиясы талаптарын ескерген дұрыс, оның мәні ортаның композициялық және түстің біртұтастығын, визуальды мазмұнын, қамтамасыз етуден өз орнын тапқан, ол салыстырмалы тыныштық, диалогқа бағыттылық, сенімді қатынасты белгілейді. Түстік климат практикалық психолог кабинетін ұйымдастыру және түзетуші жаттығулар және релаксациялық сынақ, элеуметтік-психологиялық тренинг үшін маңызды бөлік болып табылады. Релаксация эффектісі және психоэмоциялық жүктемені жоюға жан-жақтағы нақты элементтері, слайд бейнелерді өзгерту жиілігі және кабинетті жарықтандыру әсерімен қол жеткізуге болады.

Психологиялық қызметтің тиімділігін ұйымдастыру ерекшеліктері практикалық психолог кабинетінің дайындалған жобасын ескереді. Ол оқу білім, медициналық немесе муниципальды мекемеде қарапайым кабинет базасында қызмет етеді және онда тек кеңістікті-түстік шешім мен әртүрлі аймақтарды жобалау нұсқаулығы ғана емес, сонымен бірге әдістемелік құрал-сайман мен психодиагностикалық әдістеде бар. Осындай кабинетті ұйымдастыру бастаушы психологқа халықты психологиялық қолдаудың көп қырлы мәселелерін бірте-бірте шешуде өзінің кәсіби

тәсілін табуға көмектеседі.

1.2.1. ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КАБИНЕТІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

Практикалық психолог кабинетінің (ППК) – халықты психологиялық көмек пен қолдаудың бірегей жүйесінің бір бөлігі. Оның міндетіне халықтың әртүрлі санатына, оның ішінде даму мен жас деңгейі әртүрлі оқушыларға, олардың ата-аналарына уақытында білікті кеңес беру-әдістемелік, психологиялық және психо-түзетуші көмек көрсету, сондай-ақ, әлеуметтік-психологиялық реабилитация мен бейімдену мәселелерін шешу жатады.

Практикалық психолог жұмысының негізгі ұстанымына – жеке және жеке тұлғалық – орталықтандырылған тәсіл жатады, ол төмендегілерді қарастырады:

қызығушылық, қабілет, бейімділік саласында тұлғаның әлеуетті мүмкіндіктерін оңтайлы дамытудың жолдарын іздестіру;

баланың психологиялық жеке тұлғалық дамуына мейлінше ықпал етуді мақсат тұтатын дамытушы және психотүзетуші жұмыстың жеке бағдарланған бағдарламаларын дайындау;

төтенше және сындарлы жағдаятта психологиялық көмек пен қолдау көрсетудің тиімді тәсілдерін дайындау және іске асыру;

тұлғаралық қатынас, кәсіби өсуді жоспарлау, кәсіби өсу және кәсіби таңдау мәселелерін шешу;

зайыптық өмір мәселелерін, отбасылық дағдарыс, бала-ата-ана қатынас, сонымен бірге ажырасудан кейін ажырасуға дейінгі психологиялық қолдау мәселелерін шешуге көмек көрсету;

тұлғаның психологиялық денсаулығы мәселелерін шешу. Төтенше және сындарлы жағдаятта, бала мен ата-анаға төтенше көмек көрсету кезінде, мысалы экологиялық, техногенді апат, радиациялық ластану ауданында болған, зорлық-зомбылық немесе лаңкестік актқа ұшыраған, психологиялық қолдауды қажеттілік туындаған және жарақаттық күйзеліс және соның салдарын түзету барасында психологиялық кабинет қызметінің ерекше мағынасы арта түседі.

Психологиялық кабинеттің көпқырлылығы күйзелісті бұзылыс пен оның салдарын игерумен байланысты бірқатар арнайы міндеттерді шешуге мүмкіндік туғызады, оның ішінде:

асқынған күйзеліс реакциялары дамуының алдын алу;

қызметтің эмоциональды аясын қалыптандыру;

ақыл-ой шаршау эффектісін жою;

психологиялық-эмоциялық кернеудің жағымсыз салдарын азайту;

психологиялық дебрифинг.

Осыған байланысты, практикалық психолог кабинеті құрылымын екі бөлік ретінде қарастыруға болады, оның біріншісі ортақ міндеттер, олар

кез-келген жағдайда әмбебап болады, ал екіншісі төтенше жағдай мен апаттың ерекше шарттарында ерекше міндеттерді орындайды.

1.2.2. МЕКТЕПТЕГІ ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Мектеп психологы кабинеті жұмысының міндеті мен ерекшелігі оны тікелей оқу-тәрбие мекемесі (мектеп, мектеп-интернат, гимназия, лицей т.с.с.) базасында орналасуы тиімді екендігін көрсетті. Бұл кабинетті балалардың әртүрлі контингенті үнемі келіп, өмірлік ортаның нақты шарттарына психологиялық әсер ету және жас ерекшеліктері әртүрлі балалар, олардың ата-аналары, тәрбиешілер мен мұғалімдердің әлеуметтік байланыс әдістері мен тәсілдерін таңдау және сұрыптауды қамтамасыз етеді.

Нақты оқу-тәрбие мекемеде жұмыс жасау психологқа тәрбие жағдаятына түгелімен енуге, балаларды, мұғалімдерді, тәрбиешілерді жақсы танып, олардың өзара байланысын түсініп, ата-анамен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Психолог балаларды шынайы өмір жағдайында бақылауға мүмкіндік беріп, балаға ықпал етудің жүйесін талдау, өз қызметінің нәтижесін көруге мүмкіндік алады, оның кеңестері мен нұсқаулары өмірде қалай іске асатыны, оның кеңестік және профилактикалық жұмысы нәтижесінде қандай өзгерістерге ұшырататынын бақылайды.

Мектеп психологы кабинеті қызметінің баламалағы мен толыққандылығына оның заман талабына сәйкес әдістемелік және ұйымдастырушылық, сонымен қатар, қажетті техникалық жабдық пен құрал-сайманмен қамтамасыз етілуі жатады. Кабинетте «Психология» мамандығы бойынша жоғары оқу орнын аяқтаған немесе «Педагог-психолог», «Практикалық психолог» қайта даярлаудан өтіп, біліктілігін көтерген (бекітілген үлгідегі диплом) білікті психолог мамандар жұмыс жасауы қажет. Кабинет жұмысы сәтті болу үшін медициналық мекемелермен шығармашылық байланыс орнату, психолог пен педагог біріге әрекет етуі, олардың бір-бірін толықтыруы, ата-аналармен және оларды алмастыратын тұлғалармен тығыз байланыс орнату керек. Бұл психологиялық көмектің мәселені шешу стратегиясын тура анықтауға, әртүрлі жастағы балалармен дамытушы және түзету жұмысына бағытталған бағдарламаларды жасауға мүмкіндік береді.

Мектеп психологы кабинетінің қызметін Психологиялық қауымдастық немесе білім беру департаменті жанындағы ғылыми-әдістемелік орталықтарының қатысуымен практикалық психология бойынша ғылыми-әдістемелік орталықтарының қатысуымен практикалық психология бойынша ғылыми-әдістемелік орталық басшылыққа алады.

Мектеп психологы кабинеті баланың психологиялық және тұлғалық

дамуын қамтамасыз ете отырып өз қызметін өзекті және перспективті деңгейде іске асырады.

Өзекті деңгей күнделікті күйбің мәселелер мен міндеттерді шешуді қарастырады, оларға профилактика, диагностика даму қиындығын түзету, мектеп оқушылары, оның мінез-құлқы, оны оқыту мен тәрбиелеу, әлеуметтік бейімдену, әсіресе, экстремальды және сындарлы өмірлік жағдаяты жатады. Қажет болған жағдайда кабинет психологиялық эмоциялық артық жүктеменің алдын алу, күйзелістің жарақаттан кейінгі салдарын жою, тұлғааралық байланысты қалыптандыру, қатынас пен психологиялық өзін-өзі реттеу дағдыларына үйрету мақсатында психопрофилактикалық тұрғыдан шаралар кешенін қамтамасыз етеді.

Перспективті деңгей оқушының психикалық және тұлғалық дамуына мейлінше ықпалдасу, әрбір жас кезеңінде әлеуметтендіру ерекшеліктерін есепке ала отырып баланың жеке тұлғалық қасиетін қалыптастырудың дамытушы және психологиялық-түзетуші тұлғалық бағдарланған бағдарламаларын дайындауға; психикалық дамуда ауытқушылықты бодырмауға бағытталған түзету бағдарламаларын дайындауға бағытталған.

Өзекті деңгейде әрбір балаға психологиялық зерттеу жүргізіледі, соның негізінде ата-анаға, мұғалімге қорытынды нұсқау мен кеңес беріледі, оқушының танымдық және мінез-құлқын «емдеу», оның мінез-құлқын, байланысын, оқу үлгеріміндегі бұзылыстарды түзету жүргізіледі.

Перспективті деңгейде баланы отбасында қоршайтын адамдармен, оқу мен тәрбиелеу үдерісінде ұшырасатын – ата-ана, мұғалім, тәрбиеші, құрдастарымен тікелей жұмыс жүргізіледі. Негізгі жұмыс формасына педагог пен ата-аналар үшін тренинг, кеңес беру, дәрістің белсенді тәсілдері жатады.

Әрбір баланың жеке тұлғасын дамытуға бағытталған преспективті міндеттерді шеше отырып психолог ересектерге нақты көмек көрсетеді, олардың психологиялық күзіреттілігін арттыру, жастары әртүрлі балалармен тұлғааралық өзара байланыс орнатуға көмектесуі қажет. Бұл болашақта балалардың өзекті мәселелерін және тұлғалық қалыптасу мәселелерін, әлеуметтік және кәсіби анықталу, жеке ересек өмірге психологиялық дайындығын тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Әрбір деңгейде **психологиялық жұмыс** төмендегідей бағыт бойынша жүргізіледі:

- психопрофилактикалық жұмыс;
- психодиагностикалық жұмыс;
- дамытушы және психологиялық-түзетуші жұмыс;
- дамытушы және психологиялық жұмыс;
- кеңес беру.

Психопрофилактикалық жұмысқа төмендегілер жатады:

бала, педагог, ата-ана немесе оны алмастыратын тұлғаларға дәріс, әңгіме, тренинг көмегімен жалпы психологиялық мәдениетті

қалыптастыру;

тұлғаның қалыптасуы, баланың зияткерлігі мен эмоциональды-еріктілік саласында (кезеңді психологиялық диспансеризация және тәуекел тобының балаларын айқындау) ауытқушылықты уақтылы ескерту жасау;

оқу-тәрбиелік мекеме шарттарына бейімдену кезеңінде балаларларға көмек көрсету;

қабілетті ерте анықтау, дамудағы ауытқушылық пен түзету мақсатында мектепте оқуға баланың психологиялық дайындығын анықтау (мектепке балалар қабылдау комиссиясының жұмысына қатысу);

өмірдің қолайсыз жағдайына байланысты психологиялық жүктеме мен неврологиялық жарылысты алдын-ала болжау, балаларды оқыту және тәрбиелеу (сабақ кестесін, мектеп жұмысының тәртібін құрастыруға қатысу; мұғалім және ата-анамен сөйлесу; тәуекел тобының балаларын бақылау);

қатынасу формасын оңтайландыру арқылы оқу-тәрбие мекемесінің қолайлы психологиялық климатын жасау.

Психодиагностикалық жұмысқа төмендегілер жатады:

баланың психологиялық дамуы жас нормаларына және қажетті қабілет пен дағдыны игеру деңгейіне сәйкестігін анықтау мақсатында психологиялық зерттеу;

әрбір балаға жеке тұрғыдан, кәсіби және тұлғалық өзін-өзі анықтауға көмек көрсету мақсатында баланың психологиялық ерекшеліктерін, қызығушылығын, қабілеті мен бейінін зерттеу;

кіші жастағы балалардың зияткерлік және тұлғалық дамуында ауытқушылықтың, мінез-құлқының бұзылуына дифференциальды диагностика жасау (сәйкес саладағы мамандармен бірге өткізіледі);

балалар ересектер және құрдастарымен байланысу сипатына диагностика жүргізу, қарым-қатынас бұзылу себептерін анықтау;

жарақатты күйзеліс салдарынан өзгерістерге, оқушының жасын есепке ала отырып жарақаттың әртүрлі типіне сензитивтілігіне диагностика жүргізу;

Психологтың *дамытушы және психотүзетуші* жұмысы төмендегі мәселелер бойынша бағдарламалар дайындау арқылы іске асыруды көздейді:

- тұлғаның жалпы және оның жеке қырларының дамуы;
- психологиялық дамудағы ауытқушылықтарды түзету;
- жарақаттаушы жағдаяттың ерекшелігі мен түрлерін есепке ала отырып жарақаттан кейінгі бұзылыстарды түзету;
- эмоциональды күйзеліс реакциясын өзін-өзі реттеу және еңсеру әдіс-тәсілдерін үйрену;
- ересектерге экстремал жағдайда төтенше психологиялық көмек көрсету техникасын үйрету.

Кеңес беру жұмыстары төмендегілерді қарастырады:

- балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әкімшілік,

- педагогтар мен ата-аналарға кеңес беру;
- балаларға сұраныстары бойынша кеңес беру;
- оқу-тәрбие мекемесінің қызметкерлеріне психологиялық мәдениетті арттыру және балалармен жұмыста ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында біріккен кеңес беру.

1.2.3. ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГ ЖҰМЫСЫН ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Практикалық психолог кабинеті жұмысының барлық бағыты әдістемелік және ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді талап етеді, бұл ППК тиімді жұмысына ықпал ететіні сөзсіз.

Әдістемелік қамтамасыз етуге психодиагностикалық процедураларды жүргізуге арналған құрал-саймандар, психотүзетуші бағдарлама өткізуге арналған материалдар, психотерапиялық әсер етудің әртүрлі формаларына (іс тігу, ине терапиясы, арттерапия, музаклық терапия т.с.с.) арналған қажетті реквизиттер жатады.

Әдістемелік құрал-саймандарды сұрыптау. Зерттеу әдісін таңдау – практикалық психологтың диагностикалық-түзетуші жұмысының күрделі кезеңінің бірі. Қазіргі таңда қолда бар диагностикалық әдістеменің әртүрлілігін зерттеу мақсаты мен міндетіне, сонымен қатар бірқатар маңызды ұстанымдарына сәйкес әдістемені таңдай білу керек. Бұл ұстанымдар бастаушы маман жұмысында диагностикалық құралдардың қажетті минимумды анықтай отырып, практикалық психологтың әдістемелік жабдықталуын ұйымдастыруға тікелей қатысты. Осындай ұстанымдарды келтірейік:

Практикалық психолог кабинетінде бар әдістемелік арсенал психологиялық үдерістер, тұлғаның қасиеті, қалпы, бағыты, оның қалыптасқан негізі, құнды бағдары, зияткерлік деңгейі, тұлғааралық өзара байланыс ерекшеліктері, қиын жағдаятта күйзеліске төзімділік және мінез-құлық реакциясы сияқты адамның психологиялық өмірінің барлық қырын қамти отырып әртүрлі бағытты сипатта болуы қажет.

Практикалық психолог кабинетінде әртүрлі жас тобына арналған әдістемелік құрал болуы қажет. Ғылыми психологияда дайындалып, тәжірибе жүзінде апробациядан өткен әдістемелерді жасы кіші балаларға пайдалануға терең психологиялық талдау мен әртүрлі көрсеткіштердің динамикасындағы кешеннің сауатты интерпретациясын қарастырады. Бала психологиясында бала дәл осы уақытта не орындай алатынына назар салып қоймай сонымен қатар, жақын болашақта ол қандай қалыпқа жетеді, жақын арада жететін аймағы қандай екендігін болжау қажет. Бұл әсіресе, дамудағы ауытқушылық диагностикалауда аса маңызды, осыған байланысты білім алушы, эксперимент қалыптандырушы формада жеке диагностикалық әдістемені дайындау қажет.

Әдістемелер жеке, сонымен бірге топтық зерттеуге де ұсынылған.

Психологқа оперативті ақпарат қажет болғандықтан, экспресс диагностикалық өңдеу және оны жасауға мүмкіндік туғызатын процедурасымен байланысты емес әдістеме маңызды орынға ие болады.

Заманауи технология практикалық психолог кабинетін компьютерлік диагностикалық әдістемемен уақыт үнемдеуге, тест материалы мен бланк дайындауға кететін шығынды азайтады, нәтижені өңдеу процедурасын жеңілдетеді. Компьютерлік психодиагностиканың күмәнсіз артықшылығымен мөлшерден тыс қызығуға болмайды, өйткені, компьютермен диалог құру клиенттің психологпен тікелей эмоционалды қатынасын алмастыра алмайды, эмпатиялық өзара байланыс, қабылдау, сенімді байланыс және түсіну сезімі болмайды, бұл – психологқа келудің негізгі мақсаты.

Әдістемелерге қойылатын талаптар. Практикалық психолог кабинетінің әдістемелік базасын қалыптастыратын талаптарға сәйкес болуы қажет:

Әдістемені қолдану мақсаты, пәні мен саласы бір мағынаға жинақталуы мүмкін;

Қоғамдық практиканың әлеуметтік саласы немесе ерекше әлеуметтік орта, сынама жүргізілетін тұлғалар контингентіне (жынысы, жасы, білімі, кәсіби тәжірибе, лауазымдық ереже) байланысты қолдану саласы анық бөлінген;

Әдістеменің мазмұнына тесттік балды есептеу мен стандарттаудың статистикалық негізделген әдістерін өңдеудің процедурасы анық баяндалуы қажет;

Әдістеменің барлығы берілген қолдану саласына репрезентативтілігі, валидтілігі және сінімділікке тексерілуі керек;

Бланктік әдістемелер жеке парақта ұсынылуы керек, орфографиялық және грамматикалық тұрғыдан мұқият тексеріледі;

Сурет пен мәтіндік материалы бар әдістемелер нақты типографиялық мөрмен айқындалуы қажет.

Жоғарыда келтірілген талаптарды қанағаттандырмаған әдістемелер, кәсіби психодиагностикалық құрал болып табылмайды. Практикалық психолог аттесталған психодиагностикалық әдістемелерді пайдалануға құқылы.

Түзету жұмыстарына арналған психологиялық құралдарды таңдаудың да маңызы зор, оның ішінде әртүрлі таратуға арналған материалдар бар: доп, ойыншық, балалар ойыншықтары, мөрлері және ойын терапиясында немесе ертегі терапиясында қолдануға болатын өзге де материалдар.

Әртүрлі психологиялық құралдарды пайдаланудың тиімділігі өзара байланысты және өзара бір-бірін толықтырушы ретінде кешенді қолданғанда арта түседі. Осындай тәсіл психологиялық диагностика мен одан кейін түзету шараларында, психологиялық қолдау, психологиялық

эмоциональды жүктемені шешу, өзін-өзі реттеу дағдыларына үйрету үдерісінде де маңызды. Осындай құралдарға жекелей алғанда ойын терапиясы, музыка терапиясы және қозғалыс терапиясында қолданылатын аудиовизуальды құралдар, ойын материалдары жатады.

Мектеп психологиялық кабинетінің психологы түзету мен дамыту, нұсқаудың тиімділігі мен соңғы нәтиже бағдарламасын іске асыруға толықтай жауапты.

Өз жұмысын бағалау үшін психолог арнайы дайындалған сауалнаманы пайдалана алады. Нақты бір цикл аяқталған соң жиі өткізілетін сауалнама нәтижесі бойынша әртүрлі жастағы оқушылармен жеке жұмыс жүргізгенде пайдаланылған әдістемелік құралдар мен дамытушы бағдарлама таңдаудың дұрыстығын болжауға, мысалы, жеке қамығу немесе күйзеліске тұрақтылық деңгейінің өзгерісіне және т.с.с).

Әртүрлі жастағы балалармен жобалық әдістемелерді өткізуде бала психикасының ерекше жағдаятқа таңдануын ескерген дұрыс. Бала шығармашылығын зерттеуге қызыға бермейтін ата-ананың өзі бала фильм қарағаннан кейін сол фильмнің тақырыбына орай бір нәрсенің суретін және мүсінін жасайтынын байқаған. Осылайша олар алған әсерін жинақтап, жаңа тәжірибені игеру үшін жұмыс жасайды.

Мектеп оқушыларымен жұмыс жасағанда балаға әлеуметтік нормалар және «өтірік» шкалалары әлі дұрыс немесе тіпті жұмыс жасайтынын ескерген дұрыс. Мектеп оқушысы кіші болған сайын сауалнаманың қажеттігі төмен.

Бала психодиагностикасында диагностикалық процедуралар нәтижесі толыққанды болмауы балалар әдістемеден талап етілген дүниенің мағынасын дұрыс түсінбеуінен де болады. 12-13 жасқа дейінгі балалардың сөздік қорының дамуы көптеген нұсқаулар мен сұрақтардың мағынасын түсінуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан мектеп психологтары сөйлеу тілінің стимулдық материалын пайдаланатын вербальды әдістемеге шамадан тыс қызықпауы қажет.

1.2.4. КАБИНЕТТІ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАУ

Кабинеттегі құрал-жабдық

Психологиялық түзету және қалпына келтіруші шаралар кешенін іске асыру сабақты техникалық қамтамасыз ету және психолог кабинетін жабдықтаудың шарттары мен талаптарына сәйкес арнайы жабдықталған ғимаратта өткізілуі тиіс.

Техникалық құралдар: видеожазба жүйесі және видеожазба мен слайд жиынтығы бар видеокөрсетуші жүйе; дыбысжазба жүйесі және дыбысжазба жиынтығы бар дыбыстудырушы жүйе; компьютер.

Әдістемелік материалдар: мектепте психологиялық жұмыс

жүргізуге арналған практикалық материалдар; баланың жасына сәйкес ойыншықтар жиынтығы; үстел үстінде ойнауға арналған ойыншықтар; әртүрлі материалдар жиынтығы (құрылыс материалдары, сазбалшық, бояу, түрлі-түсті қарындаш, фломастер және т.с.с.); практикалық психологтың кітапханасы; оқушылар, ата-аналар мен мұғалімдерге, әлеуметтік-психологиялық тренинг немесе өзге де топтық сабаққа қатысушыларға арналған нақты материалдар..

Құжаттама: бала, ата-анаға ыңғайлы уақытта (сабақтан кейін, үлкен үзіліс кезінде) сабақ, кеңес беруді қамтамасыз ететін кабинеттің жұмыс кестесі; перспективті жұмыс жоспары; балаларды психологиялық зерттеу картасы; алғашқы қабылдау журналы, қабылдау, балалармен топтық жұмысты есепке алу журналдары; зерттеу нәтижесін тіркеуге арналған бланкілер.

Жиһаз: психологтың жұмыс үстелі – 1; оқулықтарға арналған шкаф – 1; техникаға арналған шкаф – 1; балаларға арналған жұмыс орындары – 6; журналға арналған үстел – 1; кресло – 6; орындықтар.

Интерьер дизайнына арналған қосымша құралдар: ғимараттың түрлі-түсті ауыспалы қабырғалар; гүлдер, құсқа арналған тор; аквариум.

Ғимарат пен интерьерді ұйымдастыру Практикалық психолог кабинеті үшін жеке ғимарат немесе жеке сынып берілуі қажет, оның ауданы 25-30 м² кем болмауы қажет, онда бір уақытта 10-12 адам бола алады, олармен жұмыс ыңғайлы жағдайда болуы қажет.

Температуралық режим. Ғимарат жылы, сонымен қатар жақсы желденетін болуы шарт. Қысқы уақытта ауаның жоғары құрғақтығына байланысты оны ылғалдандыру мен иондау үшін «Комфорт» құрал-сайманын пайлануға болады, ауаны кондиционерлеуге арналған құрылғы болғаны жөн.

Дыбыс тұншықтыру. Дәліз шуын тұншықтыру үшін бөлме екі есікпен жабдықталуы мүмкін, дыбыс тудырушы аппарат жұмысының шуын басқару пульті арқылы төмендетуге болады. Дыбыс жазба дыбысының жоғарғы дәрежесі – 30 дБ. Сабақ кезінде сыртқы есікке тыныштық сақтау туралы ескертпе ілу қажет.

Жарықтандыру және түс. Жарықтандыру интенсивтілігі кең диапазонда реттелуі қажет (жарықтан толықтай қараңғылыққа дейін). Жалпы жарықтандырудың жоғары деңгейі 1000 лк-дан аспауы қажет. қалпына келтіруші релаксациялық немесе дамытушы сабаққа дейін және одан кейін жоғарыдан түсетін қарапайым жарық пайдаланылады; арнайы сабақ кезінде әлсіз жасыл түсті жарық беретін қабырғалық бра жағылады. Релаксация сеансы жартылай қараңғыланған ғимаратта өтеді, бұл релаксация мен ауырлықты жеңілдетуге ықпал етеді.

Қабырға, еден, жиһаз, портьер қосымша қоздыру немесе тітіркендірмейтін тыныштандыратын және бейтарап түс, реңк ұстанымы бойынша пайдаланылады; көгілдір және жасыл түспен еденді жасыл түсті

таңдаған жөн (көгілдір түспен төбені, еденді жасыл түсте).

Практикалық психолог кабинетін ұйымдастыруда түстік ортаның маңызы зор. Бұл бірінші кезекте мектеп психологы кабинетін жарық-түсті ұйымдастырумен байланысты. Бұрын мектеп сыныбын ұйымдастырушылар ақ түске, панелді – қоңырқай-жасыл, тақта мен партаны – қара түске бояйтын. Бұндай қалып адамды шаршататын. Заманауи архитектура балаларды тұйықтық сезімінен алып шығуға талпынады. Цюрих (Швейцария) түс психологиясы институтының зерттеулері жас ерекшелігіне қарай қандай да бір түске қызығушылық танытады: кіші жаста қызыл немеес қызғылт түс, ал қыз балаға күлгін түс ұнайды. 9-11 жаста қызыл түске қызығушылық төмендеп, алдымен сарғыш, содан кейін сары, сары-жасыл, сосын жасыл түске көңілі ауады. 12 жастан кейін сүйікті түске – көк жатады. Статистикалық зерттеулер көк түс көптеген ересек адамдарға ұнайтынын дәлелдеді. Түстің осындай алмасуы жалпы даму үдерісімен, мейлінше терең түске бейімденумен байланысты. Түспсихологиясы институтының зерттеулері түс пен адамның дологиялық сипаты арасында төмендегідей байланысты көрсетті (2.1-кесте).

Әрине, бәрін жүйелендіруге асықпау қажет, тек бала мен жасөспірімнің түске қатынасын да ескеру қажет. Балаларға арналған ғимараттың түсін рәсімдеуде ескерген жөн, ол ғимаратта жаныңды тыныштандырып, рахатқа бөлейтін, көңілін жайландыратын бірден бір орынға – мектеп психологының кабинеті жатуы қажет. Мектепке таза қанық түс қажет. Рекреациялық аймақ кеңістік пен қозғалыс сезімін тудыруы қажет. Көңілді әрі қанық түске боялған мектепте оқыту үдерісі мейлінше шаршатпай, жағымды болады.

Кеңістікті ұйымдастыру. Түзетуші және релаксациялық жаттығумен айналысуы үшін еден жабыны жұмсақ болуы керек: бұл психологиялық кабинетте «бала аймағы» деп аталатын аймақты игеруде маңызды.

Міндеттің ерекшелігін ескере отырып практикалық психолог кабинеті аймағы тұрғысынан әрқайсысы жекелей жағдайға арналған және сәйкес жабдықталған бірнеше аймаққа бөлінуі керек.

Қабылдауды күту аймағы практикалық психолог кабинетінде отырған қабылданушыдан және бөтен адамдардан оқшаулайтын қабырғасы бар ғимараттың бір бөлігі. Түсті кеңінен пайдалануға кеңес беріледі. Қабырға бала мен ата-анадан, жағымсыз сезім тудырмас үшін әсіресе медициналық мазмұнды ешқандай плакат болмауы қажет.

Алғашқы қабылдау және клиентпен әңгімелесу аймағында жұмыс үстелі, кабинет клиенті ретінде бала, мұғалім, ата-ана туралы мәліметі бар картотека, зерттеу мәліметтері мен нәтижелері бар бөтен ешкімнің қолы жетпеуі қажет жабық картотекамен жабдықталуы қажет. шкафта психологиялық кесте, плакат, әдістемелік материал психологиялық зерттеуге арналған өзге де аспаптар бар.

2.1- кесте Түс және адамның психологиялық сипаттамасы арасындағы байланыс

Жасы	Ұнататын түсі	Жағымсыз қатынас тудыратын түс	Бойды билейтін психологиялық қалып
4 – 10	Қызыл, қызғылт, күлгін, көгілдір	Қара, қара-қоңыр, сұр	Ертегі әлемінде болу
11 – 12	жасыл, сары, қызыл	қоңыр, қоңырқай-жасыл, қызыл-күлгін	Әлемді қабылдау сезімінің басым болуы
13 - 16	Көк, сарғыш (жасыл)	сия түс, қоңырқай-жасыл	Әлемді тануды тиімді түйсіну, сана-сезімнің дамуы
17 – 19	Қызыл-сарғыш	қызыл, күлгін	Әлемді мақсатты түрде қабылдауды сезіну

Кеңес беру аймағы мейлінше ыңғайлы ұйымдастырылады. Журнал үстелі және ыңғайлы жұмсақ кресло, қабырға брасының қоңырқай жарығы реттілік, қорғанис қалпын жасайды, жан тыныштанып, жайлануға жеке, топтық немесе отбасылық кеңес беру жағдайында ашық әрі сенімді әңгімелесуге мүмкіндік туғызады.

Ойын терапиясы аймағының маңызы зор, сондықтан сәйкес жабдықталуы қажет: еденнің жұмсақ жабыны; ойын сюжетінде жағдаяттың тез алмасуына ықпал ететін қозғалмалы жиһаз; ойыншықтар: бөлгіш материалдар; қарандаш, альбомдар. Бұл жерде балалардың қолдан

жасалған ойыншықтары, суреттері, интерьерді орынды түрде ашық рәсімдеу. Түстік дизайн және фитодизайн «бала кеңістігін» жасауда бірін-бірі толықтырады. Осының бәрі баланың кабинет жұмысының шартына оңай бейімденуді және жүктеменің жоюға ықпал етуді қамтамасыз етеді.

Релаксация және психологиялық эмоциялық жүктемені жою аймағы жұмсақ ыңғайлы креслоны еркін орнастыру, шаршағанды басады, қысқа мерзімді релаксация сеансында жұмысқа қабілеттігін қалпына келтіруде сонымен қатар топта өзін-өзі реттеу әдісіне үйретуге ыңғайлы. Психологиялық эмоциялық жаттығуға интерьерді өзіндік шешу арқылы да қол жеткізуге болады: аймақтың көлемі мен формасын өзгерту жеңіл өзгеретін және қозғалмалы құрал-сайманды қайта монтаждау, уақытты қабырға көмегімен кеңістікті трансформациялау. Релаксация және бұлшықет жүктемесін жою эффектісіне құрылымның нақты элементтерінің әсерінен, слайдтық бейненің өзгеруі және түстік рәсімделуі, сонымен қатар қызметтік музыка әсерінен қол жеткізіледі.

Психологиялық кабинеттің осы аймағында релаксация қалпын қалыптастыру дағдысына үйретуден басқа музыкалық сүйемелдеумен слайд бағдарлама мен видеобағдарлама көрумен бірге аутогенді жаттығу сеансы сабағын өткізуге болады. Бұл сабақ әсіресе экологиялық әсері жағымсыз ауданда тұратын, сонымен қатар жарақатты күйзелісті басынан кешірген контингент үшін маңызды.

Осы аймақтың бәрі мектеп психологы кабинеті қызметінің мақсаты мен міндетіне сәйкес, оның негізгі контингентіне әртүрлі жастағы оқушылар, мектепке дейінгі балалар, олардың ата-аналары, тәрбиешілер, және мұғалімдер жатады.

Кабинеттің жарықпен және түсті рәсімделуі. Табиғат адам баласына түстік ғажап сезімдер жиынтығын ұсынады. Көптеген адамдар тек бір түске ғана қызығады, ал басқа түсті жақтырмайды, яғни жеке тұлғаның айқын бейнесі ретінде қарастыруға болатын жеке түстік шкала бар. Сонымен, жас балалар қызыл түске басқа түске қарағанда үйір болады. Ересектерге қарағанда олар қарқынды түстерге әуес. Қартайған сайын жақсы көретін түске сұр және қоңырқай түс жатады. Адам қалпының немесе сртқы жағдайдың өзгеруіне байланысты түсті бағалауы да өзгереді. Түстік ортаға қарай адамның сезімі де өзгереді температурасы бірдей көк-жасыл немес көк түске боялған бөлмеге қарағанда сарғыш және ақшыл түске боялған бөлме жылы көрінеді. Түсті қабылдау адам психикасының қалпына арнайы әсер ету жағдайында өзгереді.

Қазіргі таңда түстің психологиялық комфорт элементі ретінде жеке адам ағзасына эмоциональды-эстетикалық әсер ету құралы ретінде қолданылады. Адамға әсеріне қарай барлық түсті екі топқа бөлуге болады: жылы түстер (қызыл және сары реңктер) және суық түстер (көгілдір-қоңырқай қызыл реңктер).



Көру мен орталық жүйке жүйесіне жағымды әсер ететін түстерге жасыл және көкө түс жатады. Барлық ашық түс адамның психологиялық

физиологиялық қалпына жақсы әсер етіп, жақсы көңіл күй тудырады. Қоңыр түстер, қанық реңктер жүйкені шаршату қалпын тудырып, адамды басып тастайды. Қызыл және сары түс Орталық жүйке жүйесін қоздырып, белсендіреді.

Түсте сонымен қатар дыбыспен де байланысты. Шу барысында көру көру рецепторлары күшееді, сондықтан да жасыл түсті қабылдауда қарқын алуда, ал жасыл түсті шамадан тыс қабылдау таныс дәрежеде шуды «басады».

Жұмсақ дыбысты естігенде тыныш кезге қарағанда сарғыш түс ашық әрі сары болып көрінеді. Мұнды ауыр дыбыс кезінде қызыл түс қоңырқай тартады.

Ғимаратты рәсімдеуде түсті дұрыс қолдану адамның көңіл-күйін өзгертуге, оның бүкіл дене бітімі мен рухани ағзасына әсер етуіне мүмкіндік туғызады. Сондықтан да интерьерді рәсімдеуге түстік динамика заңдарын ескере отырып өзінің түстік жарықтық ортада интерьер нақты сезім тудырып, адамның сезімі мен көңіл күйіне ықпал етеді. Түстің психикалық қалпына әсері адамның тіршілігі кеңістігін ұйымдастыруда тікелей ескеріледі.



- Қызыл
- Қызыл көк
- Көк
- Жасыл
- Сары
- Сарғыш

2.1- сурет Гетенің «Табиғи түстік дөңгелегі».

Түсті пайдалану – мектеп психологы кабинеті жұмысының тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды факторларының бірі. Практикалық психолог кабинетін рәсімдеудің түстік гаммасын таңдау үшін Гетенің «табиғи түстік дөңгелегіне» (Гетенің түс туралы ілімі) жүгінген дұрыс (1-сурет).

Барлық түс төмендегідей бағаланады:

негізгі түстер – сары, көк, қызыл осы түстерден теориялық тұрғыдан барлық түстер жасалады;

бірінші дәрежелі құрамдас түстер – екі негізгі түсті араластырғаннан алынған түстер;

екінші дәрежелі құрамдас түстер – бірінші дәрежедегі құрамдас түстердің араласуынан туындаған түстер.

Гетенің «табиғи түстік дөңгелегі» әрқырлы үшбұрыш ұштары бойынша құрылады оның ұшында негізгі түстер сары, қызыл және көк. Осы ұшта орналасқан дөңгелек тура сондай бұрышты үшбұрышпен ұштасады, оның ұшында бірінші дәрежелі құрамдас түстер орналасқан. Осындай дөңгелекте қарама-қарсы нүктеде өзара байланыста екі түс тұрады. Олар қарама-қайшы немесе қосымша түстер деп аталады. Қарама-қайшы түстер әрқашан әсер етудің мықты тұрақты эффектісін қалыптастырып қатаң контраст жасайды. Құрамдас түстер оны құрайтын түстерге қарағанда басқа сезім тудырады, сонымен көк және жасыл түстен құралған түс тыныштандырмайды. Ол өзіне сенімсіздік және алаңдау сезімін тудырып, табиғи қосымша ретінде сарғыш-қызыл түсті санасыз түрде іздей бастайды. Түстің психикалық қалыпқа әсер етудің осындай эффектісін жұмыстың міндетіне қарай кабинеттің аумақтық кеңістігін жоспарлауда пайдалануға болады.

Мысалы, отбасылық кеңес беру жағдаятында күту аймағы мен кеңес беру аймағының кеңістікті түстік шешімі тыныштық, диалогқа бағыттылық, еркін сөйлесуді қамтамасыз ететіндей рәсімделуі керек. Сондықтан да қызыл-сарғыш түстің қаныққан реңктерін пайдаланбау қажет, сондай-ақ қабылдауға қатаң түстік контраст жасауға да болмайды. Аймақтың түстік шешімі негізгі түстерден тұруы керек.

Ойын терапиясы бойынша сабақ ұйымдастырылса кеңістік қанық түстерді пайдалану арқылы рәсімделеді, кейде қатаң контраст қолданылады. Негізгі түстерді араластыруға, бірінші және екінші дәрежедегі құрамдас түстерді пайдалануға болады. Акустикасы жақсы ғимаратта музыкалық сүйемеледу арқасында сарғыш-қызыл түстер күшейе түсетінін ескерген жөн.

Түстік климат – балалар психологының арнайы жабдықталған кабинетінің қызметін ұйымдастырудың маңызды құрамдас бөлігі. Интерьердің түстік шешімін арнайы техникалық құрал-сайман – түстік фильтр, түстік реттегіш, түстік динамикалық панно, кеңістікті қайта жоспарлауға арналған қозғалмалы түрлі-түсті қабырға көмегімен өзгертуге болады.

Балалармен өткізілетін сабақты сүйемелдейтін арнайы түстік жарықтық бағдарлама болғаны дұрыс.

Жағдайға қарай қандай да бір түс психологиялық тұрғыдан нақты бір сезімдер тудырады. Сары және ашық сары-жасыл түс қандай да бір жеңіл, ал қызылқоңыр көк түс қандай да бір ауыр сезім ұялатады. Көк түсті жиі аз

салқындықты сезіндіреді, «көкте» отырған қызыл немесе қоңырда отырғандай «жылы» болмайды.

Адамға психологиялық әсер ету бойынша төмендегідей түс топтамасы ұсынылады.

Ынталандырушы (жылы) түстер қоздыруға және тітіркендіргіш ретінде әсер етеді:

қызыл – ерікті, тіршілікке бекем,
кармин – билік етуші, талапшыл;
киноварь – күштеуші;
сарғыш – жылы, жинақы;
сары – байланысшы, шуақты.

2. Тітіркендіруші тұншықтыратын шоғырландырылған (суық) түстер:

қызылкөк – тереңдетілген, ауыр;
көк – ара-қашықтықты айқындайды;
ашық көк – кеңістікке беттетеді, бағыттайды;
көк-жасыл – қозғалысты айқындайды, өзгергіш.

3. Ашық түстерді тұншықтыратын ашық түстер:

күлгін – нәзік, кейбір құпиялылық тудырады;
лилия тәрізді – тұйықтық, бекемділік;
ашық-жасыл – сезімге толы, жұмсақ,
сұрғылт-көгілдір – бекемді.

4. Басқа қоздырушы түсерден алшақтататын теңдестіруге, тыныштандыруға ықпал ететін статикалық түстер:

таза жасыл – талапшыл, балаусаландырғыш;
қоңырқай – тыныштандырғыш, жұмсартқыш;
сары-жасыл – жаңартушы,
алқызыл – сәнд, талапшыл.

5. Қоздырмайтын (сұр) мылқау түстер; оны өшіреді (ақ); ойды тұжырымдауға көмектеседі (қара);

Оған екі аралас түстер тобы жатады.

6. Жылы қара түстер (қоңыр) қоздырғышты тұрақтандырады:

жоса – қоздырғыштың артуын жеңілдетеді;
қоңыр, топырақ тәрізді – тұрақтандырғыш;
қара-қоңыр – қоздыруды жұмсартады.

7. Суық қара түстер, қорғаушы және қоздырғышты тежейді.

қоңырқай-сұр, қара-көк, қоңырқай – жасыл-көк.

Практика жүзінде адамның түске психологиялық реакциясын ескеру қажет. Адам тек көзбен көріп қабылдаған түсі оның сезіміне де ықпал етеді. Қатаң акустикалық қоздырғыштар сәйкес жарықтандырғыш қоздырғышпен тұншықтырыла алады.

Шахмат тақтасына ұқсас боялған еденді адам жай қабылдайды. Еденнің осындай түсі оны алаңдатпайды, осындай бояумен боялған қабырға жағымсыз әсер тудырады. Ғимараттың әртүрлі элементері бірдей

рәсімделуі де адамға әртүрлі әсер етеді. Сонымен, ғимаратты қарай отырып үнемі қабырғаға, оның төменгі бөлігіне баса назар салынады. Қабырғаны түстерін бөлек-бөлек бояу оны оптикалық тұрғыдан ұзартады.

Жарығы әлсіз ғимаратта ақ түске боялған төбе мен қабырға әдетте біршама сұрғылт көрінеді. Осындай суық бояу жарық ғимарат әсерін бермейді, психологиялық көзқарас тұрғысынан ғимаратты ақ түске бояған адамды шаршатады, жағымсыз әсер етеді (2.2. кесте)

2.2-кесте Түстің адамға әсер етуі

Түс	Осы түстің төмендегідей орындарда болуынан дамға әсері		
	жоғарғы жағы	қыры	төменгі жағы
Сарғылт	Қорғайды, назарды өзіне аудартады	Жылулық орнатады	күйдіреді
Қоңыр	Жабады, ауырлатады	Жерге түскендей әсер қалдырады, жан-жағын заттандырады	Сенімділік ұялатады
Көгілдір	Жеңілділік, достық, көк туралы ой тудырады	Суытады, жат көрсетеді	Жүруге ыңғай тудырады
Сары	Жеңілдетеді, көңіл-күйді көтереді	Қоздырады	Көтеріңкі көңіл күй

Практикалық психолог кабинетін ұйымдастыруда кабинет есігі түсінің психологиялық әсерін ескеру маңызды. Есік ғимараттың маңызды бөлігі және әрқашан нақты психологиялық ассоциация тудырады. Есіктің боялған түсіне қарай оған ғимаратқа қарай тартады немесе керісінше кері итереді. Есіктің түсі қабырғамен түстесуі немесе оның бетіне рельефті түсуі керек. Жылы түске боялған есік суық түске боялған есікке қарағанда тұйықтық және көрші ғимараттан шектелгендігін байқатады. Сұр тымқ түске боялған есік жағымсыз эмоция және есікті ашпай тұрып-ақ ашуға қызығу сезімін тудырады, ал көңілді түс – көңіл күйді көтереді. Осыған байланысты ғимарат пен практикалық психолог кабинеті түрлі-түсті

боялғаны дұрыс.

6 ай – екінші ойыншықты алып, біріншісін тастайды, көзбен көру арқылы іс әрекетті бақылайды, көзіне көрінгенді пинсет сияқты жерден алып, барлығын аузына салады, қағаздар мен ойнағанды ұнатады, құмырасын ұстайды, оған таятып әкеліп берсе, кеседен ішеді;

7 ай – бір қолдан екінші қолға заттарды ауыстырады, екі ойыншықты қатар ұстайды, екінші ойыншықты алады, өзі ойыншықты ұстағанда бақылауда ұстап тұрады;

8 ай – екінші ойыншықты алады, бос емес қолына алып, заттарды алуға тырысады, жартылай көру қабілетін ауыстырып отырады;

10 ай –мөлшері кішкентай заттарды алып (таблеткаларды, бұршақтарды), біріншілік арнайы іс әрекеттер пайда болады (доппен ойнайды, дыбыстарға қоңырау салады, заттарды көтереді, дөңгелектерді пирамида дан шешеді);

11 ай – ойыншықтарды немесе т.б.заттарды, корзинкаларды жинайды;

12 ай –қандай да бір затты күшпен алады, көру қабілетінің жартысын өзгерту, қолдарын қозғалту, кітаптарға деген қызығушылық пайда болады, кітап беттерін ашуға тырысады, суреттерді ластайды, заттарды аузына салмайды, оларды қолдағы заттарды еденге жиі лақтырады.

Диагностикадағы даму әдістері. Балада психикалық дамудың үрдісі болып ересек адамдармен қарым- қатынасқа түсу, жалпы даму әдістері мен қатынастары жатады. Дәл осы қарым- қатынас арқылы ең бірінші аспектілі даму пайда болады, одан әрі қарай жетілдіру қабілеттері мен қандай да бір ұйымдарға пайдалану белгілері, өзіндік мінез - құлқы ажыратылады: қабілеттілік, адамдағы жоғарғы психикалық үрдістің қалыптасу басындағы маңыздылығы ең басты рөлді алады. Брунер және т.б, ғалымдардың пайымдауы бойынша ересек адамдар мен балалар арасындағы аса тығыз байланысты ұсынады, ол, синтаксикалық сөйлеу функциясы.

Ересектер мен өзара іс-қимыл жолдарының негізгі көрсеткіштері болып табылатындар:

3 ай – қоршаған ортаға деген қызығушылық, анасын тануы, өзіне ас әзірлеп бергенді түсінеді, көру қабілеті мен эмоциональді қарым - қатынасты орната алады;

4,5 ай – сөйлесуді түсінеді, «ресми қарым-қатынас» жағдайымен ерекшеленеді, сөзін тыңдайды, дауыс дыбысқа басын қозғалтады;

3, 6 ай – ересектердің қадамын қадағалайды, қолдарын созады, қалаған уақытында, оны көтергенін қалайды, еркелейді, қадамдарды естісе мазасызданады, біріншілік әдістерді біледі, «қолдан-қолға» дегенді түсінеді;

7 ай – шулар мен іс әрекеттерді сезеді, әртүрлі іс- әрекеттерге көңіл аударғанды ұната бастайды, есімін айқанда қарайды, еріндерін қозғалтады, тамақтан бас тартқан белгілері бар;

8 ай – анасының қолын ұстайды және одан әрі қарай өзі талпынады, шектеу қойғандарды түсінеді, дыбыстарды ажырата алады;

9 ай – қолдарын жуғызғысы келмеген жағдайда, қолдарын жасырады, тығылып ойнағанды жақсы көреді;

10 ай – анасын киімінен тартады, өзіне көңіл аударуды сұрайды, «сау болыңыз» дегенді көрсете алады, «әке қайда?», деген сұраққа жауап бере алады, әртүрлі ойындар ойнай алады, 1–2 дыбысты заттарды түсінеді;

11 ай – ойыншықтарды лақтырады, оларды қайта алып бергенді қалайды, киіндіргенде көмектеседі;

12 ай – Нұсқау келтіріп көрсете алады, басын шаққайды, әртүрлі іс әрекеттер алгоритмін түсіне алады.

Эмоциональды дамудың диагностикасы. Ерте нәрестелік жастағы балалардың психикалық дамуың зерттеу барысында ғалымдардың пайымдауы ол, нәрестелердегі белсенділік, нәрестелердегі эмоционалді көңіл күйдің бір қалыпта болуын көрсетеді. Балалардың қоғамда таныстарымен тығыз қатынасу, өздерінің сүйікті ойыншықтары мен ойнау арқылы қанағаттанғандарын көруге болады. Қоршаған орта - балалар үшін ең қызықты сәттері болып табылады, барлық құбылыстар мен заттар олар үшін жаңа болып көрінеді, балалар үшін көңіл күйді бұзатын заттардан аулақ болу қажет. Кейбір заттар мен іс әрекеттер таза түрлер мен мықтылықты эмоцияның репертуары деп санайды, [Bower, 1977] «қалыпты», «жеткіліксіз» және «шамадан тыс» деген сфералық терминдерді бағалауды айтады.

Эмоциональді дамуды мақсатты зерттеу нәтижелері бойынша келесі критериилерді атап өтуге болады:

қоршаған ортаға деген эмоциональді қарым қатынасты меңгеру ерекшеліктері (типтері бойынша / күледі / жылайды – көп / аз); барлығына күледі (ересек адамдарға немесе ойыншықтарға);

қорқыныш реакциясы пайда болады; тікелей көзге қараудан қашады; әртүрлі қарым қатынасты жақсы көрмейді және де т.б.;

эмоциональді уайымның қалыптасуындағы оң және теріс түрлерін бағалау әдістері (күлкі - в 2–3 ай; айғайлау, жылау, мазасыздану 2–4–6 ай);

эмоциональді қалыптың оң бағыттағы түрін, жетілдіру жолдарын бағалау (айғайлаудың модуляциясы, жылауды ұстап тұру, ересектерді өзіне қарату үшін жылау кезіндегі тоқтау – с 4–6 ай);

эмоциональді реакцияны таңдаудағы бағалаудың дамуы (8 ай);

Қалыпты эмоциональді дамудың тағы да бір критеріі патологиялық симптомдардың артта қалуына байланысты саусақтарын соруу, стереотипті айналу, ересектерді көрген кезде бетін қолдары мен жабуу, жылау.

Балада сөйлеу белсенділігінің даму диагностикасы

Балада сөйлеу белсенділігінің қалыптылығын тексеру үшін олардың ересектер мен сөйлесудегі мәнеріне көңіл аудару қажет. Дамудың бұл функциясының екі аспектісін атап көрсетуге болады. Бір жағынан алып қарағанда, сөйлеу кезіндегі интонация мен сөздік араласуға қабілеттілік қажет. Бұлардың ең ауыр этаптарының түрі болып бірінші сөйлеудегі сөздер жатады. (гуілдеу, былдырлау). Басқа тұрғыдан алып қарағанда, балалардың сөйлеу белсенділігін олардың іс әрекеттері мен ерекшеліктерге қарауынан байқап анықтауға болады.

Балада өзіндік сөздік белсенділіктің негізгі дамуы мыналар болып табылады:

2–3 ай – біріншілік жылдамдылықтың пайда болуы; 2-4 айда – оларды ересектермен сөйлесуде пайдаланады;

3 ай – жыбырлап, әртүрлі дыбыстарды шығаруы: «а», «э», «ю», «я», «м», «п», «б», «т», «д», сөйлемдердің пайда болуы «а-о-у», «ю-а-а»;

4,5 ай – жыбырлап қозғалған кезінде өзіне көңіл аударуды талап етеді;

8 ай–сыбырлайды, сөздерді құрастырып айтады: «бер-бер-бер», «та-та-та»;

9 ай – сөздердің қосылуы, балалар әртүрлі қарым- қатынаста болуы;

ай –әртүрліліктің пайда болуы, дыбыстар арқылы өзінің қажеттілігін түсіндіре бастайды;

ай –Сөйлемдерді бөліп айта бастайды, тек қана өзінің анасына түсінікті сөздер, мысалы: «бах» – құлау, «кахн» – құмыра, «фа» -қайталап айтудың әдістерін көрсету; 2-3 сөзді жауапты қылып айтуы.

Балада психологиялық зерттеу психикалық дамудың бірінші жылдарында дәстүрлі түде жалпы жағдайы болып аяқталады. Қорытындылай келгенде дамуды бағалау, тек қана оның даму қабілеттеріне емес, сондай ақ, әртүрлі психикалық функцияларға да, топтастырылған аналитикалық зерттеулер реакциясына, қозғалыстық, сенсорлық, өзіндік эмоциональдік дауыстық реакция, заттар мен іс әрекеттер қабілеттері және ересектер мен қарым қатынастары болып табылады. Бұл бөлімде баланың жақсы ерекшеліктері қана емес, сонымен қатар, оларды жақсы орындауы, баланың орындай алмайтын қасиеттері

мен қабілеттері көрсетіліп отыр.

2.3 МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚТЫ АНЫҚТАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКАСЫ

Мектепке психологиялық дайындықты анықтаудың негізгі мақсаты мектепке бейімделмеудің алдын алу болып табылады.

Мектепке дайын болудың дәстүрлі түрде 3 аспектісі ерекшеленеді: интеллектуалдық, эмоциялық және әлеуметтік. [Гуткина, 2000].

Интеллектуалды дайын болу баланың бас миы құрылымының қызметтік дамуы арқылы анықталады.

«Оқытудың жоғарғы деңгейін» қамтамасыз ететін интеллектуалдық жағынан дайын болуға тән ерекшелік. Бұл оқыту барысында берілген тапсырмаларды жеке басының мақсатына айналдыруды айтады. Бұл баланың бойында таң қалу қабілетінің дамып, танып-білуге деген ұмтылысының ұшқырлана түсуін, әрдайым жана әсер алуын қажет етеді. 6 жасар баланың сын тұрғысынан ойлау қабілеті қарапайым түрде, жалпылауды білгенімен, әлі де, жекелей бейнелік ойлау түрінде болады.

Ерік-жігері, эмоциялық жағынан дайын болу дегеніміз – импульсивті реакцияның төмендеуі мен баланың ұзақ уақыт бойы қызықсыз тапсырманы орындап отыра алуы. Мектеп жасына дейінгі балалардың мінезіндегі ерік-жігерін реттеу үшін олардың мақсатқа жетудегі ұмтылысын тәрбиелеу, тілдік және белгі құралдар арқылы балаларды басқара алу қажет.

Әлеуметтік жағынан мектепке дайын болу дегеніміз, өзінің жасындағы балалармен қарым - қатынастың қажеттілігі және өзінің мінез-құлқын мектеп заңына бағындыра алуы. Әлеуметті-психологиялық дайын болуға балалармен, мұғалімдермен қарым-қатынас жасай алуы, жаңа әлеуметтік жағдайға бейімделіп кетуі.

Балаларда мектепке психологиялық дайындық бұл жастағы балалар үшін мектептің ұйымдастыру жұмыстарымен тілкелей байланысты. Сабақтарға жағымды эмоциялық қатынасты тәрбиелеу үшін ойын және өнімді іс-әрекетпен байланыстыра ұйымдастыру тиімді. Себебі балаларда рөлдік және жекелей қарым-қатынас қабілеттерін дамыту қажет. Баланың мектепке дайындық деңгейін дер кезінде анықтап алу жетістікті қамтамасыз етеді.

Мектепке дайындық деңгейін анықтайтын компоненттерін тексеруге арналған тесттер бар. Қазіргі кезде кең қолданылатын тесттердің бірі, «Керн-Йирасектің мектепке дайындықты анықтаудың бағдарланған тесті» [Йирасек, 1978] және Г. Витцлактің «Мекетепте оқуға қабілеттілік» тесті.[Витцлак, 1986].

2.4 «КЕРН-ЙИРАСЕКТИҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚТЫ АНЫҚТАУДЫҢ БАҒДАРЛАНҒАН ТЕСТІ»

Мектепке дайындықты анықтаудың бағдарланған тестін қолдану мақсаты – мектепке бару үшін ақыл-ой дайындығының деңгейін анықтау.

Бұл тесттің алғашқы нұсқасы 6 тапсырмадан тұрады. Я. Йирасек тестінен 3 тапсырма алынды: ер адам бейнесі, жазу әріптеріне ұқсату және нүктелер тобын бояу. Барлық 3 тапсырма графика түрінде, сондай-ақ баланың ұсақ моторикасының дамуы координациясын анықтауға бағытталған. Тесттің құрылымындағы ер адам бейнесі арқылы ақыл-ойдың бағдарланған жалпы бағасын және тұлғалық ерекшеліктері жайлы ақпарат ала аламыз (К. Маховер «Адам бейнесі») [Маховер, 1996].

Я. Йирасек тесттік тапсырмаларды оруындауына қарай мектепке дайын болудың және болашақта мектепте сәтті оқуының арасындағы байланысты анықтайтын зерттеу жұмысын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде, тапсырмаларды жақсы және дұрыс орындаған балалар, мектепте де жақсы оқыды. Дегенмен, нашар орындаған балалардың 30% мектепте өте жақсы нәтиже көрсеткен. Сондықтан да Йирасектің айтуы бойынша, бұндай әдістемелер балалардың мектепке дайындығын анықтау үшін сенімді, ал мектепке дайын болмауды анықтау үшін сенімсіз. Әдістеменің авторының айтуынша, бұл тесттің мүмкіндігі логикалық ойлауды анықтайтын вербалды субтесттердің болмағандығына байланысты шектелген.

Тест тапсырмалары нұсқауға сәйкес орындалады. Топпен және жекелей де жүргізуге болады.

Әрбір орындалған тапсырма 5 баллдық жүйе бойынша бағаланады (1 – ең жоғары балл, 5 – ең төмен балл), барлық баллдарды қосып, нәтижесін шығарамыз.

Тестілеу барысы.

Әрбір баладан келесі мәліметтер алынады:

Аты-жөні.....

Жасы..... ЖЫЛ..... ай

Туған күні.....

Зерттеу күні.....

Ата-анасының мекен-жайы.....

Тапсырма 1. Ер адам суреті

Нұсқау: «Бұл жерде ұл баланың суретін сал».



Мысалы

Баланың суреті


Тапсырма 2. Жазу әріптеріне ұқсату

Нұсқау: «Бұл жерде бір сөз жазылған. Сен әлі жазуды білмейсің, тырысып көрші, мүмкін сенің де қолыңнан келер. Ол үшін алдымен қалай жазылғанын дұрыстап қарап ал, содан кейін осы сөзді бос жерге жанына жаз».

Төменде бағалау үшін мысалдары көрсетілген.

Мысалы

Орындау бағасы



Мәліметтерді өңдеу

Тапсырманың әрқайсысы жекелей бағаланады.

1- тапсырма. Ер адам сурет (кілті).

1 балл – салынған суретте басы, денесі және қол-аяқтары бар. Адамның басы денесімен мойын арқылы жалғасып тұр, басы денесінен үлкен емес. Шаштары бар, немесе бас киім кигізілген, құлағы, бетінде көзі, мұрны, аузы бар. Қолы, 5 саусағы, аяғы соңына қарай бүгілген. Үстінде ер адамның киімі.

2 балл – барлығы дұрыс салынған, талапқа сай тек 3 бөлігі ғана болмауы мүмкін (мойын, бір саусақ, шаш» тек бетінің бөліктерінен басқасы).

3 балл – суреттің басы, денесі және аяқ-қолдары болуы тиіс. Аяқ-қолдары екі сызықтан. Талап бойынша мойыны, құлақтары, шаштары, киімі, саусақ, табаны мен бақайлары болмайды.

4 балл – тек денесі ғана бар. Аяқ-қолдары тек сызықтармен белгіленеді.

5 балл – денесінің бейнесі нақты емес, (бас-аяқты сурет түрінде)

2- тапсырма. Жазу әріптеріне ұқсату (кілт).

1 балл – қанағаттанарлықтай жазылған мысалға ұқсас, оқығанға жеңіл. Бас әрпі үлкендеу. Екі сөзде де әріптері жақсы біркөккен, жазылған сөйлем түзу 30°-тан аспайды.


2балл – жеткілікті дәрежеде ұқсас, тек әріптің бойы мен түзулігі сақталмаған.

3 балл – екі бөлікке бөлініп жазылған. Сөйлемдегі 4 әріпі анық.

4 балл – үлгіге кем дегенде екі әріп ұқсас.

5 баллдар – сызып шыққан.

Төменде бағалау үшін мысалдары көрсетілген.



Тапырма 3. Нүктелерді салу (кілт).

Тапырма 3. Нүктелерді салу.

Нұсқау: «Бұл жерде нүктелер салынған. Жанына дәл осындай нүктелерді салып көрші».

Мысалы



Нүктелерді салу

1 балл – берілген мысалдағыдай. Ауытқу қатардағы немесе бағандағы тек бір нүктеден ғана болуы мүмкін. Сурет кішірейіп кетуі немесе үлкейіп тұруы мүмкін емес, бағанмен қатар болуы керек.

2 балл – нүктелердің орналасуы мен саны мысалдағыдай болуы керек. Қатарлар мен бағандарда 3 қате жіберуге мүмкіндігі бар.

3 балл – контуры бойынша мысалға ұқсас, тек биіктігі мен 11111111111111111111 2 еседен аспайды. Сандары сәйкес келмейді, тек 20-дан артық, 7-ден кем болмауы тиіс. Кез келген бағытта, тіпті 180° иілімге рұқсат етіледі.

4 балл – салған нүктелері мысалдағыдай емес, бірақ нүктелерден тұруы тиіс. Нүктелердің саны мен көлемінің маңызы жоқ.

5 балл – әртүрлі сызық-шімайлар.

Төменде бағалау үшін мысалдары көрсетілген.



Барық тапсырмалардан алынған нәтижелерді қосып, қорытындысын шығарасыз. Бұл тест баланың ақыл-ойының даму бағытын анықтайды.

Тестті топта жүргізгенде баланың тапсырманы ұжымда жасау қабілеті бар-жоқтығын тексеруге болады.

Осы тапсырма бойынша балалардың дамуын 3-6 балл ортадан жоғары, 7-11 балл орта деңгей, 12-15 қалыпты жағдайдан төмен болып есептеледі. 12-15 балл алған балаларды тереңірек тексеру қажет.

III - бөлім ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ ШАРАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ПРИНЦІПТЕРІ

3.1. ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Кәсіби практикалық психологтың құзыреттілігіне: тұлғаның кейбір психикалық сапаларының әртүрлілігін, жаңа психологиялық түзілістерін, олардың дамуының жастық бағдарына сәйкестігін анықтау кіреді.

Психодиагностикалық процедуралар персоналды іріктеуде және қызметке алуда, сондай ақ жоғары біліктілікті талап ететін жұмыстарға қабылдауда қолданылады. Кеңес беруде психодиагностикалық әдістерді қолдану біртіндеп эмоциялық қалыпты және тұлғааралық шиеленісті зерттеуден адамның барлық іс - әрекетіне дейін қолданылады. Сонымен қатар психодиагностикалық тесттер өзін өзі тану және тұлғаның дамуын анықтауға да қолданылады. Көптеген жағдайларда психодиагностикалық тексеру көрсеткіштері өмірлік мәселелерде шешім қабылдауды жеңілдететін, қауіптен сақтануға көмектесетін құрал және психологиялық әсер түрін анықтауға негіз болады. Психодиагностикалық өлшеу, тесттер жалпы тұлға сапасының мотивациялық қажеттіліктерінің динамикасының дамуын, белгілі бір іс - әрекетінің тиімділік деңгейін болжауда, практикалық мәселелерді шешуде кеңінен қолданылады.

Қазіргі кезде психологиялық қызмет көрсетуде түрлі психодиагностикалық тексеру кеңінен қолданылады. Сондай ақ педагогикалық психологияда, медицинада, техникада, ғылым мен қоғамдық өмірдің түрлі саласында да кеңінен қолданылады. Сөйткенмен, бұндай кең қолдануда практикалық психологтың жұмысында кейбір психодиагностикалық шараларды ұйымдастыру принциптерінің ерекшеліктері мен шектеулер бар.

Психологтың іс - әрекеті саласында психодиагностика теориялық пән болып табылады. Кейбір зертеулерде психодиагностиканы ғылыми - зерттеу және ғылыми - практикалық зерттеулерден бөліп қарау керектігі көрсетілген [Сығард, 1982]. Біріншісі психикалық даму заңдылықтарын анықтауға, диагностикалық пікірде валидтілік және сенімділік заңдылықтарын, олардың эксперттік интерпретациясын қарастырады.

Екіншісі, немесе ғылыми-практикалық диагностика нақты сұрақтарға жауап беру, бұзылыстардың себебін анықтау және оларды коррекциялау немесе өзгерту жолдарын анықтауды көздейді. Жалпы алғанда психодиагностика – психологиялық диагноз қою туралы ғылым және практика.

Жалпығылыми түсінік бойынша «диагностика» термині психиатрияда Г. Роршахтың 1921 жылғы «Психодиагностика» еңбегінен кейін медицина шеңберінен шығып, практикада кеңінен қолданыла бастады. «Психологиялық диагностика» терминін алғаш рет ХХғ. 20 жылдарында пайда болып алғашқыда медициналық ғылымда (психиатрияда: Г. Роршах «Психологиялық диагностика», 1921ж), содан

кейінен индивидтің немесе кіші топтың психологиялық күйін анықтауды сипаттайтын психологиялық түсінік ретінде қолданыла бастады. *Психодиагностика* (психо... және *diagnostikos* - айырып тануға қабілетті) - адамның психикалық қасиеті мен күйін ғылыми дәлелді тәсілдер арқылы сандық сипатта бағалайтын және нақты сапалық тұрғыдан талдайтын, сөйтіп адам психологиясының көрінісі туралы дұрыс болжамдық мәлімет беретін ізденіс аумағы.

Қазіргі заманғы психологиялық диагноз терминін түсіндірудің қосымша бірнеше түрлері пайда болды, олардың кейбірі:

1. Психологиялық диагноз – бұл жеке адамның психологиялық даму ерекшеліктері, белгілі бір психологиялық қалыптасуын, жас ерекшелігіне сай дағды, іс-әрекеттің сәйкестігін зерттейді. Психологиялық диагноз – тұлғаның психологиялық ерекшеліктеріне сандық және сапалық түрде баға беру. Бұл іс - әрекеттің объективті және субъективті көрсеткішіне байланысты.
2. Психологиялық диагноз - практик психологтың теориялық, эксперименттік, практика схемасы негізінде психологиялық білімді қолдану фазасы.
3. Психологиялық диагноз – адамның әрекет жағдайындағы іс-әрекет, жүріс-тұрыс заңдылықтарын зерттеу.
4. Психологиялық диагноз – нақты бір адамның немесе топ туралы психологиялық информацияларды табу.
5. Психологиялық диагноз – тұлғаның жеке ерекшелік, таным процесі, оқу және дамуындағы проблемаларды, тұлғаның күшті жақтарын, қасиеттерін профессионалды икемділігін педагогикалық, психологиялық тұрғыдан бақылау т.б.
6. Психолог әрекетінің ақырғы нәтижесі тұлғаның индивидуалды психологиялық көкейкесті күйін бағалау мақсатында баяндау және анықтау.
7. Адамның белгілі бір өмір жолындағы психиканың және тұлғаның ашық бейнеленуі.
8. Психологтың аналитика – синтетикалық әрекеті, адамның белгілі өмір жағдаятында тұлғаның және психологиялық дамуының толықтай бейнелену күйінің мақсаты. Ол тұлғаның сыртқы әрекеті арқылы орындалады және адамның жеке қасиеті туралы негізгі қорытынды болып табылады.

«Диагноз» термині кез келген қалыпты қызметтен ауытқуды тану немесе нақты объектінің (индивид, отбасы, кіші топ, о белгілі бір психикалық функциялар немесе психикалық процестер). «Психодиагностика» түсінігі тұлғаны профилактикалық тексеруде, практикалық психологтың диагностикалық-коррекциялық жұмысының жеке сатыларында қолданылды [Общая психодиагностика, 1987].

Қазіргі кезде психологиялық тесттер индивидтің жас ерекшеліктерінің түрлі өзгерісін зерттеуде, оқыту әдістерінің

тиімділігін анықтауда, психотерапия әсерінің нәтижесін анықтауда, әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асырудың әсерін, адаптация мәселелері мен төтенше жағдайлардағы реабилитацияны анықтауда стандартты әдістер болып табылады.

Психодиагностиканың дамуына басты әсер еткен мектептегі оқу мәселесі болды. Қазіргі кезде түрлі психологиялық тесттерді негізгі пайдаланушылардың бірі мектеп. Мектептегі психологиялық қызметте диагностикалық шаралар, коррекция, даму тұтас бірлікте қарастырылады. Мектеп психологы жұмысының мәні: диагностикалық-коррекциялық немесе диагностикалық-дамытушы. Мұнда мектеп психологы тек қана диагноз қойып тұлғаның түрлі қабілеттерін дамыту бағдарламасын жасап қана қоймай [Дубровина, 1997], өзінің ұсыныстарының орындалуын қадағалап, көбіне коррекциялық, тәрбиелік және дамытушылық жұмыстарының психологиялық жақтарын жүзеге асырады. Практикалық психологтың міндеттері: баланың күрделі білім әлемін қабылдап, тануы, басқа адамдардың әлеуметтік қатынастары мен өзін тануын зерттеу болып табылады. Білім берудегі практикалық психологтың диагностика-коррекциялық іс-әрекеті өте жауапты, әрі күрделі. Мектеп психологы қызметінің нәтижесін пайдалануды реттеудің кейбір нормативтік принциптері И. В. Дубровинаның, А. Г. Лидерстің, Г. В. Бурменскаяның т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Психодиагностикалық зерттеулер тарихына үңілсек, «ақылдылық тесті» термині психологиялық әдебиетте 1890 ж. Дж. Кэтгеллдің мақаласында қолданылған. Неміс психологиясында психодиагностикалық зерттеудің түп төркіні ақыл есі кем балаларды зерттеумен және олардың оқудағы жетістіктерін анықтаумен байланысты. Психодиагностикалық өлшеудегі алғашқы тесттердің бірі 1892 ж. Крепелин жасаған нұсқасы еркін *ассоциация* тесті болды. Бұл тәсіл шаршаудың психологиялық салдарын, естің практикалық әсерін, шаршағыштық, алаңдаушылық және эмоциональдық бұзылуды анықтауда қолданылды. Интеллектіні өлшеудің түпнұсқасын А. Бине Т. Симонмен бірлесіп жасағандықтан, ол тест Бине–Симон шкаласы (1905) деп аталады. Кейінірек олардың негізінде барлық жас ерекшеліктерінің интеллектісін және мектепке дейінгілерден бастап ғалымдарға дейін білімділік деңгейін анықтайтын топтық тест жасалған. Ресейдегі психологиялық диагностиканы 1909 жылы Г. С. Россолимо . [Россолимо, Г. И. Психологические профили. М., 1910] жасаған. Ол тест қалыпты және патологиялық жағдайдағы психикалық процестерді сандық зерттеу әдісімен байланысты болды. Г. С. Россолимо өз әдісін «Кейбір қарапайым және күрделі жан прцесін сандық бағалаудың психологиялық профилін құру әдісі» деп атады. 11 психикалық процесстер: зейін және ерік психикалық тонусты сипаттайды; қабылдаудың нақтылығы, көру арқылы қабылдауды есте сақтау, сөздің элементтерін және сандарды есте сақтау (қабылдай білуді жүйеледі), түсіну, комбинаторлық қабілеттер ,

тапқырлық, елестету, байқағыштық, (ассоциативтік процестерді аттестаттау) 10 балдық жүйемен бағалады. Бұл әдіс Ресейде және шетелдерде кең танылған ақылдылықты өлшейтін тестер жүйесінің алғашқы нұсқасы болды.

Мектеп психологына қарағанда практикалық психологқа шынайы жағдайда ұзақ уақыт бақылау жүргізіп, мәлімет жинау өте қиын және көп еңбектенуді талап етеді. Ал арнайы психодиагностикалық әдістерді пайдаланып индивидтің психикалық қалпын нақты жағдайда жедел зерттеу нәтижесінде алғашқы кеңес беруге мүмкіндік болады. Бұл әдістердің мынадай ерекшеліктері бар:

- салыстырмалы түрде аз уақытта қажетті мәліметтерді жинау мүмкіндігі;
- жалпы адамның нақты кейбір ерекшеліктері туралы мәлімет алынады;
- тұлғаның жеке қасиеттері мен сапасын анықтауға мүмкіндік береді (мазасыздану деңгейі, өзін өзі бағалауы, зейінінің көлемі, ес);
- алынған сандық және сапалық ақпарат арқылы индивидті басқа адаммен салыстыруға мүмкіндік туады;
- психодиагностика әдісімен алынған ақпараттар психологиялық ықпал ету құралдарын таңдауға, олардың тиімділігін анықтауға пайдалы болумен қатар, индивид таңдаған іс- әрекет тұғааралық қатынастарын дамытуына пайдасын тигізеді;
- психодиагностикалық әдістер диагностикалық сапалардың құрылу принциптері мен табиғаты туралы білімге, сондай ақ психодиагностикалық процестердің заңдылықтарына және оның құралдарының сипатына негізделген.

Психодиагностикалық тесттер индивидтің дамуында жасына байланысты өзгерістерді, түрлі оқыту әдістерінің салыстырмалы тиімділігін, психотерапияның ықпал етуін, әлеуметтік бағдарламалардың әсерін, түрлі субъективтік және объективтік факторлардың тиімділігінің іс- әрекетке тәуелділігін анықтауда стандартты әдістер болып табылады. Осыған орай психодиагностикалық процедураларды пайдалануда оны ұйымдастыру принциптерін білмей қазіргі психологияның даму бағыттарын сәйкесінше түсіну мүмкін емес.

Психодиагностикалық әдістердің тиімділігі оларды дұрыс пайдаланумен байланысты. Жауапкершіліксіз немесе біліксіз эксперимент түргізуші зиян келтіруі мүмкін. Психодиагностикалық әдістерді дұрыс пайдаланбау немесе дұрыс түсіндірмеу зерттелуші үшін пайдасыз немесе зиянды болуы мүмкін.

Психодиагностиканың сатылары

Психодиагностикалық процедураларды пайдалануды ұйымдастыру принциптері диагностикалаудың негізгі сатыларының белгілі бір кезеңдермен жүргізілуін талап етеді, олар:

- диагностика жүргізудің мақсаты мен міндеттерін анықтау;
- диагностика жүргізу әдістерін таңдау (әңгіме, интервью,

диагностикалық ойындар, тесттік әдістер және т.б.);

психодиагностикалық әдістердің техникалық сипатын бағалау (зерттеу мақсаты мен міндеттеріне адекваттылығы, валидтілігі, сенімділігі, қиындық және нормалық дәрежесі, адаптациялануы, зерттелуші типіне, олардың жастарының ерекшеліктеріне сәйкестігі);

нұсқаулық талабының нақты орындалуы;

диагностикалық қорытынды жасауда эксперимент жүргізушінің әсерін барынша азайту (реакциялар, жауапқа ілікпе, мимика, қимыл, өзін ұстай білуі және т.б.);

тестілеу шартының мұқият сақталуын қадағалау (өткізілетін орынның тест жүргізу талаптарына сәйкестігі, кедергінің болмауы, уақыт және т.б.);

диагностикалау процесінде стандарттан тыс жағдаяттарды болдырмау;

сыналушымен байланыс және онымен өзара түсіністік, оның психодиагностикаға қызығушылығын тудыру;

психодиагностикалық ақпараттың конфиденциалдығын қамтамасыз ету;

өңдеу нәтижесін, баллдарды санау, түсіндіру және болжау, тұспалдау әдістемелік нұсқау бойынша жүргізілуі тиіс.

Психодиагностикалық зерттеудің қорытынды сатысы кәсіби және этикалық принциптерді сақтаумен байланысты [В. В. Столин *Общая психодиагностика*, 1987]. Психологтың нақты бір кезеңге қабылданған тестті пайдалану стандартынан ауытқуға құқы жоқ. Әдісті қолдану туралы және наразылықтарды психолог әдістемелік орталыққа жіберіп, оларды әдістерді келесі қайта қарауда ескеруін талап етеді. Зерттелушіге психолог міндетті түрде оның нәтижелері не үшін қолданылатынын ескертуі керек. Психодиагностикалық зерттеулер клиенттің қалпын бұзбауы және нәтижесінде моральдық – жағымды әсер қалдыруға жағдай жасауы керек.

Практикада өмірдің түрлі салаларында психодиагностикалық әдістер мен тесттер кеңінен қолданылуда. Психологемес маман тестті пайдаланғанда психодиагностикалық процедураларды жүргізудің ұйымдастыру принциптерін сақтауының өзіндік ерекшеліктері бар.

Осыған байланысты кезінде А. Анастаси кәсіби маман емес адамдар психодиагностикалық процедураны пайдалағанда мыналарды ескеруін талап еткен:

индивидтің тесті жан жақты түсінуі және зерттеу шартын сақтауы; белгіленген норма бойынша топтың ерекшеліктері туралы сенімділік, валидтілік туралы және т.б. ақпараттың болуы;

бір көрсеткіш түрлі себептерге байланысты әр адамда мүлде әртүрлі болатындықтан, тесттен өткізілетін индивид туралы жалпы мәліметтердің болуы;

зерттеудің нәтижесіне әсер ететін ерекше факторларды есепке алу

(тест жүргізудегі ерекше шарттар, зерттелушінің уақытша эмоциональдық немесе физикалық қалпы, оның алдын ала тестпен таныстығы) [Анастази, 1982, т. 1].

В. В. Столин мен А. Г. Шмелевтің еңбектерінде психодиагностикалық процедураларды маман емес адамдардың пайдалану жұмысын ұйымдастырудың принциптер жүйесі берілген.

Ол принциптер төмендегідей:

1. Қойылған міндеттерді шешу үшін міндетті және тиімді болып табылатын әдістерді пайдалануда практикалық психологияның сол саласы бойынша жұмыс істейтін психологтан алдын ала кеңес алу.

2. Ұсынылған әдістерді таңдау. Аттестатталған әдістер болған жағдайда, тек соларды пайдалану.

3. Егер методиканы пайдалану арнайы психодиагностика туралы білімді және арнайы дайындықты талап етсе басқа әдістеді таңдау немесе қажетті дайындықтан өту керек.

4. Күрделі әдістерді пайдалану нәтижесі мен өңдеуді санау процедурасы күрделі болса маман психологты қатыстыру немесе ондай тестті өткізуден бастарту.

5. Психодиагностикалық тестті жүргізуге ие болған адам автоматты түрде кәсіби құпияны сақтаудың барлық талабын орындауға міндетті.

6. Кәсіби маман емес – пайдаланушы зерттеу жүргізгенде зерттелушімен және басқа да қызығушы тұлғалармен этикалық нормативтерді сақтауы тиіс.

7. Пайдаланушы зерттелушінің сенімін падаланбай алынған ақпараттың қайда пайдаланылатыны туралы ескертуге міндетті.

8. Қажетті сенімділік және валидтілік көрсеткіштері, бірімәнді стандартты нұсқаулығы берілмеген жоғары білікті эксперттік әдістерді параллель қажет ететін әдістерді психолог емес мамандар пайдалана алмайды.

9. Психодиагностикалық тесттерді жүргізуде процедуралық нормаларды және этикалық талаптарды сақтау арқылы кез келген әдістерді пайдаланушы психологтарға оны қате қолдануды жоюға көмектеседі.

10. Психодиагностикалық әдістер мен тесттерді пайдаланушылар маман психолог немесе маман емес-пайдаланушы болсын барлық аталған талаптарды сақтауы міндетті. [Общая психодиагностика, 1987]. Жалпы кәсіби –этикалық талаптарды, ұйымдастыру принциптерін сақтап, сауатты пайдалану логикалық зерттеу әдістерінде психодиагностикалық процедураларды пайдалану ауқымын кеңейтеді. Психодиагностикалық процедуралар психологиялық кеңес беруде өзін өзі талдап, өзін өзі түсінуде тиімді құрал ретінде қолданылуы мүмкін. Олар адам қалпының динамикасын, эмоциялық реакциясын, стресске төзімділігін бағалауда пайдалануы мүмкін. Тұлғалық сапалар және бағдарлар да (тұлғалық талпынысы және өзін өзі бағалау деңгейі, құндылықтар шиеленісі және

элеуметтік бағдарлар) психодиагностикалық әдіс құралдары арқылы анықталуы мүмкін. Сөйткенмен, іс-әрекеттің салалары сияқты психодиагностикалық әдістерді және адамды зерттеуді жеткілікті әрекет деп түсінуге жол бермеу қажет. Практик - психолог нақты тұлға туралы тұтас мәлімет алу мақсатында бір тест тапсырмасын орындауда алынған нәтижені басқа мәселелерді шешумен де байланысты құрылымдауы мүмкін. Әрине, кәсіби маман болмаса бұлай істеуге болмайды. Психодиагностикалық процедураларды жүргізу үшін практик-психологтың мол клиникалық және тұрмыстық тәжірибемен байланысты психологиялық интуициясы мен дағдылары болуы талап етіледі. Психодиагностикалық зерттеуде клиенттің жағдайы, тест жүргізуге мотивациясы және оны қолдауының ескерілуі өте маңызды. Психодиагностикалық зерттеуді жүргізуде шартына мұқият назар аударып, олардың индивидуальдық мәліметтерінің нормативтерімен әсерлесу мүмкіндігін кәсіби салыстыра білу керек. Сонымен қатар практик-психолог өз жұмысында психодиагностикалық институттардың ережелеріне міндетті түрде сүйенеді. Ол ережелерде өлшенетін ауыспалылар мен өлшейтін құралдардың қасиеттері туралы, сондай ақ психодиагностикалық жұмысқа қойылатын кәсіби талаптар көрсетілген. Осыған орай практикалық психологияның басты мәселелері: *сенімділік, валидтілік және диагностикалық құралдардың дұрыстығы* тұрады.

3.2. ТЕСТТІК ӘДІСТЕРДІҢ СЕНІМДІЛІГІ

Психодиагностикалық процедуралар мен техникаларды ғылым мен практиканың сенімді құралына айналдыру көптеген мамандардың негізгі психометрикалық талаптарды қанағаттандыратын психометрикалық ретке келтіру, тесттерді құрылымдаудағы: *сенімділікке, валидтілікке, стандарттауға* тәуелді.

Психодиагностика туралы А. Анастази, А. Бодалси, В. Столин, А. Шмелев, К. Гуревич, В. Мельников және т.б. ғалымдардың еңбектерінде психодиагностикалық әдістердің сенімділігін анықтау құрылымдау және валидтеуді бақылаудың негізгі принциптері берілген. Оқу құралында психодиагностикалық тексеру жүргізуде практик - психологтың кәсіби біліктілігі үшін өте қажетті шарт болып табылатын базалық түсініктерді қарастырамыз. Психодиагностика ғылыми пән ретінде психологиялық білімнің төмендегідей үш саласын қамтиды:

Психологияның пәндік саласы психикалық құбылыстарды зерттеу мәліметтері;

психометрика – индивидуальдық ерекшеліктер мен диагностикаланатын ауыспалыларды өлшейтін ғылым;

практикалық пайдалану адамдарға мәселелерін шешуде көмек көрсету және сәйкесінше психологиялық қыпал етудегі психологиялық білім.

Психодиагностиканың әдіснамалық негізі психометрика болып табылады. Осы ғылым нақты психодиагностикалық әдістерді құру

технологиясын жасап, оларға қойылатын ғылыми талаптардың әдіснамасын анықтайды:

сенімділік – қайталап тест жүргізгенде нәтиженің қайталануы, тест бөліктерінің ішкі келісімділігі;

валидтілік – өзі диагностикалауға арналған қасиеттің тест нәтижесінде бейнеленуі;

анықтылық – зерттелушінің тесттің нәтижесін өз қалауына қарай өзгертуінен қорғалуы;

репрезентативтілік – популяцияда көпшілікті жалпы зерттеуге есептелген тесттерде кез келген индивидуалдық көрсеткіштердің орташа мәнінен ауытқуын бағалауға мүмкіндік беретін нәтижелерінің нормасы.

Бұл психометрикалық талаптар көбіне объективтік тесттерге және тұлғалық сұрақнамаларға қатысты, бірақ проективтік техникаларға сирек қолданылады.

Психологиялық әдістер мен тесттерді объективті бағалау олардың сенімділігін анықтайды. Психометрияда «сенімділік» термині зерттелушінің өзі алған көрсеткіштердің келісілгендігін білдіреді.

Берілген тест қаншалықты жарамды? Шындығында ол өз функциясын орындай ма? Бұл сұрақтар кейде ұзақ уақытқа созылған нәтижесіз дискуссия тудыруы мүмкін. А. Анастаси сендіру, субъективті қорытындылар бір жағынан тест мүмкіндігін асыра бағалауға әкелсе, екінші жағынан оған табанды қарсылықты тудырады деп санайды. Мұндай сұрақтарға жауаптың бір ғана түрі – эмпирикалық тексеру болып табылады. Психологиялық тесттерді объективті бағалау нақты жағдайдағы олардың сенімділігін және валидтілігін көрсетеді. Тесттің сенімділігі сол тест немесе оның формасына эквивалентті тестті зерттелушіні қайта тестілеудегі көрсеткіштерінің сәйкес келуінде.

Егер баланың IQ дүйсенбіде 110, ал жұма күні – 80, болса мұндай көрсеткішке сеніммен қарау қиын. Сол сияқты егер индивид 50 сөз қатарынан 40 - ын дұрыс анықтаса, ал басқа ұқсас эквивалентті қатардан – 20-ын анықтаса, бұл көрсеткіштердің ешқайсысы оның вербальдық түсінігінің көрсеткіші ретінде қарастырылмайды. Екі жағдайда да екі көрсеткіштің біреуі қате болып табылады. Бірақ оны қайта тестілеу арқылы ғана анықтауға болады.

Психологиялық тест жалпы игілікке айналуы үшін алдымен оның сенімділігін мұқият объективті тексеру керек. Сенімділік уақыт өзгерісіне, нақты тапсырманы таңдауда немесе эксперимент жүргізушінің немесе маманның тестік тапсырманы индивидуалды іріктеудегі және басқа да тестілеу аспектілеріне байланысты тексерілуі мүмкін. Бір тесттің өзі түрлі аспектіге өзгеруі мүмкін болғандықтан сенімділіктің типін және оны анықтау тәсілдерін нақты көрсету керек. Тесттің сенімділігін анықтауға қатысқан индивидтердің ерекшеліктері және сандары туралы мәлімет болуы қажет.

Бұндай ақпараттар тестті пайдаланушыларға ол қолданатын топқа

сенімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

А. Анастази сенімділік деп тест нәтижесінің сол зерттелушімен тестті қайталап өткізгенде алынған түрлі уақыт кезеңдеріндегі эквивалентті тапсырмалардың түрлі жинағымен немесе тексеруде шартты өзгерткендегі нәтижелердің сәйкестігін, келісушілігін айтады. Кең мағынада сенімділік тест көрсеткішінде индивидуалдық айырмашылық қандай деңгейде «шынайы», қайсысында кездейсоқ қате жазылғанын көрсетеді.

Арнайы термин тілінде бұл тест сенімділігін өлшеу қатенің дисперсиясы болып табылатын тест көрсеткішінің жалпы дисперсиясының мөлшерін бағалауға мүмкіндік береді.

Бірақ дисперсияны қате деп еспетеуге бола ма? деген сұрақ туады. Бір міндетке пайдаланылған факторлар бөтен болғанымен басқа мәселені шешуде «шынайы» ерекшеліктің көзі болып табылады. Мысалы, бізді көңіл күйдің өзгеруі қызықтырса, онда тест нәтижесінде эмоциялық қалыптың күннен күнге өзгеруі тестілеудің мақсаты болып табылады, ол шынайы дисперсия нәтижесі. Егер тест тұлғаның тұрақты сипаттамасын өлшеуге арналса, онда күнделікті ауытқуды дисперсия қателігіне жатқызуға болады.

Тесттің мақсатына қатысы жоқ кез келген шарттың өзгеруі дисперсияның қателігін арттырады. Сондықтан тест өткізудің бірыңғай шартын сақтау қажет (жалпы жағдайды қадағалау, уақыттық шектеу, сыналушыларға нұсқау беру, олармен қатынас жасау және басқа да тест сенімділіктері). Бірақ оңтайлы жағдайда ешбір тест абсолютті сенімді құрал болмайды. Сондықтан тест туралы стандартты мәліметтер жиынтығында сенімділік өлшемі берілуі керек. Мұндай шара зерттелушіні стандартты жағдайда зерттеудегі тестті сипаттайды. Сенімділікті К. М. Гуревич «өте күрделі және негізгі қызметі тесттік сынақтың тұрақтылық көрсеткіштерін бағалайтын көпжақты түсінік» деп санаған [Гуревич, 1981].

Сенімділік өлшеудің қателігін негіздейді деуге болады – ол айнаымалылы көрсеткіштің қай бөлігі қате екендігін көрсетуі тиіс.

Сенімділіктің барлық типтері екі тәуелсіз алынған көрсеткіштер сериясының бірізділік немесе келісушілік дәрежесін бейнелейді, олардың өлшемі ретінде *корреляция коэффициенті көрінеді*. Педагогтар мен психологтар үшін корреляция туралы нақты сипаттамалар В. Аванесов, А. Гусев, Ч. Измайлов, М. Михалевская және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде берілген. Практикада тесттің сенімділігін анықтаудың үш негізгі әдістері пайдаланылады:

- 1) қайталап тестілеу;
- 2) параллель тестілеу;
- 3) ыдырау әдісі.

Олардың әрқайсысын жеке қарастырамыз.

Қайталап тестілеу өлшеудің сенімділігін анықтаудың негізгі әдісі.

Зерттелушінің таңдамаларын қайталап тестілеу сол бір тест арқылы белгілі бір уақыт интервалында бірдей жағдайда жүргізіледі. Әдетте қайталап тестілеуді *ретест деп атайды, ал осындай тәсілмен өлшенген сенімділік – ретесттік сенімділік деп аталады.* Ретесттік сенімділікті бағалау сызбасы:

	Уақыттық	
Тест	←————→	Ретест
	интервал	

Бұл жағдайда сенімділік индексі ретінде екі тестілеу нәтижесінің арасындағы корреляция коэффициенті алынады.

Қайталап тестілеу әдісінің жетістіктерімен қатар кемшіліктері де бар.

Жағымды жағы сенімділік коэффициентін анықтаудың табиғилығы және қарапайымдылығы. Жетпейтін жағы екі өлшемнің арасындағы интервалдың анықталмауын жатқызуға болады. Уақыттың анықталмағандығының көрінуі қайталап тестілеудің алғашқыдан өзгеше болуына байланысты. Себебі қайталап тестілеуде зерттелуші тест мазмұнымен таныс болғандықтан, өзінің алғашқы жауаптарын есіне түсіріп, тестке қайтадан жауап беруде соған бағдарланады. Сондықтан қайталап тестілеуде алғашқы нәтижеге қиыстыру» немесе негативизм салдарынан «жаңа» нәтиже беріледі. Бұны болдырмау үшін нұсқаулықта ретестілік сенімділіктің қай уақыт аралығына сәйкес келетінін көрсету керек. Сонымен қатар ретестілік сенімділік уақыт арлығына байланысты азаяды. Барынша сенімді жоғары сенімділік коэффициенті тесттер арасындағы уақыттың ұзақтығымен байланысты. Сенімділік коэффициентінің жоғарылығының жеткіліксіз болуы уақыт интервалының дұрыс пайдаланылмауымен байланысты.

Параллель тестілеу Бұл жағдайда бірнеше рет өлшеу параллель немесе эквиваленттік тесттердің көмегімен жүргізіледі. Тесттің параллель деп аталуы психиканың бір қасиетін бірдей кәтемен тексерумен байланысты. Бұл жағдайда бір адам сол бір тесттің бірнеше нұсқаларын немесе эквивалентті тесттерді орындайды. Әдетте, сенімділіктің бұл типін пайдаланудың қиындықтары бар. Себебі бір тесттің бірнеше нұсқаларын зерттелуші олардың психологиялық біртектілігін байқамайтындай етіп құру өте қин. Мұнда жаттығудың бұрмалау әсерін толық жою мүмкін емес. Сонымен қатар туатын сұрақтар: сенімділіктің балама типі сынаудың эквиваленттілігінің параметірлерін көрсете ме, әлде тесттің сенімділігін көрсете ме? Сынақтың екі формасы бір типті константтық жағдайда жүргізілсе, тесттің өзінің сенімділігінің көрсеткіші емес, тестілеудің екі формасының эквиваленттілігінің көрсеткіштері өлшенеді. Бұл жағдайдағы өлшеудің қателігі тесттің құрылымының толқуы емес,

төзімділік бірігіп, сенімділіктің кешенді сипатын көрсетеді. Р. Б. Кэттелл оны *тұрақтылық* (*consistency*) деп атаған. Ол түрлі өзгерістерге қарамастан (белгілі бір шекке дейін) бір реткі көрсеткішін жалғастыру «дәрежесі: а) тест қолданылған көлем; б) ол пайдаланылған жағдай; в) ол қолданылған іріктеу құрамы».

Сонымен қатар, тесттік сынақты өткізетін тұлғаның сенімділігіне тікелей қатысты сенімділік типі болады. Тест жүргізуші тұлғаның сенімділігін бағалау екі түрлі экспериментаторларды сынауды тәуелсіз модельдеу көмегімен алады. Тестілеу нәтижесінің сенімділігі тесттің өзінің сенімділігімен қатар оны жүргізу процедурасымен де байланысты. Нәтиже мәліметтерін түсіндіруге әсер ететін мәнді фактор нақты іріктеудің ерекшеліктері. Іріктеудің барынша мәнді сипаты түрлі параметрлер бойынша әлеуметтік психологиялық біркелкілік, сонымен қатар жас және жыныстық ерекшеліктерді ескеру болып табылады.

А. Г. Шмелев сенімділікті тексерудегі әрекетті былай жүргізуді ұсынады [Общая психодиагностика, 1987]:

1. Пайдалануға ұсынылған тесттің сенімділігі туралы мәліметтердің бар жоғын, тексеру қандай популяцияда және қандай диагностикалық жағдаятта жүргізілгендігін білу. Білу. Егер тексеру болмаса немесе жаңа популяция мен жағдаят белгілері ерекше болса, төмендегі сілтемені ескере отырып, сенімділікті қайтадан тексеру керек.

2. Егер мүмкіндік болса барлық іріктеу стандартына қайтадан тест жүргізіп, келтірілген барлық тестке және жеке пункттеріне барлық коэффициенті қайтадан санау керек. Алынған коэффициенттерді талдау өлшенген қателіктерді қаншалықты ескермеуге болатынын түсінуге көмектеседі.

3. Мүмкіндік шектеулі болған жағдайда, тестілеуді іріктелгеннің бір бөлігіне ғана (30 кем емес зерттелуші) жүргізуге болады. Мұнда ішкі үйлесімді (ыдыру әдісі) және тұтас тесттің тұрақтылығын бағалау үшін рангалық корреляцияны қолмен санауға тура келеді. Бұл қарастырылған түсініктердің барлығы психодиагностиканың маңызды атрибуттары. Бірақ сенімділік көрсеткішінің жоғарылығы өздігінен тесттің практикалық құндылығын анықтай алмайды. Психологиялық тестиілеудің мақсатты нәтижесін өлшеуге мүмкіндік беретін маңызды фактор – валидтілік.

3.3. ТЕСТТІК ӘДІСТЕГІ ВАЛИДТІЛІК

Тесттің неге арналғанын шынайы өлшеу дәрежесі **Психологиялық тесттің валидтілігі**. Валидтілік өз функциясын қаншалықты дұрыс атқаруын тікелей бақылауды қамтамасыз етеді. Әдетте валидтілікті анықтау үшін тест өлшеуге міндеттілерді тұтас қамтитын тәуелсіз сыртқы критерии қажет. Тесттің валидтілігін анықтау үшін оны үлкен топпен жүргізу керек.

Тесттің валидтілігін анықтауға А. Анастаси мынадай мысал

келтіреді. Егер медициналық қабілет тесті медициналық колледжге түсушілерді іріктеуде қолданылса критеріі сол мекемеде олардың табысты оқуы болып саналады. Мұндай тесттің валидтілігін анықтау үшін талапкерлер колледжге түсіп жатқанда, үлкен топқа жүргізу керек. Олардың оқудағы нәтижелілігі, әр студенттің алған бағасы, оқытушылардың мінездемесі, қолжеткен жетістіктері немесе оқудағы сәтсіздіктері көрсеткіштер болып табылады. Бұндай көрсеткіштердің жиынтығы студенттердің бастапқы тесттік көрсеткіштерін білдіреді. Жоғары корреляция, немесе жоғары валидтілік *коэффициенті* жоғары көрсеткішке ие болған индивидтердің жетістіктерге қол жеткізгендерін, ал төмен көрсеткіштер олардың жетістігінің әлсіздігін көрсетеді. Тесттік көрсеткіштер арасындағы төменгі корреляция мәнсіз көрсеткіш болса, тесттің валидтілігі де төмен болады.

Валидтілік коэффициенті тесттік көрсетіштердің негізінде критериялық әрекеттің қаншалықты нәтижелілігін нақты анықтауға мүмкіндік береді. Мұнда А. Анастаси мынаған көңіл аударады: «Валидтілік тек тесттің өз функциясына сәйкестік дәрежесін ғана көрсетпейді. Шындығында ол берілген тестпен нені анықтауға болатынын көрсетеді. Сондықтан валидтіліктің нақты анықтамасы тестпен өлшенетінді анықтауға көмектесетін шара.

Тест көрсеткіштерін түсіндіру барынша анық және бір мағыналы болса, тестер үнемі олардың валидтілігі арылы бағаланатын критериялық мәліметтеріне сәйкес аталса күмәнсіз болады» [Анастаси, 1982, т. 1, 376].

Бұндай сәйкестіктің мысалына «оқуға қабілеттілік тесті» және «персоналды қызметке бөлу тесті». А. Анастаси психологиялық тесттерді пайдалануда бақылауды қажет ететін: а) тестті валидтілігін болдырмайтын, мазмұнының жалпыға қолжетімділігін болдырмау; б) тестті тек білікті экспериментаторлардың пайдалануына кепілдік беруді қадағалауды ескертеді. Мысалы, индивид түстерді ажырату тестінде дұрыс жауаптарды есінде сақтаса, бұл тестпен оның түсті көруін өлшеуге болмайды. Бұндай жағдайда тест валидтілігінен толық айрылады. Сөзсіз тест мазмұнын құпия ұстау көрсеткіштерді әдейі бұрмалаудың алдын алады. Хабары аз тұлғалардың әрекетінде де тест валидтілігін жоюы мүмкін.

Мектеп мұғалімі интеллект тестін шешуге өзінің класын жаттықтыруы мүмкін. Мұндай алдын ала дайындық тест көрсеткіштерін жоғарылатады, бірақ тест арқылы анықталатындарға ешқандай әсер етпейді. Бұндай жағдайда тест валидтілігінің болжау құралы ретіндегі мәні кемиді. Кез келген процедураның валидтілігін өлшеу алынатын нәтиженің объектінің өлшенетін қасиетіне қатысты, яғни өлшеу пәніне қатысты тұрақты болуы керек [Общая психодиагностика, 1987]. В. М. Мельников валидтілік пен сенімділік бір бірімен байланысты түсініктер екендігін көрсетеді. Тарихта инвалидті деп танылған тест бір қасиетті өлшегенде екіншісіне валидті болатыны белгілі. Сенімсіз тест валидті

бола алмайды, керісінше валидті тест үнемі сенімді болады. Тесттің сенімділігі оның валидтілігінен аз болмайды; өз кезегінде валидтілік сенімділіктен аспайды [Мельников, Ямпольский, 1985].

Қазіргі психометрияда валидтіліктің үш негізгі түрі көрсетілген:

- 1) мазмұндық (логическая);
- 2) эмпирикалық;
- 3) конструктивтік

Мазмұндық валидтілік (*content validity*) Оны көбіне логикалық валидтілік, немесе анықтамасына қарай валидтілік деп атайды. Мазмұндық валидтілік мамандардың пікірі бойынша тесттің валидтілігін көрсетеді.

Мазмұндық валидтілікті сыртқы валидтіліктің (*face validity*) айқындығынан ажырата білу керек.

Айқын валидтілік – зерттелушінің көзқарасы бойынша валидтілік. Айқын валидтілік зерттелушінің тест материалымен және нұсқаулықпен танысуы кезіндегі өлшеу пәні туралы қалыптасқан әсерін білдіреді. Айқын валидтілік зерттелушінің тексеруге қатынасын көрсететіндіктен мәнді болып табылады. В. Л. Аванесов зерттелушінің тесттің айқын валидтілігі болмағандықтан тесттен бас тартқаны туралы мысал келтіреді. Ол балық аулау флотында моряктар анкетада моряктар туралы, теңіз тақырыбында сұрақтың болмауына байланысты оны толтырудан бас тартқанын жазады [Аванесов, 1982]. Осы жағдайға байланысты айқын валидтілікті кей жағдайда «сенім-валидтілігі» деп те атайды. Мазмұндық валидтілікті анықтауда эксперттік әдістер қолданылады. Мұнда эксперттердің адалдығын және құзыреттілігін бақылауды назарда ұстау керек.

Олар: Л.С.Выготский, Ф.А.Рау, С.С. Ляпидевский және олардың ізбасарлары Р.М.Баскис, Ж.И.Шип, Р.Е.Левина және т.б. Осы аталынған ғалымдар түрлі зақымдардың белгілі бір деңгейлерін жеңіп шығуға болатындығына сенді және оны компенсация идеясына негіздеді. Мұндай идея үлкендердің, әсіресе афазия ауруын қалпына келтіру оқытуы түсінігінің деңгейінде де тұрды. Дегенмен балаларадағы түзету оқытуы үлкендердегі қалпына келтіру оқытуына стратегиялық және тактикалық жағынан едәуір айырмашылық бар.

Мұндай айырмашылыққа себеп – ол үлкендер мен балалардың психикалық іс-әрекетінің мидағы ұйымдасуына байланысты. Үлкендер миында локальданған функциялар, балаларда ұзақ мерзім бойы мида интеграцияланады. Олар мидың түрлі бөліктерінің бірлескен іс-әрекетінің нәтижесінде жүзеге асады және оны реттеп отыратын мидың алдыңғы бөлігі болса, ол психиканың орталық механизмін белсенді реттеп отырады. Үлкендер дағдылану нәтижесінде автоматтануға ие болып, есте сақталынғаны бойынша жүзеге асырса, балалар оны ойлау арқылы жүзеге асырады. Міне, осы себепті балаларды оқытуда негізінен ойлау процесінің белсендігі ерекше ескеріледі.

Алғашқы кезең — сипаттамалы, аномальды дамудың коррекциясында педагогикалық сұрақтармен медициналық ғылымдардың сипаттамасымен байланысты. Э. Сеген ақыл ойы жетілмеген балаларды тәрбиелеуде комплексті жұмыс істеуді ұсынған және балалардың ақыл ой және перцептивті дамуын диагностикалауда және коррекциялауда айрықша әдістерді ұсынған (әдістеме «Доска Сегена»). П.Трошин танымдық, перцептивті, мнемикалық процестерді зерттеуге бағытталған психодиагностикалық және психокоррекциялық әсерлердің айрықша әдісін ұсынған.

Екінші кезең — психокоррекцияның теориясы мен практикасының пайда болу сатысы. Психокоррекция бұл этапта психологиялық зерттеу жүйесіне эксперименталдық психологиялық әдістердің ендіруімен тығыз байланысты; коррекциялық жұмыс әдістері пайда болды. Бұл кезең М. Монтесоридің атымен байланысты. Ол баланың танымдық сенсомоторикалық процестерінің дамуына бағытталған коррекциялық материалдарды өңдеген. Оның теориясының негізгі бөлімі «бала дамуындағы сензитивті кезең концепциясы». Зертеушілер: А. Н. Граборов ерікті қозғалыс, еске сақтауды дамытуға бағытталған коррекциялық сабақ жүйесін өңдеген. В. П. Кащенко — балалардың қиын мінез құлықын коррекциялауға бағытталған педагогикалық коррекция әдістерін ұсынған.

Үшінші кезең Л.С.Выготскийдің атымен байланысты, ол аномальді дамудың біртұтас концепциясын жасап, коррекцияның негізгі бағыттарын көрсеткен және психокоррекцияның әдістемелік ұғымын жеке бағыт ретінде негізделуіне жол салып, сөйлеу, көру және есту ауытқушылықтары бар балаларға арналған психокоррекциялық және психодиагностикалық процедураларды өңдеген.

Төртінші кезең практикалық психологиялық интенсивті дамуымен байланысты. Бұл периодта нақты кемістіктері бар балаларға нақты арнайы психологиялық көмек жүйесі қалыптасады; арнайы және оқу мекемелерінде практик психолог қызметі енгізіледі.

Білім беру мекемесінде оқитын психикасының дамуы тежелген балалар әр уақытта нәтижеге жету үшін бақылаудан тыс қалмауы қажет. Сонымен бірге әр баланың физиологиялық, психологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, сынып жетекшісі, психолог, логопед, дефектолог және ата - ана тығыз байланыста болып, түзету жұмыстары тиімді жүргізілген жағдайда жұмысымыз нәтижелі болады. Психикалық дамуы тежелген балалардың ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, балаларды мүмкіндіктеріне қарай дамыту, оларға сеніммен қарап, жеке тұлға ретінде өмірге бейімдеу, оқытудың тиімді тәсілдерін іздестіру, пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі жұмыстар атқарылады.

Психологиялық түзету әдісі және оны ұйымдастыру мен қолдау

Психологиялық коррекцияны қолданудың жалпы бағыттары:

баланың эмоционалдық дамуының коррекциясы;

интеллектуалды және сенсо - перцептивті іс- әрекет коррекциясы;

жеткіншектермен балалардың мінез - құлқына психокоррекция;
тұлға дамуына коррекция.

Мектептегі балалардың проблемаларына қатысты: а) когнитивті іс-әрекеттің жетіспеушіліктеріне коррекция; б) эмоционалды ерікті сфераның кемшіліктеріне коррекция; в) мінез - құлық коррекциясы. Анықталған психокоррекция түрлері психологиялық коррекция процесін ұйымдастырушы мазмұндық бастамасының жүйелі бейнесін ұсынады. Баланың интеллектуалды дамуын коррекциялаудың міндеттері: сенсорлы қабілеттерді қабылдауын дамыту;

көрнекі образды ойлау және белгі символдық функциялар;

ес пен еркіті зейіннің алғашқы формалары. Ерекше бағытты сөйлеу дамуын коррекциялау құрастырады, ол өз кезегінде арнайы логопедиялық көмек шекарасында жүзеге асады.

Тұлғалық сфераны коррекциялау – онтогенездің қиын кезеңінің шарты мен пайда болған мінез құлықтың теріс қырларының профилактикасы мен коррекциясы. Қиын жас сәттеріндегі балалардың психикалық дамуындағы деңгейсізлік келесі негативті көріністерге жол ашады, яғни агрессия, қарама қайшы келу, асыра ерекелік, тартыншақтылық және тағы басқа. Бұл және басқа мінез құлық қырларын уақытында эффективті және тез коррекциялау балада олардың психикасында бекітілуіне және қайталануына жол бермейді.

Ақыл ойында артта қалушылығы бар мектепке дейінгі жастағы балаларды коррекциялау.

Негізгі коррекциялық міндет келесі іс-әрекеттерден тұрады: ақыл ойының артта қалушылығы байқалған мектепке дейінгі және одан ерте жастағы балалардың тапсырманы орындауда бағдарлана білуін қалыптастыру, осының негізінде заттарға деген қытанысын және олардың қасиеттеріне қызығушылық тудыру, осылайша оларды шынайы көруге бағдарлау.

Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін психологиялық түзету-дамыту жұмыстарының түрлері көп. Психологиялық түзету жұмыстарын жүргізудің принциптері төмендегідей:

баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтау;

шаршап кетпеуін қадағалау;

оқу әрекетін ойын түрінде ұйымдастыру, кеңістікті бағдарлауын дамыту;

ойын дағдыларын оқу әрекетіне аудару;

арнайы әдістемелермен оқытуды ұйымдастыру;

жылдық диагностикалық даму деңгейін салыстыру.

Сонымен бірге, балалық шақта балалардың жас ерекшелігіне сай пайдаланылатын әдістердің лайықты болуы сияқты ұстанымдар принципті түрде маңызды, ал бұл ересек ауруларда белгілі бір мәнге ие болғанымен де ол ең негізгісі болып табылмайды.

Сондай ақ бар дефектілерді компенсация жасауға зақымданбаған модалдықтарды таңдаудың өзіндік жасқа сай ерекшелігі бар. Функциясы бұзылған ересек ауруларда ауруына дейін ол қалыптасып және белгілі бір модалдықпен ассоциативті байланысты болып үлгерген. Осы байланыстар компенсаторлық мақсатқа сай қатыстырылады және пайдаланылады. Ал балаларда мұндай байланыстар жоқ, сондықтан оны тудыру керек.

Мұндай ереженің бір жағынан жағымсыз жағы болса, екінші жағынан жағымды жақтары да бар. Минусы – балаларда зақымдалған әрекеттің есте сақтау іздерінің болмағынанда, енді оны қайта жандандырудың маңызы жоқ. Плюссы – балалар миының көптеген бөлімдерінің функционалды бағындырылып үлгермеген, сондықтан балалар миы икемделгіш болады. Осымен байланысты олар функционалды «еркіндікте» болып табылады. Сол себепті ынталандырылған іс-әрекетке жеңіл кіріседі. Ал ересек адамдарада жаңа мақсатты шешуі ми құрылымына қатысты қиынға соғады. Ми аймағының алмастырушысы ретінде емес, тек келістіруші ретінде ғана қарауымыз керек. Балалар миының икемделгіш сияқты артықшылығын түзету жұмысының тіке және жанама әдістерінде пайдаланылады. Тікелей әдіс – жалпы педагогика, дидактика заңдарына қарай құрылып сәйкестенеді. Жанама әдіс – зақымдалған бөлім функциясын уақытша істен шығуына байланысты және басқа бөлімдерді (ализаторлар мен модальдық) қатыстыру, немесе қосымша кірістіруге қатысты болады.

Мидың нақты құрылымын таңдауда Л.С.Выгодскийдің жақын және алыс даму аймағы туралы ассоциативті байланыс ережесін және асып түсу дамуының мәнін ескеріп отыру керек. Ең соңғысында жаңа іс-әрекет түрі сол кезеңде меңгерілсе, ал алдыңғылары түпкілікті жасалынып бітпейді. Олай болса, түзету оқуында балаларда мыналар қатыстырылады:

- мидың функционалды ролі жағынан ең жақыны, және олай болса ең жақын ассоциативті байланыс;
- барынша алысы, бірақ зардап шеккен функцияға қатысы жоқ;
- асып түсу (опержающие) дамуын қамтамасыз ететін ми аймақтары.

Алыстағы аймақ пен (опержающие) асып түсу дамуын қатыстырылуы тек ең жақын даму шектен тыс бұзылғанда немес функционалды салғырт болғанда ғана қатыстырылады.

Балалар денсаулығының жағдайы тікелей психикалық дамуға қатысты екенін естен шығармауымыз тиіс. Сондықтан, баланың психикалық дамуында – дефектолог, логопед, сурдопедогог, олигофренопедагог және психологтардың жиі араласуын қажет.

Мысалға логопед – тіл бұзылушылығын жоюға араласады. Түзету жұмысында нәтижеге жету үшін медициналық қызметкерлермен қатар әлеуметтік қызметкерлердің ролі өте маңызды. Бұл мамандар тек емдеп тілдік даму ауытқылығын оқытып қана қоймай, балаларды жіберетін мекемелердің түрін айқындауы да керек.

Аталған мамандар бөлектеніп жұмыс істеуінде балаларға толық көмек бере алмайды. Психикалық және тілдік дамуындағы көптеген ауытқушылықты ертерек (сәбилік шақтан) дұрыс диагностикаласа кешенді әсер ету арқасында қысқа мерзім ішінде жоюға болады. Дегенмен, күрделі, ұзақ мерзімді емдік – психологиялық - педагогикалық іс-шараларды қажет ететін сәттер де кездеседі.

Мұндай жағдайда ең бірінші жоспарлау жұмысында балаларды өмір сүруге бейімдеу (адаптация) белгіленеді. Осы мақсатқа сай дүние жүзінің көптеген елдерінде ондай балалар арнайы мекемелерге қамтылады: бұл арнайы үйлер балаларды әлеуметтік қамсыздандыру мен мектептер – соқыр, керек, ақыл есі кем, тіл кемістігі барларға арналады.

Психодиагностикалық бағыттың негізіне адамның ойы, сезімі, мінезі санасы психикалық процестері детерминациясы алынып, З.Фрейдтің тұлға теориясына негізделген. З.Фрейд адам тұлғасын айсбергке теңеп «айсбергтің төбесі адамның санасын көрсетіп, су астындағы көрінбейтін санасыз бөлігінен тұрады» деп жазған. З.Фрейд тұлғаны мынадай үш компонентке бөліп қарастырған, олар:

1. «Ид» санасыз энергия резервуардағы либидо деп атады. Ид адаммен бірге туатын базалдық инстинкттер (қалау, импульстер эрос, рахаттану, секс және өлім инстинкті танатос). Ол өзіне қатысты агрессияны немесе деструктивтік агрессияны мотивтеуі мүмкін. Ид басқаның құқын, сезімін, әлеуметтік нормаларды ескермей өз қажетін жылдам қанағаттандыруды іздейді.

2 «Эго» Бұл ақыл «Эго» қоғам нормасын ескере отырып, инстинктерді қанағаттандырудың жолын іздейді. «Эго» тұлғаның орындаушылық билігі. Ол шынайы әлеммен ақылсыз талаптың компромисін іздейді.

3. «Супер эго» тәрбие процесінде дамитын компонент. Ата- анамен әлеуметтік құндылықтарды интернационализациялау. Инстинкт- (ид), ақыл-(эго) және мораль-(супер эго) өзара жиі келісе алмайды.

Психодинамиканың әдісі психоанализ. Психоанализдің негізгі екі міндеті бар:

а) Пациент интрапсихикалық, немесе психодинамикалық шиеленісті жете түсінуі (инсайт)

б) шиеленістің өзекті және интерпсихикалық қатынасқа әсерін бақылап, пысықтап отыру қажет.

Тұлға сапаларын диагностикалауда А.Адлердің индивидуалдық психологиясында (1927) «эдип комплексі» туа берілетін, әлеуметтің түрткісінен байқалатын «**толымсыздық комплексі**». Супер эго моралдық принциппен әрекет етеді, оның бұзылысы адамда кінәлілік сезімін тудырады. Нәтижесінде адамда интрапсихикалық және психодинамикалық шиеленістер туады. З.Фрейд осы шиеленіс сана, олардың табиғаты және шешу тәсілдері тұлғаның формасын көрсетіп, мінездің көптеген жақтарын көрсетеді. Тұлға қажеттіліктерін шешуінен бейнеленеді. «Эго» басты қызметі қорқыныш, кінәға қарсы қорғаныс механизмінің тууы. Қорғаныс

механизмі жағымсыз эмоциядан қорғануға көшетін санасыз механикалық талпыныс. Бұл шығару вытеснения, проекция, реакцияның тууы, интеллектуалдау, рационализациялау, жоққа шығару, сублимация. З.Фрейд бойынша невротикалық мазасыздану, санасыз импульстер қорғаныс механизміне, саналы әрекетке кедергі жасайды.

Адам сәтсздікке тап болса, невроз туады.

Келесі В.Н.Мясищевтің тұлғаға бағдарланған (реконструкцияланған) психотерапиясы

1. Феноменологиялық келісте әр адамда әлемді өзінше қабылдап, интерпетациялайтын қабілетке мән беріледі. Бұлар инстинкт, ішкі шиеленіс, орта стимулы адам мінезін детерминациялайды, немесе керісінше болуы мүмкін. Бұл келіс гуманистік бағытқа жатады.

Гуманистік психотерапия сүйенетін ұстанымдар:

1. Емдеу екі тең адамның кездесуі
2. Терапевт дұрыс жағдай жасаса пациенттің жақсаруы өзінен өзі жүреді
3. Дұрыс шарттың жаңа тәсілінде қолданған техниканың әсерінсіз пациенттің қатынас нәтижесінде қобалжуы

4. Пациент өзінің өмір салтына және мінезіне жауапты (толық)

Феноменологиялық терапияның танымал түрлері»:

К. Роджерс 1951 «клиентоцентрированная терапия», Фредрик Перлздің 1969

«гештальт терапиясы» Гештальт терапияның негізгі мақсаты — адамға толығымен өз күш-қуатын іске асыруға жәрдемдесу. Бұл басты мақсат қосымшаларға бөлінеді:

- 1) актуалды өзін-өзі сезінудің толыққанды жұмысын қамтамасыз ету;
- 2) бақылау локусының ішке қарай жылжуы, тәуелсіздік пен өз-өзіне жеткіліктілікті қолдау, мадақтау;
- 3) өсуге кедергі келтіретін психологиялық блоктардың табылуы және оларды жою.

Гештальт-терапияда психолог клиент тұлғасы «гештальтқа», бірыңғай тұтастыққа интегралданған «катализатор», «көмекші» және «жаратушы» ретінде қарастырылады. Психолог клиенттің жеке сезімдеріне тікелей енбеуге тырысады, ол осы сезімдердің айқындалуын жеңілдетеді. Гештальт-терапияда клиенттерге өзін жеке түсініктеме беру, бағдарлар құқығы, «серікті», өзінің мінез-құлқы мен өмірінің кестесін сезінуі кіретін белсенді рөл беріледі. Клиент ұтымды өтуден күйзеліске көшу керек деп жорамалданады, бұл жерде сезімдердің вербалдануы мыңызды емес, мұнда клиент шынында да сезімдерді сезініп, олар туралы жай хабарламай, олардың атынан сөйлейтіндей болатын актуальды күйзеліс үдерісінің өзін клиенттің қабылдауы мен тілегі.

Гештальт-кеңес берушінің басты мақсаты — клиентке әрдайым қоршаған ортадан жәрдем күтуінен құтылуға және тәуелсіздікке көшуге көмектесу. Гештальт-кеңес берушіліктерге өтілген клиенттер, алғашқы рет, негізінен, өз мәселелерін шешуге қызығушылық танытуда. Гештальт-кеңес

берушітар клиенттерге ағымдағы мәселелерді шешуде өздерін тірек ретінде ғана емес, сонымен қатар неғұрлым «шынайы» өмір сүруге көмек көрсетеді. Клиенттер дербес болуы үшін, олар өздерінің организмикалық экзистенциалдық орталықтарымен (мен — ол менің негізгі қалпым). Өзінің организмикалық «МЕНімен» немесе сезімдерімен қатынаста болатын адамдар өзін-өзі жігерлендіргіш немесе дербес болып табылады.

Гештальт терапия ұстанымдары:

- а) Фон және фигура
- б) Қазір осы жерде
- в) Полярлық
- г) Қатынасты бұзу механизмі
- д) Интроект өз бойындағыны басқаға телу. Алдымен анықтап алмай басқаға телуге болмайды.
- ж) Ретрорефлексия
- з) Жетілу және жауапкершілік

Роджерс 30 жылдары психодинамикалық терапиямен 10 жылдай айналысып, нәтижесінде оның тиімділігіне күмәнданған. Пациентті «түсінуге» барынша тырысудан формалды келістің нәтижелі екеніне көзі жеткеннен кейін «директивті емес терапияны», яғни пациенттің не туралы, қанша айтуына мүмкіндік берген. Бұл әдіс клиентке бағдарланған терапия деп аталған. 1930 ж. Соңында - 1940-ж басында американдық психолог К.Роджерс (1902—1987) кеңес берушілікке және психотерапияға деген жаңа, директивті емес көзқарас дамыған бірқатар еңбектер жариялады. 1940-ж. басында К.Роджерс оған «клиентке бағытталған» деген атау берді. Бұл экзистенциялық ағымның адамгершілікке бағытталуы. Бұл бағыт батыста кең дамыды, 1986 ж. кейін — кеңстік психологтар арасында да кеңінен қолданылды..

К.Роджерс өзінің психотерапевтік тәжірибесінде клиентті жеке тұлға ретінде бірінші орынға қойды. К.Роджерс ұстанымы басынан ақ адамға деген терең сыйластық, оның қабілетінің барына деген сенім болды. Бұл жеке тұлғаның оң өзгерістер шарттары айқындалып көрінетін психолог пен клиент арасындағы қатынастар болып құрылатын негізгі болжамы бар зерттеу болып жарияланды.

К.Роджерс тұжырымдамасының негізгі ұғымдары:

1. Эмпатия — толығымен «негізгі сөздер МЕН-СЕН» арқылы берілетін ұғым. Бұл клиенттің тікелей оң жеке қатынасы және оның феноменологиялық әлемді қабылдау арқылы қабылданып түсіндірілетін психологтың клиентке деген қатынасы.
2. Қамқорлық — клиенттің қандай да болсын күйінде актуальды жағдайына айқындалған дайындықпен көмекке келу және клиенттің жеке тұлғалық әлеуетін болжау арқылы қабылдау.
3. Конгруэнттілік — сезімдер мен пікірлер мазмұны арасындағы сәйкестік; мінез-құлықтың бір беттілігі.

4. Психологиялық климат — тұжырымдамадағы негізгі ұғымдардың бірі, себебі онда терапевттік қатынастар жиналған, кәсіби (олар жеке тұлғалық) білік пен қасиеттер психотерапиядағы тұлғаның оң өсуінің (өзгерісі) басты шарты болып қарастырылады.

5. Өзіндік (self)— тұжырымдамадағы орталық ұғым. Бұл ішкі қатынастар жүйесі.

Роджерс адамның өмірі мен дамуындағы шешуші рөлі ретінде МЕН-тұжырымдаманы жатқызады, яғни оның өзінің-өзі туралы көрінісі. Дәл сол МЕН-тұжырымдамасы (**өзінің-өзі туралы көрінісі**) кез келген жағдайда адам мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды.

Негізгі мақсаты — адамға «тұтас әрекет ететін тұлға» болуға көмектесу (К.Роджерс). Ең басынан адамның мәселелеріне емес, оның өзіне, оның «МЕН» дегеніне көңіл аударылады. Сондықтан психотерапияның басты мақсаты — жеке тұлғаның өсуіне, дамуына көмек көрсету, осының арқасында адам басындағы мәселелерді өзі шеше алады. Жеке-центрлік кеңес беруде клиенттер мен кеңес берушітар мақсаттары сәйкес келеді. Бұл мақсаттар Роджерс (Rogers, 1959, 1961), Уолкер, Раблен және Роджерс (Walker, Rablen, Rogers, 1960), Маслоу (Maslow, 1962, 19' Комбсаи Снигга (Cottz, Snygg, 1959) еңбектерінде сипатталады.

Психолог – кеңес берушінің рөлі— қандай да болсын рөлді ойнаудан бас тартып, өзімен-өзі болуға тырысу. Психолог – кеңес берушінің басты кәсіби міндеті — тиісті психологиялық климатты туғызу, клиенттің өзі қорғаныс механизмдерінен бас тартуына жағдай жасау. Сонымен бірге терапевт толығымен психотерапевт рөлінен шеттеліп, қатынас жасау мен терминдердің кәсіби әдеттерінен өзінің қарапайым және табиғи сезімдер мен ойларын білдіруге көшуі керек. Клиент тек қарапайым жолдастық қатынасты ғана емес, сонымен қатар терапевттің ой-пікірлердің моральдық бағалауынан толық босауын және клиент мінез-құлқын, яғни әңгімелесушінің өзін-өзі шын көрсетуін сезінуі маңызды.

Кеңес берушілік үдерістің жеті кезеңі жіктеледі:

1. ішкі қарым-қатынастың оқшаулануы (МЕН+хабарлама немесе жеке тұлғалық мағыналардың хабарламасы жоқ, мәселенің бары теріске шығарылады, өзгеріске деген тілек жоқ);

2. Өз ойын білдіре алу (клиент қабылдау атмосферасында өзінің барлық шектеулері мен салдарымен өз сезімдерін, мәселелерін аша бастайды).

3-4. өзін-өзі ашу және жалпы күрделілікпен, қарама-қайшылықпен, шектеумен және аяқталмағандықпен өзін клиент ретінде қабылдау үдерісінің дамуы.

5. феноменологиялық әлемге өзіндікке сияқты жатқызу үдерісі болады, — өзінің «МЕН» дегенінен жатсынушылық жойылады, және нәтижесі ретінде өзімен-өзі болуға деген қажеттілік артады.

6. конгруэнттілік, өзінің қабылдаушылық және жауапкершілік сапалары дамиды, еркін ішкі қарым-қатынас, орнығады, «МЕН» мінез-құлқы мен

өзін-өзі сезіну органикалық, сыртқы әсерсіз болады. Жалпы жеке тұлғалық тәжірибенің бірыңғай тұтастыққа интегралдануы болады.

7. Жеке тұлғалық өзгерістер сатысы, өзінің ішкі әлемінде ашылуы, психолог енді керексіз болады, психотерапевтикалық жұмыстың негізгі мақсатына жеттік — өзімен және әлеммен конгруэнттілік жағдайда болу, жаңа тәжірибеге деген ашықтық және “МЕН+шынайы” және “МЕН+идеалды” арасындағы шынайы теңгерім.

Жеке тұлғалық-орталық кеңес беру белгілі бір әдістемелерге сүйенбейді және клиенттер қызығушылығындағы кез келген әрекеттерді жасауды меңземейді. Роджерс «кеңес беру тиімділігі ең алдымен кеңес беруші мен клиенттің жеке өзара әрекеттесу сапасымен анықталады» деп есептеген (Rogers, 1962, 416). Жеке тұлғалық-центрлік кеңес беру кезінде клиенттермен бірге кеңес берушілердің де ойлары және сезімдерінің маңызы зор.

Роджерстің емдеуінің негізі (Роджерс триадасы) *санасыз жағымды қатынас, эмпатия, конгруэнтность*.

санасыз жағымды қатынас- Терапевт клиентке шынай қамқорлығын, адам ретінде қабылдауын, оның өзгеру қабілетіне сенетінін көрсетуі. Бірақ клиентке кеңес беру компетенциясы аз, сәйкес емес деген жасырын мәлімет беріп, оның өзіне сенімсіздігін тудырып, көмекке тәуелді етіп қотындықтан одан өзін тежеуі дұрыс.

эмпатия-клиентке жан жақты қарауды ұсынады. Клиенттің ішкі пікірін ойлау және сезінуін шоғырландыру

конгруэнтность-клиент пен пациенттің келісушілігі, үйлесімділігі

Мазмұнына байланысты келесі психологиялық коррекция түрлері бар: **тұлғаның ақыл ойының дамуының коррекциясы; эмоционалды бұзылыстармен невротикалық күйлерінің профилактикасы.**

Психологиялық коррекция барысында келесі жұмыс түрлері өткізіледі.

Ойынтерапия. Коррекциялық мақсатта ғана емес, сонымен қатар профилактикалық және психогигиеналық мақсатта қолданылады. Ойын терапиясының екі формасы анықталады: жеке және терапиялық. Егер балада қарым- қатынаста проблемалары бар болса топтық терапия тиімді болып келеді. Ойын терапиясында әртүрлі ойын материалдары қолданыс табады: «отбасы» ойны, қуыршақтармен ойын, құрылыс ойындары, жаттығу ойындары.

Арттерапия. Бейнелеу және шығармашылық іс- әрекет өнеріне негізделген арнайы психотерапия формасы. Оның мақсаты — өнер арқылы баланың өзінің танымы мен өзіндік бейнелеуін дамыту. Арттерапия психолог пен баланың символдық деңгейдегі қарым - қатынас құралы. Бейнелеу шығармашылығының образдары келесі сананың процестерін бейнеленеді, яғни қорқыныш, ішкі конфликт, еске алу, түстер, естеліктер. Арттерапия әдістемесі ішкі «Мен» сеніміне негізделеді, ол өз кезегінде көру образдарын адам сурет салып, пластилинмен илеген кезде бейнелейді.

Арттерапия кезіндегі сабақ ортасы кең, шуылдауға және қозғалысқа мүмкіндік береді, ал психолог олардың іс- әрекет процесіне араласпауы керек. **Топтық психотерапия** С.Славсен ұсына отырып балалардың белсенділігі қандай жағдайда көрініс алатыны маңызды Классикалық психологиялық талдауға төмендегі бес базистік техникасы кіреді:

- а) ерікті байланыстар әдісі;
- ә) түстердің мағынасын ашу;
- б) түсіндіру;
- в) қарсыласу талдауы;
- г) ауыстыру талдауы.

Ерікті байланыстар әдісі еркін ойға кездейсоқ түрде келіп, клиенттің кез келген күйзелісін айқындайтын ойларды жатқызуға болады.

Түстердің мағынасын ашу. Біріншіден, түс көру жарияланатын және жасырын (соңғысына «жабырқаңқы, астарлы түрде ұсынылған күйзелістер» кіреді”) мазмұнды болып ажыратылады. Екіншіден, түс көру кезінде эго-қорғаныс механизмдер әлсіреп, санадан жасырынған күйзелістер өз көрінісін табатынының маңызы зор. Үшіншіден, түс көру — жабыраңқы күйзелістердің айқын көрінісі ғана емес, сонымен қатар олардың қабылдауға және өзін-өзі ұстауға боларлық нысанға өзгеру үдерісі болып табылады. Түс көрудің дәл осы қызметін З.Фрейд «түс көру жұмысы» деп белгілеген.

Түсіндіру, яғни мағынасын ашу, талдауға үш процедура кіреді: эмоциялық сәйкестендіру (белгілеу), түсінік беру (жеке талдау) және клиенттің күнделікті өмір тіліне аудару.

Қарсыласу талдауы. Бұл техниканың негізгі қызметі— клиенттің өз эго-қорғаныс механизмдерін жете түсінуін қамтамасыз ету және дәл осы Эго қарсыласуы түрлі мәселелерді жете түсіну жолындағы негізгі кедергі болатынын есепке ала отыра, оларға қатысты қажетті конфронтацияны қабылдау. Қарсыласу талдауындағы маңызды жағдай оған төзу емес, өйткені психологиялық қорғаныс қажет, атап айтқанда, эго-қорғаныс қызметінің қажеті жоқ жерлерде бас жоқ, көз жоқ әрекет ететін, психологиялық механизм ретінде түсінуі.

Ауыстыру талдауы («трансфер»). Классикалық психоталдауда ауыстыру психотерапияның міндетті ерекшелігі ретінде негізге алынады және арнайы сарапшының ерекше ұстанымымен марапатталады (араласпаушылық, алшақтық, жабықтық). Талдау “ауыстыру неврозы” - психотерапияның негізгі сәті, себебі белгілерді түсінуге жәрдемдеседі, сол белгілер клиенттің мінез-құлқы мен күйзелістерін өмірдің алғашқы бес жылдық эмоционалдық жаралармен байланысты қатынастар мен күйзелістер қосылатын психотерапевт фигурасы елес сияқты болатындай анықтайды. Ауыстыру талдауының мәні мінез-құлықтың белгіленген формаларының түпнұсқалық психикалық-эмоционалдық негіздерді табуда, олардың түсінігін ашуда, сонымен қатар оларды қайта өңдеу мен жоюға көмек көрсетуінде болады.

Танымдық іс - әрекет күрделі құрылым, іс әрекетті жүзеге асырушы субъектіден операциянды мүмкіндіктерінің әртүрлілігін, адекватты құрал мен әдістерді қолдануды талап етеді. Мұндай жағдайда субъектінің индивидуалды және арнайы мүмкіндіктері алдыңғы планға шығады, және «индивидуалды стиль» ұғымын сипаттай отырып жүйедегі бас құрыламды анықтайды.

Жаңалықтарды зерттеуде адамға жаңа міндеттерді шешуге тура келеді, өзінің жеке қасиеттерін толықтай қолданып және кемшіліктерінің орнын толықтыру жағдайында ғана елеулі жетістіктерге жетеді. Б. Г. Ананьев іс - әрекеттің максималды сәттілігі екі факторлардың тығыз байланыс функцияларынан тұрады – тұлғаның бағытталуы және іс - әрекеттің индивидуалды стилі. «Оқу» және «оқу іс - әрекеті» терминдері өзара өте жақын болып келеді. Оқу іс - әрекеті танымсыз мүмкін емес. Арнайы ұйымдастырылған таным оқу, тәрбиелеу процесінің мәнін құрастырады. Бүгінгі күнгі дидактикада оқу іс - әрекеті танымдық іс - әрекеттің формасы ретінде қарастырылады, яғни жеке адами танымның ерекше формасы ретінде. Оқу іс - әрекеті әдетте оқу орындарындағы ұйымдастырылған оқытумен байланысты болып табылады және міндетті түрде мұғаліммен байланыста болып келеді. Оқу – басты, алайда оқушылардың әлеуметке бейімделудің жалғыз жолы болып табылмайды. Білім, дағды, біліктілікті, іс- әрекет тәжирибесі мен қатынастырады оқушылар оқу мекемесінен тыс, бөлек те үйрене алады. Танымдық іс- әрекет баланың әрбір қарым- қатынасында дами, мектеп ішінде де мектептен тыс та жүзеге асады. Баланың әр бір әрекеті өзі үшін танымдық актілер болып табылады. Яғни бұл мағанада баланың барлық іс - әрекеті танымдық іс - әрекетінің ерекше формасы ретінде қарастырылады. Д. В. Сочивко және В. А. Якунин танымдық іс - әрекеттің индивидуалды стилі деп танымдық іс- әрекеттің тұрақты индивидуалды құрал жүйесін және операция жасауды, яғни белгі деп анықтайды. ТИС (танымдық индивидуальды стиль) олардың ойынша тұрақты тұлғаның құрылым астысы болып табылады, танымдық іс - әрекеттің бар мақсаттарымен адамның жеке ерекшеліктерімен сәйкестенуін қамтамасыз етеді. Тұлғаның психологиялық қасиетінің жеке стилине байланысты және құрылымдық іс- әрекеті мен танымдық іс - әрекеттің индивидуалды стилінің өзара байланысы ТИС компонентін анықтайды:

мотивациялық компонент (танымдық мотивтер, танымдық қызығушылық, өзіндік танымдағы қажеттілік, өзіндік жетілдіру қажеттілігі, өзінің индивидуалдылығын дамыту қажеттілігі);

бағдарлық компонент (мақсаттар жүйесінің индивидуалды стратегиясы, бағдардың индивидуалды жүйесі және келе жатқан танымдық іс- әрекетті жоспарлау);

орындаушы (операциянды) компонент (қаланған танымдық әрекет жүйесі және операциясы, жолы, танымдық іс әрекетінің жеке өзіндік темпі, танымдық білім, дағды, бақылау әрекетінің ерекшеліктері)

тұлғалық компонент (өзіндік регуляция ерекшелігі, индивидуалдылықтың эмоционалды, интеллектуалды, еріктік, заттық тәжирибелік, экзистенциалды сфералары, темперамент ерекшелігі, психикалық процестердің өзіндік білімі, өзінің танымдық мүмкіндіктерінің білімі, рефлексия, автономдылық, бақылау, бағдарлы және орындаушы әрекеттің жеке өзіндік сәйкестенуі, тұлға тәжирибесі);

нәтижелік компонент (танымдық іс-әрекетінің нәтижесінің жеке өзінділігі).

Танымдық іс-әрекеттің негізіне психикалық процестер: сезгіштік, қабылдау, ес, зейін, ойлау, елестету, қиял жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР

Аванесов В. С. Композиция тестовых заданий". 3 изд. М.: Центр тестирования, 2002. -240с.

Акимова М. К., Гуревич К. М. Общая диагностика Учебник для вузов. СПб.: Питер, 2008. 652

Алешина Ю. Е. Индивидуальное и семейное психологическое консультирование. М., 1994, 2000.

Алешина Е. Ю., Гозман Л. Я., Дубовская Е. М. Социально-психологические методы исследования супружеских отношений. М., 1987.

Ананьев Б. Г. Избранные психологические труды. М., 1982.

Анастаси А. Психологическое тестирование. М., 1982. Кн. 1, 2.

Андреева Г. М. Психология социального познания. М., 2000.

Әбеуова И.Ә. Әлеуметтік психология. Оқу құралы. -Алматы: «Әверо», 2011.

Баженова О. В. Диагностика психического развития детей первого года жизни в норме и патологии: Автореф. дисс. на соискание уч. ст. канд. психол. наук. М., 1983.

Баженова О. В., Морозова Е. И. Диагностика психического развития детей в раннем онтогенезе (до 5 лет)//Практикум по патопсихологии. М., 1987.

Бажин Е. Ф., Голынкина С. А., Эткинд А. М. Метод исследования субъективного контроля//Психологический журнал. 1984. Т. 5. № 3.

Бажин Е. Ф., Голынкина Е. А., Эткинд А. М. Опросник уровня субъективного контроля (УСК)//Психодиагностическая серия. М., 1998. Вып. б.

Блейхер В. М. Клиническая патопсихология. Ташкент, 1976.

Блейхер В. М., Бурлачук Л. Ф. Психологическая диагностика интеллекта и личности. Киев, 1978.

Блейхер В. М., Крук И. В. Патопсихологическая диагностика. Киев, 1986.

Богомолова Н. Н. Социальная психология печати, радио и телевидения. М., 1991.

Болотова А. К., Попова Л. В. Практические задания по возрастной психологии. М., 1989.

Брунер Д. Психология познания. М., 1977.

Бурлачук Л. Ф. Психодиагностические методы исследования интеллекта. Киев, 1985.

Бурлачук Л. Ф., Морозов С. М. Словарь-справочник по психологической диагностике. Киев, 1989.

Бурменская Г. В., Обухова Л.Ф.; Подольский А. И. Современная американская психология развития. М., 1986.

Бурменская Г. В., Карабанова О. А., Лидере А. Г. Возрастно-психологическое консультирование. Проблемы психического развития детей. М., 1990.

Введение в практическую социальную психологию/Под ред. Ю. М. Жукова, Л. А. Петровской, О. В. Соловьевой. М., 1994.

Витцлак Г. Принципы разработки и применения психодиагностических методов в школьной практике//Психодиагностика: теория и практика. М., 1986.

Выготский Л. С. Избранные психологические исследования. М., 1956.

Выготский Л. С. Диагностика развития и педологическая клиника трудного детства//Собр. соч.М.,1983. Т. 5.

Гласе Дж., Стенли Дж. Статистические методы в психологии и педагогике. М., 1979.

Голомшток А. Е. ПрофорIENTATIONная работа в школе. Калуга, 1968.

Гриншпун И. Б. Введение в психологию. М., 1994.

Гришина Г. В. К вопросу о расположенности к конфликтному поведению//Психические состояния. Л., 1981.

Гуревич К. М., Акимова М. К., Козлова В. Т. Статистическая норма или психологический нормативу /Психологический журнал. 1986. № 3.

Гусев А. Н., Измайлов Ч. А., Михалевская М. Б. Измерение в психологии.М.,1997.

Гуткина Н. И. Психологическая готовность к школе. М., 2000.

Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. Москва, 1998

Диагностика психического развития/Под ред. И. Шванцары. Прага, 1978. Диагностика учебной деятельности и интеллектуального развития ребенка/Под ред. Д. Б. Эльконина, А. Л. Венгера. М., 1981.

Досмаева Г. Н., Лидере А. Г. Об одном способе адаптации теста «Способности к обучению в школе/Вопросы психологии. 1985. № 1.

Дружинин В. Н. Экспериментальная психология. М., 1997.

Емельянов Е. Н., Поварницына С. Е. Психология маркетинга. Формирование маркетингового мышления//Введение в практическую социальную психологию. М., 1994.

Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы: Оқулық. Алматы: «Дәуір», 2012.

Жуков Ю. М. Эффективность делового общения. М., 1988.

Жуков Ю. М. Позиция психолога-практика //Введение в практическую социальную психологию. М., 1994.

Запорожец А. В. Развитие произвольных движений. М., 1960.

Йирасек Я. Диагностика школьной зрелости//Диагностика психического развития. Прага, 1978.

Иргебаева Н.М. Басқару психологиясы Оқулық-Алматы,Нур-Принт,-2015.-352 б

Карвасарский Б. Д. Психотерапия. М., 1985.

Кендалл М., Стюарт А. Статистические выводы и связи. М., 1973.

Климов Е. А. Как выбрать профессию. М., 1984.

Ковалев В. И. Психологические особенности личностной организации времени жизни: Дисс. канд. психол. наук. М., 1979.

Ковалев Г. А. «Активное социальное обучение» как метод коррекции

психологических характеристик субъекта общения: Дисс. канд. психол. наук. М., 1980.

Котлер Ф. Основы маркетинга. М., 1990.

Кох И. Диагностика развития раннего и дошкольного возраста//Диагностика психического развития. Прага, 1978.

Кочюнас Р. Основы психологического консультирования. М., 1999.

Кулагин Б. В. Основы профессиональной психодиагностики. М., 1984.

Кэмбелл Д. Модели экспериментов в социальной психологии и прикладных исследованиях. М., 1980.

Леонгард К. Акцентуированные личности. Киев, 1981.

Леонтьев А. Н. Проблемы развития психики. М., 1972.

Личко А. Е. Психопатии и акцентуации характера у подростков. Л., 1983.

Личко А. Е. Патологический диагностический опросник (ПДО) для подростков. Л., 1983.

Лолер Дж. Коэффициент интеллекта, наследственность и расизм. М., 1982.

Лучшие психологические тесты для профотбора и профориентации. Описание и руководство к использованию/Под ред. А. Ф. Кудряшова. Петрозаводск, 1992.

Майерс Д. Социальная психология. СПб., 1997.

Макаров В. В. Будущее психотерапии//Московский психотерапевтический журнал. 1999. № 1.

Макаров В. В. Избранные лекции по психотерапии. М.; Екатеринбург, 2000.

Маришук В. Л., Блудов Ю. М. Методики психодиагностики в спорте. М., 1984.

Маркова А. К., Лидере А. Г., Яковлева Е. Л. Диагностика и коррекция умственного развития в школьном и дошкольном возрасте. Петрозаводск, 1992.

Маховер К. Проективный рисунок человека. М., 1996.

Мельников В. М., Ямпольский Л. Т. Введение в экспериментальную психологию личности. М., 1985.

Мэй Р. Искусство психологического консультирования. М., 1994.

Нормативные предписания к разработчикам и пользователям психодиагностических методики //Вопросы психологии. 1987. № 5.

Общая психодиагностика/Под ред. А. А. Бодалева, В. В. Столина. М., 1987.

Олпорт Г. Становление личности: Избранные труды / [Пер. с англ. Л. В. Трубицыной и Д. А. Леонтьева]; под общ. ред. Д. А. Леонтьева. М.: Смысл, 2002

Осипова А. А. Общая психокоррекция. М.: Сфера, 2002 - 510 с

Особенности психического развития детей 6–7-летнего возраста/Под ред. Д. Б. Эльконина, А. Л. Венгера. М., 1988.

Панфилова М. А. Игротерапия общения. Практическое пособие для

психологов, педагогов и родителей М.: Издательство ГНОМид , 2001. 160 с

Петев Г. Массовое общение и личность. София, 1984.

Петровская Л. А. Развитие компетентного общения как одно из направлений оказания психологической помощи//Введение в практическую социальную психологию. М., 1994. *Петрушин В. И.* Музыкальная психотерапия: теория и практика. М., 1999.

Поляков Ю. Ф., Стиваковская А. С. Психологическая коррекция: ее роль и место в профилактике заболеваний//Современные формы и методы организации психологической и психопрофилактической работы. Л., 1985.

Практикум по патопсихологии/Под ред. Б. В. Зейгарник, В. В. Николаевой, В. В. Лебединского. М., 1987.

Практическая психология образования/Под ред. И. В. Дубровиной. М., 1997.

Пряжников Н. С. Профессиональное и личностное самоопределение. М.: Издательский центр «Академия», 2008.

Психодиагностика: теория и практика. М., 1986.

Психологическая диагностика: проблемы и исследования/Под ред. К.М. Гуревича. М., 1981.

Психологическая служба в СССР: ее задачи и организация//Вопросы психологии. 1979, № 2-3.

Психологические и психофизиологические особенности студентов/Под ред. Н. М. Пейсахова. Казань, 1973.

Рабочая книга школьного психолога/Под ред. И. В. Дубровиной. М., 1991.

Реан А. А., Коломинский Я. Л. Социальная педагогическая психология СПб., 1999.

Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. М. 1994.

Роджерс К. Клиенто-центрированная терапия. М., 1997.

Роджерс К. Консультирование и психотерапия. Новейшие подходы в области практической работы. М., 2000. Руководство к применению теста структуры интеллекта Рудольфа Амтхауэра. Обнинск, 1993.

Руководство практического психолога/Под ред. И. В. Дубровиной. М. 1995.

Соколова Е. Т. Проективные методы исследования личности. М. 1980.

Стиваковская А. С. Как быть родителями. М., 1986.

Стиваковская А. С. Профилактика детских неврозов. М., 1988.

Сталин В. В. Самосознание личности. М., 1983.

Сталин В. В. Познание себя и отношение к себе в структуре самосознания личности: Дисс. докт. психод. наук. М., 1985.

Сталин В. В. Психологические основы семейной терапии//Вопросы психологии. 1987. № 6.

Сыэрд Ю. Проблемы психологической диагностики подготовленности к школе//Формирование школьной зрелости ребенка. Таллин, 1982.

Тобиас Л. Психологическое консультирование и менеджмент: взгляд клинициста. М., 1999.

Хайкин Р. Б. Арт-терапия. – СПб: Наука, 1992.
Управление персоналом/Под ред. Т. Ю. Базарова, Б. Л. Еремина. М., 1998.

Филиппов А. В. Работа с кадрами: психологический аспект. М. 1990.

Функции арт-терапии // <http://www.liveinternet.ru/users/nazarevich/post220038116/>

Черепанова Е. М. Саморегуляция и самопомощь при работе в экстремальных условиях. М., 1995.

Чистякова М. И. Психогимнастика. М., 1995.

Шерьязданова Х. Т. Психолог в детском саду. Алматы, 1997.

Шерьязданова Х. Т., Суркова Т. И. Педагогу о стиле общения с детьми. Алматы, 1997.

Шерьязданова Х. Т. Психология общения в дошкольном образовании: теория и практика. Алматы, 2015.

Шкала Марлоу–Крауна для исследования мотивации одобрения: Методическое письмо. Л., 1976.

Школьный тест умственного развития (ШТУР): Методические рекомендации по работе с тестом (для школьного психолога). М. 1987.

Шмелев А. Г. Что считать измерением?//Школьный психолог. 1999 № 47.

Шмелев А. Г. Откуда берутся ключи к тесту?//Школьный психолог 1999 № 48.

Шмелев А. Г. Почему тесты ничего не предсказывают или что такое валидность?//Школьный психолог. 2000. № 1.

Шпроо В. А. Позиции и стратегии работы психолога в организации//Журнал практического психолога. 2000. № 5-6.

Эмоциональные нарушения в детском возрасте и их коррекция//Под ред. В. В. Лебединского. М., 1990.

Abrams D., Hogg M. (eds.). Social Identity and Social Cognition. Oxford 1999.

Adapted from Greenberg J. Managing Behaviour in Organizations. N.Y. 1996.

American Psychological Association. Ethical Principles of Psychologists// American Psychologist. 1990. Vol. 45.

Basic Organizational Behavior. N.Y., 1995.

Brickenkamp R. Handbuch Psychologischer und Pädagogischer Tests. Göttingen, 1975.

Bower B. Emotional aid delivers labor-saving results. Science News, 139, 1991.

Bower G. How to remember?//Psychology Today. 62-70. 1973.

Byrnes J. F. The Political Behavior Inventory. N.Y., 1991.

Cattell R. B., Dreger P. M. Handbook of Modern Personality Theory. N.Y., 1974.

Cinirella M. The Concept of Possible Social Identities//European Journal of Social Psychology. 1998, 28.

- Comeili G.* Führung durch Motivation. München, 1995, B. 11.
- Denmark F.* Styles of Leadership // Psychology of Women Quarterly. Vol.2, 1997.
- Eagly A. H., Jonson B.* Gender and Leadership Style: A Metaanalysis // Psychological Bulletin. Vol. 108, 1990.
- Gluck W. F.* Personnel: A Diagnostic Approach. Rev. ed. // Dallas, 1978.
- Graham J. R.* The MMPI: A Practical Guide. N.Y., 1977.
- Hentze J., Kammel A.* Personalführungs Lehre: Grundlagen, Funktionen und Modelle. Bern. Stuttgart. Wien, 1997.
- Yuhl G.* Leadership in Organizations. Engelwood Cliffs. N.Y., 1994.
- Kieser A., Reber G., Wanderer R.* (Hrsg.). Handwörterbuch der Führung. Stuttgart, 1995.
- Kummerow E., Innex J.* Social Representations in the Organizational Context // Social Science Inf. Vol. 33 (2), 1994.
- Lussier R.* Human Relations in Organizations: A Skill Building Approach // Homewood, Irwin, 1993.
- Maslow A. H.* Motivation and Personality. N.Y., 1970.
- Matlin M. M.* The Psychology of Women. N.Y., 1987.
- Neuberger O.* Mikropolitik // Führung von Mitarbeitern. Stuttgart, 1991.
- Personalmanagement in Praxis. Köln, 1995.
- Psychodiagnostik in Theorie und Praxis. Bern, 1981.
- Richler M.* Personalführung: Grundlagen und betriebliche Praxis. Stuttgart, 1994.
- Robbins S.* Essentials of Organizational Behavior. Cliffs. N.Y., 1994.
- Rosenstiel L.* Motivation in Betrieb. München, 1972.
- Ross L., Nisbett R.* The Person and the Situation. Me. Graw Hill Publ. Company, 1991.
- Scheltgen P.* Führungspsychologie im Wandel. Wiesbaden, 1991.
- Triandis H.* Culture and Social Behavior. N.Y., 1994.
- Wanderer R., Grundwald W.* Führungslehre. Grundlagen der Führung. Berlin,

Оқу құралы

ИРГЕБАЕВА НАЗИЛЯ МҰҚАТАЕВНА

ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ

Жоғары оқу орындарына арналған

Басуға 05.09.2019 жылы қол қойылды. Қағазы көшірмелік.
Қаріп түрі «Таймс». Пішімі 60x84/16. Баспа табағы 11,25 бет.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс №81.
«Тұран-Астана» баспаханасында басылған.
Мекенжай: 010000, Нұр-Сұлтан қ., Ы.Дүкенұлы көшесі 29 үй.